Қазіргі таңда өзге тілдің фразеологизмдерін қазақ тіліне аударып, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау аударматанудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өзге халықтың мәдениеті, тарихы мен салт-дәстүрі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Алға қарай дамып, жаһандану заманында өмір сүріп келе жатқан соң, өзге елдермен тығыз қарым-қатынас орнатып, өзара байланыс ұстану халықаралық қатынастардың негізгі заңдылығы болып саналады. Ал осы халықаралық қатынастар, әрине, тіл арқылы, яғни аударма арқылы жүзеге асырылып жатқаны бәрімізге мәлім. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы – аударма. Корей-қазақ тілдері қарым-қатынасы негізінде сан алуан кітаптар мен әдебиеттер аударылып, ғылыми еңбектер мен мақалалар жарыққа шығуда. Солардың қатарын бүгінгі күні киноаудармалары да толықтыра түседі. Аударманың қай түрінде де фразеологизмдерді аудару талаптарын сақтау үлкен зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі аударма парадигмасы лингвистикалық теория шеңберінен шығып, пәнаралық бағыт ретінде дамуда. Аударма теориясындағы маңызды мәселелердің бірі аударма стратегиясы сияқты негізгі ұғымды анықтау болып отыр. Л. Венути аудармашының стратегиялық таңдауына ықпал ететін маңызды факторлар ретінде мәтіннің мақсатын, аудармашының интенциясын, оқырманның мінез-құлығын және түпнұсқаның тілдік және көркемдік сапасын айтады. В. Гете аудармадағы екі принципті атап көрсетеді: оның біріншісі аудармашының шетелдік авторды оқырманмен қауыштыруы, яғни оқырманның авторды өз жерлесіндей қабылдауы болса, ал екіншісі «аударма арқылы оқырман шалғай елге өзі бару керек», яғни ол автор тілінің мәдениетіне, ой-санасына икемделуі керек екен [1, 45]. Ф.Шлейермахер аударма барысында «бөгделену (отчуждение)» қажет екенін айтып, аударма мәтіннен бөгделікті танып біліп, оқырман осы бөгделікті сезіну керектігі жөнінде айтады. Оның пікірінше, аудармада сол түпнұсқа тілдің болмысы, ұлттық нақышы сезілу керек [2, 202]. Жоғарыда атап өткен екі стратегиялық бағыт қазір аударматануда *доместикация* және *форенизация* деп аталып жүр.

Доместикация (ағылшынша) – аудармашының аударманы қабылдаушы мәдениетке барынша жақындатуы болса, *Форенизация* – түпнұсқалық ерекшеліктерді барынша сақтап аудару.

XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап аударматанушы ғалымдар арасында екі стратегияның қай түрін қолдану қажеттігі жөніндегі дау тоқтаған емес. Доместикация стратегиясын қолдаушылар форенизацияны жақтаушыларын тіпті буквализм шеңберінен шыға алмайды деп айыптаса, аудармаға қатысты реалистік тәсілді қалыптастырған М.Л. Гаспаров аудармашы түпнұсқаның астарына үңіліп, шынайылықты көз алдына елестетіп, өз шығармашылығы арқылы бізге жақын, әрі құнды аударманы ұсыну қажет деген пікірмен доместикация стратегиясын қолдайды [2,203]. Шетелдік аударматанушылар арасында доместикацияны қолдаған Ю. Найданы атап өтсек, форенизация қолдаушысы ретінде Лоуренс Венутиді айта аламыз. Юджин Найда аудармашы өз стратегиясын таңдауда екі түрлі баламалық, формальды және функционалды тәсілге сүйенетінін айтқан. Біріншісі формальды баламалық стратегиясында хабардың өзі, құрылымы және мазмұны басты назарда болса, функционалды баламалықта баламалық әсер, яғни шетелдік оқырманға барынша жақындату басты назарда болады. Бірақ та Питер Ньюмарк Ю. Найданың бұл ұстанымын (функционалды баламалық) оқырманның мәтінді түсініп-қабылдау міндетін тым жеңілдететінін сынға алып, оны шектен шыққан доместикация деп бағалайды.

Лингвомәдени міндеттерді шешу барысында аудармашы қолданатын екі негізгі стратегияның анықтамасы болатын *доместикация* және *форенизация* терминін алғаш қолданысқа енгізген – Л. Венути. Оның пікірінше, доместикацияда адресаттың пайымдауы басты назарда болады, түпнұсқа мәтін көп қысқаруға ұшырағанмен, стратегия авторды оқырманға барынша жақындатады. Ал, форенизацияда өзге елдің тілдік және мәдени құндылықтары сақталып, оқырман авторға жақындайды. Л. Венути форенизация стратегиясы арқылы жасалған аудармада оқырман тарапынан түсінбестік болмайды деген шешімге келеді.

Киноаударма барысында аудармашының түпнұсқа тілдегі мәдени-ұлттық ақпаратты сақтай отырып аудару, яғни форенизация стратегиясын қолдану мүмкіндігі бола бермейді. Киноаудармашы аударма тіліне бейімдеп, доместикация стратегиясына жиірек барады. Доместикация стратегиясын мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, дұрыс қолдану киноаудармашының кәсіби деңгейімен де тікелей байланысты. Доместикация стратегиясына жол берген жағдайда да, фразеологизмдер аудармасында қабылдаушы мәдениеттің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін ескерілуі тиіс.

Айтылған аударма стратегияларын таңдау шешімі аудармашының қолында. Өзіне бейтаныс мәдениетпен таныс болатын көрерменге ұсынатын киноаударма барысында да аудармашы осы аталып өткен екі стратегияны қолданады. Басқа аудармадан ерекшелігі киноаударма барысында аудио және визуалды тәуелділіктің барын ескере отырып, доместикация немесе форенизация стратегияларының біреуін таңдау киноаудармашының жұмысын бірде қиындатса, енді бірде жеңілдетеді. Фразеологизмдерді аударуда аудармашының ең көп қолданатын тәсілі баламасын тауып, оның фразеологиялық мағынасын жеткізу. Ал егер де баламасын тауып жеткізу қиын болса, фразеологизмнің мағынасын экспликациялау. Бұл, әрине, доместикация стратегиясына сай беріледі. Адресатқа доместикация стратегиясымен оның баламасын тауып жеткізу фразеологизмді қабылдауды жеңілдетеді. Дегенмен, фразеологизмнің құрылымын, оның ішкі формасындағы образды, ұлттық колоритін сақтауда форенизация тәсілі ең ұтымды тәсіл болғанымен, киноаудармашы мұндай стратегияны қалаған кезде қолдана алмайды. Фразеологизм бейнематериал контексті арқылы түсіндіріліп тұрса ғана киноаудармашы ұлттық реңкті толық сақтай отырып беруі мүмкін. Мысалы:

항복: 그러니 초장부터 기운 빼지 말잔 걸세. .. 이제, 시작이니까. 자자자, 정월대보름일세. 한음도 귀밝이술 한잔 하시게. 그래야 귀가 트이지. [Hanbok: gironi chojanbuto kiuin peji maljan kolse...ije shijakinika jajja, jonyolteborimilse. Hanimdo kyuipalginsul hanjan hashige.]

Сөзбе сөз аударма:

Хаң Бок: Сені қолдаймын. Бірақ басынан бастап көп күш алып, шаршап қалғанымыз да жарамас.. Бүгін айдың толатын күні екенін білетін шығарсың. Кәне, құлақ ашатын шараптан алып қой. Сонда құлағың ашылады.

Киноаудармада:

Хаң Бок: Сені қолдаймын. Бірақ басынан бастап көп күш алу, шаршап қалғанымыз да жарамас.. Бүгін айдың толатын күні екенін білетін шығарсың. Кәне, құлақ ашатын шараптан алып қой. Қалай есінді жидың ба?

Бұл мысалдағы 귀가 밝다 [kyuiga palkta] [3,306] , «құлағы ашылу», фразеологиялық мағынасы «бәрінен хабардар болып отыру», «жыл бойы жақсы жаңалық есту» фразеологизмі калькалау әдісі арқылы берілген. Корей халқының 정월대보름 [chonyuol teborim] ауд. толған ай күнінің мерекесі ай күнтізбесі бойынша жаңа жылдың бірінші айының он бесінші күні аталып өтеді. Бұл күні корей халқы денсаулыққа пайдалы тағамдар, жаңғақтар жеп, бір-біріне жаңа жылда денсаулық тілейді. 천주 [chonju] чонджу (корей халқының ұлттық шарабы) осы мерекеде ішсең, құлағың ашылып, жыл бойы тек қана жақсы жаңалықтар естисің деген ырым бар екен. Осы ырымнан 귀가 밝다 [kyuiga palkta] «құлағы ашылу» фразеологизмі қалған. Калькалау әдісі арқылы аударылған бұл фразеологизмінің астарында жатқан мағынаны көрермен білмесе де, сериал желісі бойынша 정월대보름 [chonyuol teborim] ауд. толған ай күнінің мерекесі жайлы біліп отырған көрермен «құлақ ашатын шараптың» осы мерекемен байланысты «жақсы» шарап, жақсы ырыммен айтылғанын біліп отырған соң киноаудармашы форенизация стратегиясын қолданған. Егер фразеологизмнің мағынасын түсінуге контекст көмектесетін болса, кино барысында көрермен оның мағынасын өз бетінше түйсіне алса, онда бұл стратегияны пайдалану ұтымды.

Біздің тәжірибемізде корей халқының жаңа жылдық ырымдарымен тағы да бір мысал кездесіп, киносюжеттің желісі бойынша аудармашы форенизация стратегия арқылы аударуға жол берген:

명: 예예! 백성들은 대보름날 아침에 이렇게 더위를 판단니다. 그럼 여름을 무탈히 보낼 수 있다구요!

[Miong: Yee! Peksondirin deporimnal achime irokke doyuiril pandamnida. Girom yorimil mutalhi ponelsu ittagoyu].

Сөзбе-сөз аудармасы:

Жоң Мең:

- Иә, қарапайым халық бұл күні таң ата сала өзінің бойындағы ыстықтарын сатады екен. Сол кезде жазға дейін ауырмай жетеді деген ырым барын естідім.

Киноаударма мәтінінде:

Жоң Мең:

- Иә, қарапайым халық бұл күні таң ата сала өзінің бойындағы ыстықтарын сатады екен. Сол кезде жазға дейін ауырмай жетеді деген ырым барын естідім.

Өр халықтың мәдениетінде ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алу (қазіргі батыстың жаңа жылды қарсы алуынан бөлек) салт-дәстүрі қалыптасқан. Корей халқы да қытай халқы сияқты жаңа жылды аспандағы жаңарған аймен бастайды. Осындай салт-дәстүрден қалыптасқан сөз тіркестердің бірі 더위를 사가다 [doyuiril sa kada] – ыстықты сатып алу (мағынасы: жыл бойы жылы жүру) немесе 더위를 팔다 [doyuiril palda] – ыстықты сату (мағынасы: жыл бойы жылы жүр деген тілек).

Киноаудармада сөзбе-сөз аударма жасалған. Өйткені «өзінің бойындағы ыстықтарын сатады екен» деп аяқталған сөйлемнен кейін «Сол кезде жазға дейін ауырмай жетеді деген ырым барын естідім» деген фразеологизмнің түсіндірмесі бар [6, 81]. Мұндай жағдай киноаудармада жиі кездесе бермейді. Сөзбе-сөз аударма жасау арқылы аудармашы адресатқа корей халқы мәдениетіндегі ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алу (қазіргі батыстың жаңа жылды қарсы алудан бөлек) салт-дәстүріндегі ерекшелігін жеткізген.

Бұл сөз тіркестері корей халқының ай күнтізбесі бойынша атап өтетін «жаңа жылдағы толған ай» мерекесінде айтылатын тілектер. Өз бойындағы жылуды басқаға беріп, «жыл бойы жылы жүр, тоңып қалма» деген тілекпен айтылады. Корей халқының наным-сенімдерінде «толған ай» түсінігі ерекше тылсым күшке ие. Дәл осы мереке кезінде өткен жылдағы жамандықтан арылып, жаңа жылға тілек тілеп, қызыл түсі бар тағамдар жеп, қызыл түспен жамандықты аластау керек деген ырым қалған. Кез келген құбылысты жақсылыққа балау, ізгі дұға тілеу қазақтың табиғатында кездеседі. «Ай көрдік, аман көрдік, бұрынғыдай заман көрдік» деп айдан айға аман жеткеніне шүкіршілік етсе (ал шүкіршілік тек Жаратушыға айтылады), «ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқа» деп тағы да Жаратқаннан жәрдем сұраған.

Форенизация стратегиясына қатысты тағы да бір киноаударманы қарастырып көрейік:

현우: 사채를 빌려다가 세계여행을 갔다 왔으면 빨리빨리 갚아야지!

이런 거북이 등껍질 같이 생긴 자식이랑 이런 꼴 같지 않은 연애 노름하라고 가만 놔둔 줄 알아?[Henu: Sacheril pillyiodaga segeyohenil katta yassimyuo palli palli kapaiajii. Iron **kobugi dinkopjil kachi sengin jashikiran iron kol kachi anin yuone norimharago Kaman nyuadun jul ara**].

Сөзбе сөз және киноаудармада:

Хен У: *Шетел аралап саяхаттап келгеніңді біз білмей жүр деп ойлайсың ба? Демалып, ел аралап келген екенсің, енді ақишаны қайтар. Мына **тасбақаның сауытындай** біреумен қымбат мейрамханада мәз болып, тамақ ішіп отырғаның не?*

Бұл мысалдағы **거북이 등껍질 같이** [**kobugi din kopjil kachi**] ауд. *тасбақаның сауытындай, фразеологиялық мағынасы «ұсқынсыз, сиықсыз», «көріксіз»*. Фразеологизмнің ішкі формасындағы образ – тасбақаның сауыты (панцирь) – ұсқынсыз жігітке қарата айтылған бейне көрініс арқылы нақтыланып, көрерменге түсінікті болып отыр, сондықтан аудармашы фореизация арқылы калькалау тәсілін қолданып тікелей аударған. Әдетте Қиыр шығыс халқының таным-түсінігінде тасбақаның өзі – ұзақ өмірдің, парасаттылықтың, ақылдылықтың символы, алайда бұл фразеологиялық тіркес астарындағы бейне тасбақаның өзі емес, оның сыртындағы сауыты, яғни адамның көріксіз бет-келбетін тасбақаның сыртқы сауытына теңеу бар. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерде тасбақа көріксіздікті емес, жайбасарлықты білдіріп, ақырын қозғалатын адамға қатысты қолданылатыны белгілі.

Фореизация стратегиясын пайдалану шектеулі, ол бейнематериалдың өзінде визуалды түсіндірме болған кезде ғана қолданылуы мүмкін. Біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылған 500 мысалдың тек 10-ында ғана осы стратегияны қолдану мүмкіндігіне ие. Себебі аталған стратегия жаппай «қазақыландыруға», «жергіліктендіруге» апарар еді, корей мәдениетінің ерекшелігін мүлде жоғалтар еді. Басым жағдайларда аудармада көрермен қабылдауына икемдеп, доместикация стратегиясы қолданылды. Фильмдегі кейіпкердің сөйлеу ерекшелігіне, артикуляциясына бейімделе отырып аударма жасау – киноаудармашының жұмысындағы басты кедергі, шектеу. Егер ауызша аудармада фразеологизмді түсіндіру, ал жазбаша аудармада сілтеме ретінде түсініктемесін беру мүмкіндігі болса, киноаудармашыда мұндай мүмкіндік жоқ. Қазақ тіліндегі баламасын тауып, аудару киноаудармашы тарапынан үлкен сақтықты талап етеді. Әсіресе қазақшаға аударылған фразеологизмнің құрамында ұлттық реалийдің болмағаны дұрыс, себебі корей мәдениетіне тән ерекшелікті «қазақыландырып», қазақ ұлттық реалийлерімен беретін болсақ, онда көрермендерде жаңсақ пікір қалыптастыру қаупі бар. Мысалы:

대풍 내가 지금 소리 안 지르게 생겼어, 사람이 출근을 하면 쳐다를 보고, 사람이 말을 하면 대꾸를 해야 할 거 아냐. 집안에서나 집 밖에서나 여자들이 말야 똥하니 소 잡아 먹은 귀신처럼 말을 안하고 있으면 나보고 기분이 좋으라는 거야 나쁘라는 거야[tepun nega jigim sori an jirigo sengyuosso. Sarami chulginil hamyuion chedaril pogo sarami maril hamyuion dekuril heia hal ko aniyuia. Jibanesonajip pakkesonajip yuoadiri mariya tunhani so jaba mogin gyuishinchorom maril an hago issimyuo napogo gibuni joiranin gaia napiranin goia].

Аудармасы:

Тэ Пуң: - *Енді басқа не істейін? Таңертең жұмысқа кірген кезде амандаспақ тұрмақ, бетіме де күліп қарамадың ғой. Бүгін осы әйелдерге не болған. Әйелдердің **бәрі ренжітіндей** мен соншама не істедім?*

Бұл мысалдағы **소 잡아 먹다**[so jaba mokta], [4,443] фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы *сиыр ұстап, жеп қою*, ал фразеологиялық мағынасы *«(біреуге) жамандық жасау», «қылмыс жасау», «ренжіту»*. Аталған фразеологизмнің қазақ тіліндегі баламасы ретінде *біреудің ала жібін аттамау* идиомасын атауға болады. Алайда көрермендерде қазақ дүниетанымындағы қиындық пен сәттілік, ақ пен қара секілді қарама-қайшылықтардың символы ретіндегі *ала жібін* корей халқының дүниетанымында да бар екен деген жаңсақ түсінік қалыптасуы мүмкін. Сондықтан фразеологизмдерге балама іздеуде ұлттық-мәдени жүк арқалаған реалий сөздері бар фразеологизмдерді балама ретінде қолданбаған дұрыс. Алайда корей фразеологизмдерін қазақ фразеологизмдерімен ұтымды ауыстыру мүмкіндігі де жиі кездеседі. Мысалы, ұлттық телеарналарда көрсетіліп жатқан корей телехикаяларының көрермен саны мен аударма сапасын бағалау мақсатында жүргізген сауалнамадан біз *«Қазақша мақалмен сөйлетіп қойған корей телехикаялары құлаққа жағымды естіледі»* деген жауаптарды көп кездестірдік. Демек, көрермендер доместикация стратегиясы арқылы жасалған киноаударманы жақсы қабылдайды, оған іш тартады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мынадай мысал келтірейік:

형섭: *어머니는?*

정애: *사돈어른이랑 드시겠쥬*

형섭: *두 분이 그래도 금슬이 좋으시네. 어?*

Киноаудармада:

Хең Сон: *Апам қайда?*

Жоң Э: *Құдағимен бірге тамақтанып отыр.*

Хең Сон: *Екеуінің **дәм-тұздары жарасып** қалыпты.*

Бұл мысалдағы **금슬이 좋다** [gimshiri jotta] фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы *«Комунго мен Сыл аспабының жарасқан үні»*. Бұл корей фразеологизміне аудармада балама ретінде қазақ тілінің *дәм-тұзы жарасу*

фразеологизмі ұтымды қолданылған. Негізгі идея берілді, бірақ корей фразеологизмінің ішкі формасындағы образдылық - корей халқының көнеден келе жатқан *거문거* [komungo] Комунго және *슬* [sil] Силь сияқты ұлттық аспаптарының бір-бірімен үндескен әдемі дауысы – көрерменге жетпей, тек қана аудармашының тілдік қорында қалып қойды. Ұлттық нақышты, реңкті жеткізу мүмкіндігінің шектеулігі – бұл доместикация стратегиясының кемшілігі. Тағы да бір мысал:

역조 바라, 양양아! 니는 애 주렁주렁 달린 한주한테는 봄날 춘향이만큼 사랑살랑 거리면서, 나한테는 왜 이라노? 이 오빠야 쉽다. [Okcho Buara, yangyanga! Ninin e jurongjurong dallik hanjuhantenin pomnal chunhyuiani mankim sallansallan korimyuonso, nahantenin ye iranp? I oppanin sophada]

Аудармасы:

Окчо: - Маған қарашы, Хан Жуды көргенде **сыпайы, биязы болып** отырасың, ал мені көргенде неге өзгеріп кетесің?

Бұл мысалдағы *봄날 춘향이만큼* [pomnal chunhianmankim], [3,1761] сөзбе-сөз аудармасы: «*көктем күніндегі Чунхянгдай*», фразеологиялық мағынасы «сыпайы, биязы». Бұл фразеологизмдегі Чунхянг – прецедентті есім, корей халқында Чунхянг туралы аңыздарда Чунхян атты кәнізактың қызы мен ақсүйектің ұлы арасындағы махаббаты туралы айтылған. Аңызда суреттелген биязы, сұлу Чхунхынның бейнесінен шыққан фразеологизмнің киноаудармада мағынасы ғана беріліп, тілдік колорит, өз махаббат көктемде кездестірген Чхунхынның сұлу да көрікті бейнесі туралы ақпарат жойылып кеткен. *봄날 춘향이만큼* [pomnal chunhianmankim], [5, 61] «Көктем күніндегі Чунхянгдай» фразеологизмін аударып, ізденген киноаудармашының жұмысы аудармада көрінбей қалады.

Айтылған аударма стратегияларын таңдау шешімі аудармашының қолында. Өзіне бейтаныс мәдениетпен таныс болатын көрерменге ұсынатын киноаударма барысында да аудармашы осы аталып өткен екі стратегияны қолданады. Басқа аудармадан ерекшелігі киноаударма барысында аудио және визуалды тәуелділіктің барын ескере отырып, доместикация немесе форенизация стратегияларының біреуін таңдау киноаудармашының жұмысын бірде қиындатса, енді бірде жеңілдетеді. Фразеологизмдерді аударуда аудармашының ең көп қолданатын тәсілі баламасын тауып, оның фразеологиялық мағынасын жеткізу. Ал егер де баламасын тауып жеткізу қиын болса, фразеологизмнің мағынасын экспликациялау. Бұл, әрине, доместикация стратегиясына сай беріледі. Адресатқа доместикация стратегиясымен оның баламасын тауып жеткізу фразеологизмді қабылдауды жеңілдетеді. Дегенмен, фразеологизмнің құрылымын, оның ішкі формасындағы образды, ұлттық колоритін сақтауда форенизация тәсілі ең ұтымды тәсіл болғанымен, киноаудармашы мұндай стратегияны қалаған кезде қолдана алмайды. Фразеологизм бейнематериал контексті арқылы түсіндіріліп тұрса ғана киноаудармашы ұлттық реңкті толық сақтай отырып беруі мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): учеб. пособие. – Изд. 5-е. – М.; СПб.: 2002. – 416 с.

2 Шелестюк Е.В. Гриценко Э.Д. О форенизации и доместикации в переводе и возможностях лингвистической оценки // Вестник Челябинского государственного университета. Филологические науки. – 2016. – №4 (386). – С. 202-207.

3 엷센스 국어사전, 민중서림 . - 도서출판, 2009. – 2854 p.

4 김 문 수. 현대의 국어 연구사 1945-1998.- 서울, 도서출판, 2009. – 573 p.

5 조현용. 우리말로 깨닫다. - 도서출판 한우. – 2009. – 201 p.

6 정말 궁금한 우리말 100 가지. – 도서출판. – 2006. – 221 p.

哈萨克斯坦阿拜国立师范大学
博士 沙吉达·艾提哈孜

Айтқазы Сажид
PhD доктор

Resume

Every ethnic group has its own view toward color. This article discusses the symbolic meanings of main colors in different cultures, illustrating that the usage of color wordes is, though arbitrary, full of rich cultural meanings in Khazak, English and Chinese languages.

Key words: color, concept, symbol, theory of the five elements, white, black, red, yellow, blue, green.

Аңдатпа

Түр-түс концептісіне байланысты символдар мен халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі – рухани мәдениеттің негізі. Тіл тек ойды білдірудің немесе оның тікелей көрінісі ғана емес, ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан этнопсихологиялық, дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал. Бұл мақалада түр-түс концептісінің қазақ, ағылшын, қытай мәдениетіндегі символикасы және оның аудармада берілу жолдары айқындалды.

Тірек сөздер: түр-түс, концепт, символ, “бес түпкі элемент” ілімі, ақ, қара, қызыл, сары, көк, жасыл.

颜色词在汉语、英语和哈萨克语中的文化语义对比并翻译

颜色词不仅反映着颜色的物理属性，也折射着社会属性和时代特征。颜色词是各种色彩观念的语言符号。人们对颜色的感受不可避免地受本民族文化传统的影响，并随着文化的演变而变化。颜色词具有强烈的民族文化特征，每个民族都有自己的颜色观。颜色词在言语生活中具有各种附加的象征意义，与社会文化心理相联系，并不是纯粹的色彩词汇。在不同的民族文化中，同一种颜色可以有相同的象征意义，同时也可以表达不同的文化心理，引起不同的联想，具有不同的文化内涵。

任何一种语言的词汇系统，都会受到民族传统，社会状况，宗教信仰，地理环境，风俗习惯等诸多文化因素的影响和制约。汉语、英语和哈萨克语自然也离不开前述文化因素的种种影响和制约。人们的实际生活与颜色息息相关。人类的生活离不开颜色，人类的语言自然也离不开颜色词。颜色词是语言词汇系统的重要组成部分，人类语言里有许许多多表示颜色的词语，汉语、英语和哈萨克语也都有上百个表达颜色的词语，并且分成基本的七色彩虹：红、橙、黄、绿、青、蓝、紫。但不同民族，不同文化，不同社会集团或社会阶层对各种颜色却有着不同的感知，从而使颜色的联想，象征意义更为丰富多彩。前述文化因素的种种影响和各民族所处的自然环境，生活方式，风俗习惯等差别，也会使他们在重视哪些色彩的区分上有不同之处，所以不同的语言往往有不同的基本颜色词。汉族人对色彩分类可以说“红、黄、蓝”、“红、黄、蓝、白、黑”、“赤、橙、黄、绿、青、蓝、紫”、“青、红、皂、白”等等。在汉语中，基本色有：红、橙、黄、绿、青、蓝、紫七种；而英语中的基本颜色词是：black, white, red, green, blue, 和 brown; 哈萨克语中的基本颜色词是：ақ (白), қара (黑), қызыл (红), сары (黄), көк (蓝), жасыл (绿), қоңыр (暗褐色的, 咖啡色的, 棕色的); 有一些民族只区分深色和浅色，有的只分黑、白、红三中颜色。

人们对颜色产生的感觉，联想，会引起人们的感情变化，使颜色这一符号具有感情价值，并传递出丰富的文化涵义。不同的风俗和语言表达习惯也使得颜色在汉语，英语和哈萨克语语义上存在不少差异，本文试图着重比较汉语，英语和哈萨克语中的颜色词可能具有的多种象征意义，有相同的，也有不同的。

要了解中文里颜色的象征意义，首先要了解一点中国的阴阳五行说，因为这五种色彩在五行说里各有固定的指代和意义。阴阳说形成于夏朝，它认为阴阳两种相反相对的气是天地万物泉源。阴阳相合，万物生长，在方位则是东、西、南、北四方，在气候则为春、夏、秋、冬四季。五行学说也是中国古代人民创造的一种哲学思想。由于人类文化存在着共性，以及文化相互渗透趋同的影响，尽管这三种语言有不同的文化背景，但是往往会赋予某中颜色以相同的象征意义。例如：白色—纯洁、简单、清白、希望、真；红色—热烈奔放，象征喜庆和奋进；绿色被看作是生命之色，它象征着生命、青春、平衡、和平和生命力。蓝色恬淡宁静，令人想到孤独、沉思、独立和平静，它是真理和和谐的颜色。

黑色—悲痛、绝望、死亡、罪恶、虚伪、非法活动。黑与白是一对反义词。自古以来，黑与白便是黑暗与光明的象征。在圣经中，黑暗象征邪恶与妖魔，光明则是上帝，真理和美德的象征。white 和 black, 在英语中无论有意无意 white 常带有明显的褒义，而 black 则是带有贬义，如：“white lie” (善意的谎言)，而 “black lie” 则是指恶毒的谎言 (诽谤)。西方文化黑色常代表“坏的”和“反面的”意义，而白色代表“好的”和“正面的”意义。死神通常被描绘成披着黑袍，手持镰刀的骷髅。在《圣经》里，黑马代表饥谨。

英语里黑色 (black) 意味着“恐怖和神秘、不幸、不吉利”，如：“black letter day”; “black magic” (巫术，妖术); “black ox”; “black heart” (黑心肠，心毒); 表示不幸、不吉利。这一点与中国人和哈萨克族的联想意义相近。哈萨克语：“қара басы” (倒霉的); “қара жүрек” (黑心肠); 中国人在喜庆的日子里特别忌讳黑色，黑色是不吉利的颜色。另外 “black market” (黑市); “black list” (黑名单); “black money” (黑钱，非法获得的钱) 等词语都表明 “black” (黑) 与坏的、邪恶的、秘密的、非法的特征相联系。这跟汉语和哈萨克语是同样的意思。英语里 “black sheep” (黑绵羊) ‘给家族或集团败坏声誉的分子’指某人干的事情让人无法接受，违背传统; “black magic” 黑魔法 (为了作恶而施行的魔法); 黑色还能用来表示恶劣的心情，倒霉的处境，暗淡的前景等。例如：“black future” (暗淡的前途); “black period” 或 “black days” (不幸的日子); 汉语和哈萨克语中“黑”，“қара” 往往也是与邪恶，罪恶联系在一起，如：黑心、黑手、黑幕等。哈萨克语：“қара жүрек” (黑心), “қара ниет” (黑心肠), “қара бет” (不要脸的), “қара басы” (倒霉的) 等等。

同时，黑色也象征着庄重，威严和尊贵，黑色礼服是西方最崇尚的传统服装，在庄重的正式场合身穿黑装以显示庄严和肃穆。随着中外交流的扩大，西方的一些礼俗不断地影响中国，中国人也渐渐习惯在正式场合穿黑色礼服。与汉语不同的是哈萨克语中“黑”(қара) 有尊贵，公道的象征。如：“қара шаңырақ” (大房，长辈房), “қара қылды қажару” (主持公道，仗义拆言); 黑色在英语里也有表示褒义的，例如：“in the black” 是商业用

语，意思是公司有盈余。这个成语来自公司记载盈亏数字的帐簿上所用的墨水颜色。盈余数字使用黑色墨水记载，而亏损数字则用红色墨水等张。因此有人说他的生意出现了赤字(in the red), 那就是说他的生意亏损了。在西方黑色是哀悼，葬礼的颜色。黑色有一种很强的心理效果，意味着悲哀和不幸，在英美黑色也是丧事的标志，人们参加葬礼时一般穿黑色礼服，表示庄重和对死者的哀悼。“black job”(葬礼); “in black”(穿黑衣、穿孝服); 这一点与哈萨克族的联想意义相近。哈萨克语: “қара жамылу”(哀悼，服丧); 在中国黑色往往也与死亡有关，汉族人悼念死者时习惯佩带黑纱，灵堂布置也以黑色为主，在中国白色同时也是丧失的标志，汉族人习惯穿白色的孝服。

正因为黑与白是一对相反色，所以汉语，英语和哈萨克语中都有词组用黑色和白色来表示“截然相反”的意思，如，英语: “in black and white”(汉语: “黑白分明”不是好就是坏); 哈萨克语中: “ақ-қарасы анық”, “ақ-қарасын ашу”, “ақты-қарасын ашты”; 汉语: “混淆黑白”, “黑白不分”, “以白为黑”, “颠倒是非”, “不分白皂” 哈萨克语中: “ақ-қараны алмастыру”, “ақ теріні қара тері қылды”。

白色— 纯洁、简单、清白、希望、真实。白色是真理和美德的象征。白色代表“好的”和“正面的”意义。白色的鸽子常被世人誉为和平的象征。这一点在汉语，英语和哈萨克语有相同的象征意义。如: 英语里, “white lie”(‘白色的谎言’是为了避免伤害他人而撒的谎), “white magic”(‘白魔法’是为了行善或治病救人而施行的魔法), “white hope”(有希望成功的，指望成功的人); 哈萨克语中: “ақ жүрек”(忠诚的、赤诚的), “ақ ниет”(真心实意，真心), “ақтың отын ақымақ сөндірмейді”(蠢才难灭真理之火), “ақ жолтай”(吉利的、吉祥); 汉语: “襟怀坦白”; “精惯白日”; “平白无辜”; “一清二白”;

颜色词传递着不同民族的人们关于生活的知识及其对生活的态度。哈萨克族自古以来以白色为尊。“白色”在英美文化中也是真理和美德的象征。英美文化中“白色”也可指人的清白。婚礼上新娘一般要着白色婚纱，头戴白色面纱。白色是贞洁的象征。文学，美术描绘的天使也着白衣。在《圣经》里，白马代表耶稣基督教指挥下的正义之战。我们从以下的颜色词可以看出颜色词在不同文化中表现出的相同的象征意义。英语: “white than white”(纯洁，清白); 哈萨克语中: “сүттен ақ, судан тұнық”(纯洁，清白); 汉语: “清白如水”; “白璧无瑕”; “白水监心”; 与西方文化不同的是在中国白色同时也是丧失的标志，汉族人习惯穿白色的孝服。如: “红白喜事”红: 指结婚，做寿之类的喜事。白: 指高寿者病逝的丧事，又叫喜丧。泛指婚丧之事。

红色— 红是火与血的颜色，象征着热情、活力、意志力、力量。中国是个崇尚红色的国家。中国人喜欢红色，因为它象征着喜庆、欢乐、吉祥、积极和革命。比如结婚叫“红喜事”，生了孩子要请人“吃红蛋”，兴旺、热闹叫“红火”。红色还表示顺利、成功。比如: 开门红、满堂红、走红运、上红榜、演红了、唱红了。送礼物时，红色表示恭喜或庆贺，橘黄色表示吉利，粉红色表示温情，蓝色表示希望。西方人对“red”一词没有这样的感情。在西方的很多国家它却象征着危险。

中国人以红色为贵，源于古代的日神崇拜。太阳从东方升起，它那火红的颜色和炎热的高温颇为古人以神秘莫测的感觉，由此，古人产生了对红色的崇尚。这一点与哈萨克族的联想意义相近。在中国达官贵人的住宅是“朱门”，他们穿的衣服是“朱衣”，显贵们坐的车子也称“朱轩”。红色象征着喜庆，成功，忠诚，温暖和兴旺等。戏曲中用红颜色脸谱象征忠义，耿介的品行。举行婚礼时新娘要穿红衣服。传统婚礼上的红喜字，红蜡烛、红头盖、新娘的大红袄，不但给婚礼带来喜庆的气氛，更让人联想到婚后的日子会越过越红火。

“红”对汉族来说，是喜庆象征。姑娘婚礼中穿红，比喻红火，喜庆吉祥。而在英美人眼里，“a girl in red”(穿红衣服的姑娘)容易联想到堕落的女人。英美的“白”是纯洁的象征，姑娘婚嫁穿白，比喻纯洁、无暇、像天使。而汉族则在葬礼中穿白，比喻守孝，致哀。如: “红白喜事”这一成语中的，红: 指结婚、做寿之类的喜事。白: 指高寿者病逝的丧事，又叫喜丧。泛指婚丧之事。

由于文化背景的差异，红色在汉语里有一些英语里所没有的象征意义。红色在汉语中表示健康: 红光满面、红扑扑的脸庞、面色红润。中国古代常用“红颜”，“红粉”指面容姣好的女子，如: “红粉青蛾”; “红颜薄命”; “红光满面”; “唇红齿白”; 这一点与哈萨克族的联想意义相近。如: “қызыл шырайлы”(红光满面), “қырмызы қызыл жібек боз бала”(面容姣好的青年男女)“红男绿女”, “қырдың қызыл түлкісіндей”(漂亮的女子), “қызың көзі қызылда”(姑娘都爱美), “түлкінің қызылдығы өзіне сор”(谚: 狐狸的皮毛越好看越给自己带来灾祸)。英语中 red(红)几乎没有与“女子”有关的引申义, 因此上述词组译成英语时不能直译, 而要注意其内涵义。

在政治方面，汉语，英语和哈萨克语中的红色都有革命的意思，在英语，说到 red(红)人们就联想到激进分子，工人运动，社会主义和共产主义，左翼等等。在英美早在 1848 年，当巴黎的工人在红旗之下战斗时，红色就与革命联系在一起。在中国，尤其是“革命”期间，“红”这种颜色象征革命。比如: “又红又专”(be red and expert)、红旗(red flag)、红心、红星、红宝书、红色专家。这一点与哈萨克语是相同的。当然，这个意义在三种文化中感情色彩是不一样的，在中国红色会引起人们骄傲自豪的情绪，中国人一般红色为荣。比如: 开门红、满堂红、走红运、上红榜、演红了、唱红了。

在哈萨克族文化中红是太阳与火的颜色。红色也是哈萨克族文化中的尊贵颜色之一。这跟文化背景有着很大的关系。

“红”这种颜色词在汉语，英语和哈萨克语中都表示内心的某中思想感情，如: 不好意思，难为情，嫉妒，愤怒。红色汉语中常指发怒，比如: 跟朋友红了脸、脸红脖子粗、“面红耳赤”(害羞或羞愧); 英语: “a red face”(尴尬而脸红; 窘迫), “red as a turkey cock”(因发怒或尴尬)面孔通红(红得像雄火鸡), “as red as a beetroot”(因愤怒，难堪

或觉得热而)脸红;哈萨克语:“бетіне қызыл жүгіру” 1.面色红润 2.脸红(害羞);“нарттай қызару”(羞得脸红,通红的)意思一样,也是形容一个人很害羞的样子。汉语中红色表示嫉妒,比如:见钱就眼红,“红眼病”表示嫉妒之义,并非普通眼疾,哈萨克语中的“қызыл көз”(红眼睛)也有同样的引申意义。而英语里则绿色与妒忌相关。如:“green with envy”(妒忌的发绿);“the green-eyed monster”(绿眼妖魔);在莎士比亚的《奥赛罗》里,伊阿哥对奥赛罗说: O! Beware my lord, of jealousy;

It is the green-eyed monster which doth mock
The meat it feeds on.

(哦,老爷,您要提防妒忌啊!

它是个绿眼睛的妖魔,

在吃人之前,先把人戏弄一番。)

黄色—黄色是太阳与火的颜色,又是黄金和金属的颜色。“黄”在哈萨克语,汉语和英语中的联想意义和引申意义有很大差别。黄色是中华民族的代表色。如:黄河、黄土地、黄米、黄龙、黄皮肤。汉语“黄色”,其联想意义具有“双重语义”特征。一方面,中国人以黄色为尊。《说文解字》云:“黄,地之色也”。黄色是中央之色,帝王之色。黄河被誉为中华民族的母亲河,黄河流经的黄土地是中华民族文明的发祥地。黄色象征着至高无上的权力和地位,象征着帝王的威严,因此皇帝登基也称“黄袍加身”,从唐代到清代,黄色一直是历代帝王的垄断色,明清的故宫,太庙及其他皇家建筑,则一律取黄色屋顶。

另一方面,随着时代的变迁与社会习惯的改变,“黄”色在汉文化中的尊贵地位也如“黄鹤一去不复返”,其语用意义有了很大的改变。现代中国,人们习惯用黄色象征低级趣味,腐朽庸俗的文学艺术作品,如:黄色小说、黄色歌曲、黄色录像、黄色电影、黄色书刊、黄色音乐、黄书、扫黄等等。但是,英语中那些严重色情倾向的,不是用黄色,而习惯用 blue (蓝)来形容。如:色情笑话叫做“blue jokes”(蓝色笑话);小范围内观看的色情影片叫做“blue films”(蓝色影片)。

英美文化中“黄”色象征妒忌、背叛、怯懦。在某些基督教的美术作品里,犹大披黄袍。英语里,黄色报纸,黄色新闻并非指与色情有关,而是指编造和夸大事实,制造轰动效果以吸引读者的报纸或新闻。如:“yellow journal / yellow press”不能从字面上理解为黄色报刊,而是指那些故意以耸人听闻的报道吸引读者的报纸,与色情没有关系。

英语中黄色(yellow)因为是黄金的颜色,所以有时用来象征金钱。如:“yellow boy”(黄孩)指金币;另外“黄”色在汉语,哈萨克语和英语中有时来指消瘦,憔悴,因生病或惊吓脸色发生变化。如,汉语:“面黄肌瘦”;英语:“yellow about / around the gills”(面色发黄)指有病容;英语中“yellow streak”形容“胆小、懦弱”(面色性格)。哈萨克语:“сары ауру”(黄病、黄疸性肝炎);“сары жамбас болу”(卧床不起);“сары уаыымға салыну”(重重的忧虑);“黄”在哈萨克语和汉语中有相同的引申意义。如,哈萨克语:“сары ауыз балапан”(黄口小儿);汉语:“黄口小儿”;“黄发垂髫”等。此外,哈萨克语中有“сары дала”(广阔的平原),“сары майдай сақтау”(保存很久),“сары майдан қылшық суырғандай”(认真仔细),“сары сүйек құда”(老亲家),“сары дала”(广阔的平原),“сары жұрт”(游牧中的旧地、旧居)等引申意义。

总之,颜色词在人们的心理上具有光明与黑暗、吉和凶、喜与悲等象征意义,它从一个侧面透视着不同民族的文化心理。我们从语言和文化层面上颜色词象征意义的异同可以看出这三个民族的文化差异,同时这三种文化的差异也决定了颜色词这一词汇系统在不同的文化中表现出相同或不同的象征意义。不同民族的语言反映和记录了不同民族特定的文化风貌。

参考文献

- 1.《英美民间故事与民俗》/郝澎著. —海口:南海出版社,2004。
- 2.《简明英汉成语大词典》/李中和李亚舒著. (Concise English-Chinese Idioms Dictionary), —青岛:青岛出版社,2006。
- 3.汉语色彩词的文化审视/骆峰著. —上海:上海辞书出版社,2003.12。
- 4.《英汉语言对比研究》/何善芬著. —上海:上海外语教育出版社,2002, -353。
- 5.《英语词汇学高级教程》/汪榕培著. —上海:上海外语教育出版社,2005, 236-237。
- 6.《哈汉辞典》/努尔别克·阿布肯著. —北京:民族出版社,2005。
- 7.《成语大词典》/编委会编. —北京:商务印书馆,2006。
- 8.《汉语惯用语词典》—北京:外语教学与研究出版社,1988。
- 9.《Oxford Idioms Dictionary》(《牛津英语习语词典》), —北京:外语教学与研究出版社,2005。
10. Ә. Қайдаров, З. Ахтанбердиева, Б. Өмірбеков “Түр-түстердің тілдегі көрінісі”. Алматы., “Ана тілі” 1992. - 83 б.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚУ ҮДЕРІСІНЕНДЕ АУДАРМА ІС - ӘРЕКЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Г.Алиханқызы
(Казахстан, Алматы)

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу үдерісі барысында студенттердің коммуникативтік және аударма қызметінің қалыптастырудың жолдары анықталып, әдістемесі жасалады. Оған сәйкес педагогикалық процесс ұйымдастырылса, онда студенттер дұрыс аудару және өзара қарым-қатынас әдістері арқылы, басқаны түсіне алатын коммуникативті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздер ұғымдарын зерттеу проблемасы тұрғысынан анықталады.

Түйін сөздер: студент, аударма, коммуникатив, қарым-қатынас, процесс, оқу үдерісі.

Резюме

В статье рассматриваются пути и методы формирования коммуникативной и переводческой деятельности студентов в процессе высшего учебного процесса. В соответствии с этим был организован педагогический процесс, в котором студенты были определены правильные переводы и организация взаимоотношений, определены с точки зрения проблемы изучения понятий научно-теоретических основ формирования коммуникативной культуры, которые могут понимать другое.

Ключевые слова: экономика, Казахстан и Россия, экономика

Ключевые слова: студент, перевод, коммуникатив, общение, процесс, учебный процесс.

Resume

The article deals with the ways and methods of formation of communicative and translation activity of students in the process of higher educational process. In accordance with this, the pedagogical process was organized, in which students were identified the correct translations and organization of relationships, defined in terms of the problem of studying the concepts of scientific and theoretical foundations of the formation of communicative culture, which can understand something else.

Keywords: student, translation, communicative, communication, process, educational process.

Еліміздің күн сайын дамып, әлемдік қауымдастықта ықпалының арта түсуімен байланысты бәсекеге қаблетті, өз еліміздің барлық құндылықтарымен бірге, шет тілдерінде меңгеру талабы артып отыр. Сондықтан жаңа тиіптегі оқу кешендері Қазақстанда ұлтаралық келісім мен бірлікті дамытуды басты саяси бағыт ретінде ұстанады. Бұл саясат Қазақстан азаматтарының татулығын, отбасындағы бірлікті, аға буын және кіші буын, оқу үдерісінде мұғалім мен оқушы, оқытушы мен студент және т.б. арасындағы өзара түсіністікті, ең бастысы, ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық құндылық тұрғысынан студенттердің мәдениетін, оның ішінде қарым-қатынас және аудармашылық мәдениетін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының президенті халқына кезекті жолдауында оқу үдерісінің тәрбиелік компонентін жетілдірудің аса маңызды екендігін атап, патриотизм, адамгершілік және мораль нормаларын, халықаралық келісім мен коммуникативтілікті және дұрыс аударма рухани дамыту басымдылығын атап өтті.

Оқу үдерісінен тыс уақытта студенттердің өзара коммуникативтік және дұрыс аудару іс-әрекет мәселесінің зерттелінуі қазіргі қоғамның дамуында мамандардың бәсекелестік қабілеттерін арттыруда маңызды қажеттіліктердің бірі болып саналады.

Аударма арқылы қарым-қатынасты қалыптастыру, саналы көзқарас пен ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Ғұлама ойшылдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн және т.б. қарым-қатынастың біртұтастығына, әрине аударма мәселесіне аса зор мән берген. Я.А.Коменский, И.Г.Песталлоцци ұжымдағы өзара қарым-қатынастың тәрбиелік маңызына, дұрыс аударуға баса назар аударып, жағымды өзара қарым-қатынас орнатудың жолдарын іздестірген.

Ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, қазақ зиялылары Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев еңбектерінде аударма арқылы адамдардың бір-бірімен байланыстарын, оның қоғамдағы орының маңызын қарастырған [2,3,4,5,6].

Шет тілін аудару арқылы қарым-қатынасты зерттеуде Фейербахтың орны ерекше. Ол адами құндылықтарды көрсететін және адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыратын бірегей тұтас күй ретінде қарастырады. Дұрыс аударып, қарым-қатынас тәжірибесінде өзіндік мәдени құндылық мәні бар. Себебі, оның мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін іс-әрекет барысы туындайды. Осы мақсатпен міндеттерге жауап беретін іс-әрекеттерді орындау барысында адам бойында өзіндік іс-әрекеттік қабілеттер туындайды [7].

Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы. Қарым-қатынастың үш жағы бар: *интерактивті, коммуникативті және перцептивті*. Ұлттар арасындағы қарым-қатынас түрлері - әлеуметтік бағдарлаушы, жеке бастық бағдарлаушы, топтық, топаралық т.б. өз ішіне алады [8].

Студенттер арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты - өзара түсіністікке қол жеткізу. Бірақ мұны істеу оңай емес. Қарым-қатынас жасауда айналадағы адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Айналадағы адамдарға өз ой-пікіріңді түсіндіру арқылы, көптеген түсініспеушілік, кикілжің, келіспеушіліктердің алдын алуға мүмкіндік туады.

Қарым – қатынас процесі белгілі бір әлеуметтік ортада, топтарда, ұжымда жүзеге асатыны белгілі. Олар қоғамдық талап пен қоғамдық қажеттіліктен туындайды.

Шет тіліндегі адамдардың сөзін дұрыс аударып, қарым-қатынас жасау, бұл ғылым әрі өнер. Бұл шығармашылық процесс айналадағы адамдармен эмоционалды жағымды қатынас жасау, өзге елдермен тіл табысу, әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асып отырады. Тіл табысып, өзге елдермен экономикалық, озық технологияда қатынас орнату, әрбір адамның өзіндік білім-дәрежесін жеткізуде, талғам -тілегін, ықылас-ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Әрі қарым – қатынас нәтижесінде мемлекеттің ар саладағы даму процесі жүзеге асады. Сонымен бірге, адамның кісілік қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жан ашырлық сезім, ізгілік көзқарасы қалыптасады. Тіршілік ортасы мен өмір сүрудің сан алуан сырларын біліп жеке басының қадір-қасиетін арттырады. Бұл ғылыми аудару қарым-қатынас жасаушылар өз арасында көтерген мәселелері мен хабар алысу кезінде, көңіл қойып тыңдап, әңгіменің мән-жайын барынша жете түсінуді мақсат етеді [9].

Г.М.Андрееваның зерттеу барысында қарым-қатынастың құрылымын талдау нәтижесінде бір-бірімен байланысты 3 жағынан қарастырады: *коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік*.

Студенттер болашақ маман. Яғни өз білімін озық елдермен ұштастыра мемлекетке еңбек сіңіріп, өз қаблеттерін жандандыратыны сөзсіз. Мысалы қазіргі қытай елімен әр саладағы қарым-қатынас, коммуникативті іс-әрекет аударма тұжырымдамасына сүйенеміз. Сонда қарым-қатынастың құрылымын анықтайтын коммуникация, интеракция және перцепция **коммуникативті іс-әрекет** деп қарастырылады.

Аударманың өзі тілдік өзгешеліктерге байланысты ана тілден басқа тілге аудару, өзге тілден өз тіліне аудару осылайша екі түрге бөлінеді. Аудармашылардың басым көпшілігінде өзге тілдегі бейнелеу қабілеті өз тіліндегідей болмайды. Сол себепті студенттер оқу барысында түсіндірмесіне негізделіп, адамның қарым-қатынаста танымдық іскерлік психология мен оған салалас ғылымдарда қарым-қатынас құралдарының сипаттамалары мен жүзеге асыруды жетілдіру керек.

Қазақ тілді қытай тіліне аударғанда қытай тілі түбір тұлғалы, мағыналы иероглифтермен бейнеленетіндіктен көбінде мағыналық аударма жасауға тура келеді, ал қытай тілін қазақ тіліне аударғанда қазақ халқының айтар ойын астарлап жеткізетін ерекшелігін ескеріп, образды аударма жасалады. Қазіргі кездері электрондық аударма да қолданыста, алайда ол аударманың дәлдігінен қатесі көп екенін уақыт көрсетуде. Аударма мүдесіне сай еместігіне мынадан көруге болады: «Айгүл» деген кісі атын (ай月+гүл花), «оның аты кім» деген сөзді (他的马是谁) деп аударма жасалынған.

Ғылым-техниканың қарыштап алға басуына байланысты жаңа атау-терминдер көбейді. Алайда, аударма оқу үдерісі барысында студенттердің коммуникативтік және аударма қызметін қалыптастырудың жолдарын анықтап, сәйкесті әдістеме арқылы педагогикалық процесс ұйымдастырылса, студенттер дұрыс аудару, өзгені түсіне алатын, коммуникативті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу арқылы проблеманы анықтай алады.

Егемендік алған жылдардан бері Елбасының және басқа да тұлғалардың шетелге жасаған сапарлары, шетелдік компаниялардың бізге келуі, бәр-бәрі аудармасыз болмайды. Сонымен, елімізде жиі-жиі болып отыратын, үлкенді-кішілі халықаралық форумдар мен жиналыстардың барлығы аударма және коммуникативтік қарым-қатынас қызметіне жүгінеді. Бұнда көбінесе ілеспе (жарыспалы) аударманы қолданылады. Егемендіктен бұрын біздің көп халықаралық байланыстарымыз ТМД көлемінде болғандықтан, жұмыс орыс тілінде жүрді. Сол себепті аударма қызметі қажет болған жоқ. Ал қазіргі кезде көркем әдебиет тек жазбаша аударма да ғана орын алды. Демек егемендік алғалы 26 жыл болса да, бізде әлі күнге дейін аударма жұмысына салғырт қарау бар. Шет тілін оқып жатқан студенттерге аударма мамандық ретінде дұрыс қолға алынбауы, аудармашы аударған материялын жариялайтын арнаулы газет-журналдардың жоқтығынан болар. Шығыс тілдерін аударатын мамандар саны да аз. Аударған кітабыңды өзің қаржыландырып баспаға шығармасаң, оның аясында ғылыми жобалар жоқтың қасы, әрі қарапайым аудармашы үшін қолжетімді емес. Арнаулы синхронды аудармашылар жетілдіретін оқу орындары не орталықтар жоқтың қасы. Жоғары оқу орындарында аударма мамандығы болғанымен оның өндірістік базасы жоқ, теориялық біліммен шектеледі. Студенттер тек филологиялық бағыттағы жазбаша мәтінді аударады. Синхронды жарыспалы аудармада тәжірибе жасайтын заманауи құрылғы, жабдықтар оқу орнында пайдалануға берілмеген. Сонымен бірге әр сала бойынша аударма жасауға арналған атау-терминдер сөздігі мен оқулықтар мүлде жоқ. Бір маман барлық саланың атау-терминдерін меңгеруі де мүмкін емес. Ал бізде оған қарамастан «жүріңіз, дәл қазір аударма жасаңыз» деп лекция оқып шаршап отырған оқытушыны бірден аудармаға салады. Ол тек филологиялық немесе педагогикалық бағытта білім алған маман, оның үстіне ол адамның ауызша аудармадан тәжірибесі аз, синхронды аударманың әдісі мен қыр-сырын меңгермеген, тек сол тілде сөйлегеніне оны аудармашы деп білеміз. Негізінде аудармашы өз әлемінде үздіксіз ізденісте жүруі, бастапқы екі жылда тәжірибелі аудармашының жанында көмекші болып, толық пісіп-жетілуі керек сияқты. Жоғарыда біз айтқан аудармашыға қойылатын талаптардың үдесінен шығуда аударманың жағдайы бізде маз емес.

Аудармашы әуелі аударатын саласының атау-терминдерін толық білуі керек. Тым болмағанда аудармашыға баяндама жасайтын ғалым мақаласының жазбаша толық нұсқасын алдын ала, бір жеті бұрын жіберуі керек. Ал ол ондағы атау-терминдер бойынша жұмыс жасауы тиіс. Сөздік ақтарып, тақырыпқа қатысты кітаптардан түсіндірмелерін іздеуі керек. Деп білемін.

Аударма арқылы қарым-қатынасты қалыптасу болғандықтан бұл жұмыстар ойдағыдай емес. Халықаралық форумдар өткізгенде оны алдын ала баяндамашыдан сұрамайды. Көбінесе шетелдік баяндамашы оның жазбаша нұсқасын мақаласымен қосып бірге жіберсе де, ұйымдастырушылар оны аудармашының қолына дер кезінде жеткізбейтіні байқалады. Бүгінгі таңда жалқы есімдердің аудармасы бірнеше түрде аударылады. Бұның өзі аудармашыға аса үлкен қиындық туғызады.

Демек, біздегі атау-терминдердің сан алуан аудармашыға ауыр жүк. Оны бірлікке келтіру, реттеу осы саладағы аудармашылардың, ғалымдардың негізгі міндеті болмақ.

Аудармада түрлі саладағы қарым-қатынасты қалыптастыру күрделі, өзгермелі, өзара байланысты жүйе ретінде қарастыра отырып, оның төмендегідей түрін көруге болады:

Ресми аударма барысындағы ар сала бойынша қызметтік қарым-қатынас негізде қалыптасады, заңмен тұрақтанады, белгілі ережелермен реттеледі.

Ресми емес қарапайым аударма арқылы болған қарым-қатынас жалпы қабылданған заңдар мен талаптарды, белгілі тұрақтанған ережеге бағынуды талап етпейтін бір-бірімен болған қарым-қатынасы.

Тігінен болған аударма барысындағы қарым-қатынас - бұл тұлға аралық байланыс, басшы мен лидер мен басқа ұжым мүшелері арасындағы байланысты көрсетеді, жалпы ұжымда ресми статуска ие тұлғаның сөзін аудару арқылы қалыптасатын қатынас түрі.

Көлдененінен қарым-қатынас – бұл бірдей статуска ие ұжым мүшелерінің арасындағы сөз жасамдарын аудару арқылы қалыптасатын тұлға аралық қарым-қатынасы. Ұжым ішінде тігінен және көлдененінен қарым-қатынас түрлерін бір-бірімен салыстыруға болмайды.

Іскерлік тұлға аралық қарым-қатынас– бірлескен іс-әрекет, қызмет барысында шетелдік азаматтармен іс сапарында болатын қарым-қатынас түрі.

Жеке қарым-қатынас - орындалатын іске тәуелді емес адамдар арасындағы қарым-қатынас. Іскерлік және жеке қарым-қатынас түрлері бір-бірін толықтырады.

Рациональды тұлға аралық қарым-қатынас – аударма арқылы адамдардың бір-бірі туралы білгені, басқа адамдардың оны объективті бағалауы жатады.

Аударма арқылы эмоциональды қарым-қатынас жасау, ұлттық ерекшеліктермен ұштастырып, даралығын қабылдауы. Бұндай қарым-қатынас түрі жағымды және жағымсыз қарым-қатынас негізінде іске асырылады.

Аталған қарым-қатынас түрлері арқылы аударма жасап ұжымды дамытуда, арадағы іс-шараның мақсатына жетіп, қалыптастыруда маңызды ролатқарады.

Қарым-қатынастағы аударылым, өзінің мазмұны, бағыт-бағдары, қабылдауы, қылығы, тон және стилі арқылы сипатталады. Аудармада қарым-қатынас мазмұнына оның түрлеріне байланысты мыналар қамтылуы мүмкін: өзара ақпарат алмасу; әрбір сөйлесуші жақтың позициясын белгілеу; жақтардың бірін-бірі қабылдауы; әріптестердің біріне-бірі баға беру; біріне-бірі ықпал ету; өзара әрекет ету; эмоция алмасу; қарым-қатынас процессі кезінде қызметін басқару.

Қорыта келгенде, аударма мәселесі, күнделікті әлеуметтік өмірде ғана емес, білім беру саласында да маңызды екендігіне көз жеткізуге болады. Мысалы, арнайы мақсатта шет тілін оқыту барысында аударма арқылы, кәсіби деңгейін жоғарлатуға мүмкіндік бар. Олай болса жоғары оқу орнындағы шет тілінің оқу үдерісінде, осы мәселелерге көп көңіл бөліп, аударма арқылы қарым-қатынас мазмұнын толық игеріп, коммуникативтік және аударма қызметінің қалыптасудың жолдарын анықтап, сәйкес әдістеме арқылы студенттер дұрыс аударма жасау және басқаны түсіне алатын коммуникативті қалыптастыру, осылайша аударма білімін ғылыми-теориялық негізінде жетілду керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Алматы: Білім баспасы, 1998. - 96 б.
2. Уалиханов Ш. Таңдамалы шығармалары Алматы: Жазушы, 1985. –389 б.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы: Жазушы, 1988. –320 б.
4. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. 2 том. Алматы, 1986. –330 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Рауан, 1995. –310 б.
6. Жұмабаев М. Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1992. –272 б.
7. Жұмабаев М. Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1992. –272 б.
8. Бодалев А.А., Ковалев А.Г., Теоретические и прикладные проблемы психологии общения в трудах. В.Н.Мясищевой \ Психологические исследования общения. – М., 1985.
9. Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Рауан, 1995. –310 б.
10. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. –М., 1965-564с.
11. Бодалев А.А. Психология общения. –М.; Воронеж, 1996.
12. Волкова А.И. Психология общения. –Ростов-на-Дону, 2007.

13. Мясинцев В.Н. О взаимосвязи общения, отношения и отражения как проблеме общей и социальной психологии // Социально-психологические и лингвистические характеристики общения и развития контактов между людьми: Тезисы симпозиума. – Л., 1970.

ТҮРІК ҚАЛАМГЕРІ ОРХАН ПАМУКТЫҢ ТАРИХИ РОМАНДАРЫ

Әбелдаев Ж.Ә.
(Қазақстан, Алматы)

Резюме

В статье рассматривается ход развития исторических романов в современной турецкой литературе на основе творчества известного турецкого писателя, лауреата Нобелевской премии Орхана Памука (2006).

Resume

The article deals with the development of historical novels in modern Turkish literature on the basis of the work of the famous Turkish writer, Nobel prize winner Orhan Pamuk (2006).

Түрік герменевтикасының даму заңдылықтары сол қоғамның түрлі көзқарастағы саяси-идеологиялық бағыттарымен астасып, сол бағыттар негізінде жаңа туындылар дүниеге келіп жатыр. Түрік прозасы туралы ұзақ-сонар сөз қозғауға болады. Біздің мақаламыздың мөлшері оның бәрін қозғауға шамасы жете қоймас. Дей тұрғанмен, қазіргі түрік прозасының дамуы, әсіресе роман жанрының кең етек жаюы, ХІХ ғасырға дейін түрік әдебиетінде үстемдік құрып келген поэзияның сәл де болса прозаға өз орнын босатуы, көптеген қаламгердің прозаға қарай ауысуына түрткі болды. Бұл поэзияның құрдымға кетті дегенін білдірмейді. Поэзияда жаңа дәуірде жаңа қырынан дами түсті. Қай қаламгерді алып қарамаңыз, оның шығармашылығы міндетті түрде поэзиядан, яғни өлең өнерінен бастау алатындығы шындық.

Қазіргі кездегі түріктің тарихи романы өте кең танымал жанр болып отыр. Оның бүкілхалықтық танымалдылыққа ие болуының басты себебі – түрік халқының ұлттық бірегейлік идеясы ізденістері дер едік. Ал ұлттық бірегейлік идеясы - тарихтың тылсым құшағында тұншаланып жатқан тың оқиғалар тізбегінде тізіліп жатқандығы хақ. Ол тарихқа қозғау салу, оны көркемдік-идеялық, әдеби-эстетикалық тұрғыдан таразылап, оқырман қауымның назарына ұсыну тарихи романның көтерер жүгі екендігі ақиқат. Өткен тарихтың даңқты беттерін парақтау арқылы халық санасына сілкініс әкелуде, оны жаңғыртуда ұлт зиялыларының атқарар рөлі зор. Әсіресе қаламгерлер қауымының тарихи шындықты халыққа ұсыну, ата-баба рухын қайта жаңғыртуды көркем әдебиет арқылы жүзеге асыруы мақтарлық іс болмақ.

Қазіргі түрік әдебиетінде тарихи роман түрінің кең етек алуына Сафие Ерол, Нахит Сырры Өрік, Тарык Бұғра, Кемал Тахир, Орхан Памук, Ескендір Пала сынды қаламгерлердің қосқан үлесі ерен. Сафие Еролдың «Жігер тілген» (1946), Н.С.Өріктің «Сұлтан Хамиттің тақтан түсуі», Тарык Бұғраның «Кіші аға» (1963), Кемал Тахирдің «Ел- ана» (1967), Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» (1998) және «Ақ қамал» (1985), Ескендір Паланың «Шах-Сұлтан» (2016) тарихи романдары көпшілік оқырманның қуанышына бөленіп үлгерген шығармалар болып есептеледі.

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап түрік әдебиетінде модернистік ағыммен бірге постмодернистік стильдегі көркем шығармалар өзінің бар екендігін көрсетті. Қазіргі тарихи романдардың осы бір қым-қуыт ағымдар негізінде жазылғандығын сұрыптап көрсек. Мәселенің астарына бару үшін постмодернизмнің танымдық өзгешелігін ашып алған жөн деп есептейміз.

Қазіргі әдебиеттануда көркем тәсіл құралының бірі – постмодернизм дер едік. Постмодернизм - ағым ретінде Еуропа әдебиетінде ертерек көрініс тапса, ал түрік әдебиетінде ХХ ғасырдың 80-жылдары қылаң берді. Постмодернизмге әр елдің белгілі қаламгерлері әр түрлі анықтама беріп келеді, дей тұрғанмен нақты бір анықтама қалыптасып үлгермеді. Қалай десек те, ол туралы пікірлер күн сайын артып келеді. Постмодернизмді қайсібір қаламгерлер модернизмнің жалғасы десе, енді бірі ол модернизмге еш қатысы жоқ, қазіргі әдеби үдерістерден туындаған өзіндік сипатқа ие әдеби құбылыс деген баға береді.

Түрік әдебиеттануында бұл әдеби ағымның қылаң беруі енді-енді байқалып келеді. Осы бағыттағы қаламгерлер қатарына Орхан Памук, Элиф Шафак, Муратхан Мунган, Назлы Эрай, Бильге Карасу және Пынар Күрді қосар едік. Олар өз шығармашылықтары арқылы жаңа бағыттың түрік әдебиетіндегі авангарды болып есептеледі.

Түрік әдебиетінде постмодернизмге деген көзқарас нақтылана қойған жоқ. Өйткені, түрік әдебиеті түрлі бағыттар мен көзқарастардың тоғысқан жері: ұлтшылдар мен социалистер, панисламистер мен пантүркистер, дәстүршілер мен батысшылдар секілді түрлі көзқарастардың бір-біріне кереғар пікірлер тудырып, оқырманды кейде әуреке салатын кезі де көрініс тапқан. Ал постмодернизмнің әлем әдебиеті мен өнерінде кең етек алуымен санаспауға болмайды. Себебі, әдеби үрдіс қай ел, қай ұлт болмасын - барлығын да шарпып өтеді. Сондықтан болар, түрік қаламгерлері де бұл үрдістен тыс қалмақ емес. Ол әсіресе кино мен сурет өнерінде ерекше дамып келеді.

2006 жылы постмодернистік бағыттағы түрік қаламгері Орхан Памук өзінің таңсық тұспалдарымен көркемдеген тарихи романдары үшін Нобель сыйлығын иеленген болатын. Бұл оның жаңа бағытты игеріп, оны түрік оқырманының қажетіне жаратқанының белгісі. Әрине, Орхан Памук туралы түрік оқырманының пікірлері біркелкі емес. Ол жоғарыда айтып өткен түрлі көзқарастардың кереғарлығынан туындап отырған мәселе.

Постмодернизм Орхан Памук шығармашылығы негізінде түрік әдебиетінде өзінің бар екендігін көрсетті. Ол «Ақ камал», «Менің атым - Қымызы» тарихи романдарын постмодернистік сарында жазған.

Суреткер Орхан Памукқа 2006 жылы ең жоғарғы әдеби сыйлық - Нобель сыйлығы табысталды. Бұл оның XX ғасырда әлемдік әдебиеттен тысқары қалып қойған түрік әдебиетін дүние әдебиеті сапына қосып, әлемдік өнерде өз орнын тапқанын көрсетеді. Батыстың дәстүрлі роман жанры түрік қоғамына жаңалық ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында енгенін ескерсек, жүз жылдан астам уақыт ішінде бұл жаңа жанр Еуропалық шығармаларға еліктеуден арылып, өзінің ұлттық нақышын сипаттауда нақты бағытын тауып, батыс оқырманының қызығушылығын оятқан әдебиетке айналды. Осындай нәтижеге жету үшін түрік әдебиеті көптеген қиыншылықтарды еңсерді және оның даму барысы батыс әдебиеті секілді емес, өзіндік кезеңдері бар айрықша әдебиет болды. Яғни, поэзияда болсын, прозада болсын әртүрлі стильдер мен жанрлар алмасып, бір уақытта романтикалық та, реалистік те, модернистік те тенденциялар аралас-құралас дамып жатты. Бір жағынан мұндай қарқынды және түрлі бағытта дамушы әдеби үрдіс Түркияның қарама-қайшы саяси-әлеуметтік өмірімен, әсіресе, қоғам мен мәдениеттің Еуропалану үрдісімен де байланысты екенін айта кеткен жөн. XX ғасырдың 80-жылдары түрік әдебиеттанушылары шағын, дарынды жазушылар тобы ұсынған жаңа бағыттың - постмодернизмнің пайда болғанын тілге тиек ете бастайды. Бұл топтың арасынан айрықша Орхан Памук ерекше көзге түсті. Шығармаларының біркелкі болмауына қарамастан жазушылар әдебиетке жаңа бағыт, жаңа стиль, бұрын соңды болмаған жазу тәсілдерін ұсынып, Түркияға белгілі бола бастаса, солардың ішінде тұғыры биігі Орхан Памук дүние жүзіне әйгілі болды. Сондықтан, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында түрік әдебиеттануында көрініс тапқан «постмодернизм» тенденциясы көптеген қаламгерлердің шығармашылығына әсер етуде. Түріктің қазіргі әдебиетінің көрнекті өкілінің бірі, дара жазушы Орхан Памуктың романдарынан постмодернистік үрдістің ізін байқаймыз.

Ферит Орхан Памук - әлемдік Нобель сыйлығының лауреаты, өзге де ұлттық және халықаралық сыйлықтардың иегері, аты әлемге мәшһүр XXI ғасырдың әйгілі түрік қаламгері. Оның қаламынан туған шығармалар әлемнің 40 тіліне аударылып, миллиондаған тираждармен сатылып жатыр. Орхан Памук «Әлемнің әйгілі 100 тұлғасы» атты тізімде 4 орынды иемденген жалғыз түрік жазушысы болып есептеледі. Алайда, осындай танымал бола тұра жазушының өз Отанында ол туралы пікірлер әралуан. Қайсібірі жазушыны әділетті деп санаса, екіншілері оны сатқын деп есептейді. Оған себеп – Орхан Памуктың азаматтық позициясы, яғни, жазушы Түркиядағы күрттерді жаппай дискриминациялау саясатына қарсылық білдіріп, армяндардың геноциді туралы ойын ашық айтқандығы болатын [1, 79-80].

Орхан Памук 1952 жылы Ыстамбұл қаласында дүниеге келген. Арғы тегі черкестерден шыққан Ыстамбұлдық дәулетті отбасы. Жокшылықты көрмей өскен кішкентай Орхан өзінің отбасын «Қара Кітап» пен «Жәудет Бей және оның ұлдары» атты шығармаларында бейнелеп кетеді. Ыстамбұлдағы атақты америкалық «Роберт» колледжін тәмамдаған жас суреткер сурет өнеріне қызығып, болашақта суретші болуды армандады. Алайда, әке-шешесі Түркиядағы танымал инженерлер болғандықтан, ұлының да өздері секілді инженер болғанын қалады, сөйтіп, Ыстамбұлдың техникалық университетіне инженер-құрылысшы мамандығына оқуға түсуге үгіттейді. Алайда, жүрек қалауынсыз оқуға түскен Орхан Памук университеттің 3 курсында өзінің факультетін тастап, жазушылық жолға түсуді біржолата өзінің өмірлік кредосы ретінде бекіте түседі. Осылайша, Ыстамбұл университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1976 жылы оны толық аяқтап шығады.

1974 жылдан бастап анасымен бірге тұрған жас қаламгер (сол тұста ата-анасы ажырасып кеткен еді) алғашқы тырнақалды еңбектерін жаза бастаған болатын. Дегенмен, бастапқы кезде ешқандай баспа оның шығармаларын басып шығаруға көндіге қоймады. Тек 1979 жылы оның тұңғыш романы – «Жәудет Бей және оның ұлдары» «Миллиет» сыйлығын иемденеді. Романда елдің бірнеше ғасырлық тарихы бір отбасы айналасында өрілген уақиғалар арқылы суреттеледі. Сондай-ақ, сол дәуірдегі халық санасының өзгеруі, олардың ділі мен дініне тигізген саясат пен жаңа реформалардың ықпалы туралы сөз болады. 1983 жылы аталмыш романы үшін қаламгер Орхан Кемаль сыйлығын иеленеді [2, 403].

Қаламгердің еңбектерін саралаған кезде көптеген зерттеулер мен мақалалар оның «Тыныш үй» (Sessiz Ev) атты туындысын ұмыт қалдырып кетіп жүр. Негізінде бұл шығарма 1984 жылы қаламгерге "Мадарали" премиясын алып берген еді, ал француз тіліне аударылған соң «Еуропалық жаңалық» сыйлығын иемденген болатын. Бұл оның алғашқы шетелдік сыйлығы еді.

1982 жылы Орхан Памук тарихшы Айлин Түрегүнмен шаңырақ көтереді. 1991 жылы Рүя атты қыздары дүниеге келеді. 1985 пен 1988 жылдар аралығында Айлин Нью-Йорктағы Колумбия университетінде білімін жалғастырады, сондықтан Орхан Памук та аталмыш оқу орнында зерттеу жұмыстарымен айналысып, Айова штатының университетінде әдебиет пәнінен дәріс оқи бастайды. Нью-Йоркте өткізген 3 жыл ішінде Орхан Памук жаңа шығармасына материал жинақтайды. Осылайша, 1985 жылы «Ақ камал» (Beyaz Kale) атты тарихи романы қаламгерге шет елде жүріп-ақ танымалдық әкелді. Көптеген шетел газеттерінде жазушының аты аталып, «New York Times» газеті ол туралы: «Шығыста жаңа жұлдыз жарқ етіп пайда болды және ол жұлдыз – түрік жазушысы Орхан Памук» деп дүбірлете жазып, оның жазушылық даңқын асқақтата түсті.

«Ақ камал» романында XVII ғасырдағы Осман империясының көпті көрген данышпаны, ойшыл-ғалымы мен тұтқынға түскен батыстық, нақтырақ айтсақ, Венециялық құл арасындағы қарым-қатынас баяндалады. Бұл екеуі болмыс-бітімінен бастап мінез-құлқына дейін бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, бір-біріне қарама-қайшы кейіпкерлер. Венециялық құл шығыстың адамдары секілді әңгімешіл, қияли адам ретінде сипатталса, шығыстың ғалымы – керісінше, өте сабырлы, салқынқанды, батыстың адамдары сияқты ғылымға берілген және оны шексіз сүйеді, ойын байыпты жеткізе алатын саликалы адам ретінде көзге түседі. Роман барысында екі кейіпкер көптеген талас-тартысқа түсіп, соңында бір-бірінің кемшілігін толықтыра бастайды. Романның соңында екеуі киімдерін ауыстырып, Венециялық құл шығысқа, ал, ойшыл-ғалым батысқа бет бұрады. Бұл еңбегі арқылы жазушының оқырманға жеткізгісі келген негізгі ойы – «мәдениеттер бір-бірін жаулап, жұтуы керек» деген ұстанымға толығымен қарсылық білдіру. Жалпы, осы тақырып қаламгердің бүкіл романдарының негізгі желісін құрайды десек артық айтқандық емес. 1990 жылы «Ақ камал» романы «The Independent» (Тәуелсіздік) деп аталатын Ұлыбритания газетінің арнайы сыйлығына лайық деп танылды [2, 403].

Орхан Памуктың жазушылық беделін асқақтатқан шығармасы - «Қара кітап» (Kara Kitap) деп аталатын романы. Ол 1990 жылы басылып шыққан болатын. Бұл роман түрік әдебиетінің ең танымал әрі даулы туындылары қатарына енген. Бір жыл ішінде роман 10 астам тілге аударылып, әлемдік бестселлерге айналды. Жазушы бұл романында өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің ең жаңа әдеби ұғымдарын шығармашылығына енгізуге тырысқан. Осы романдан кейін Орхан Памуктың модернизм мен постмодернизмдік дүниетанымы айшықталып, әр қырынан таныла бастады. Автор бұл еңбегінде де Батыс пен Шығыс мәдениетінің ықпалдастығынан сөз етіп, дәстүрлік прозаның шеңберін жарып шығар жаңа роман жазуға тырысқан.

«Қара кітап» романының бас кейіпкері – енді ғана танымал бола бастаған жас адвокат. Оқиға барысында бұл жас адвокаттың әйелі жоғалып кетеді. Оған іздеу салған адвокат іс жүзінде көптеген жаңа деректермен танысады. Шешелері бөлек, бірақ, әкелері бір інісінің бар екенін және сүйікті жарының сонымен бірге қашып кеткенін біледі. Ол інісі де танымал журналист екендігі анықталады. Ізіне түсу үшін ағасы інісінің мақалаларын зерттеп, олардың қайда екенін табуға тырысады. Осыншама қиыншылықтардан кейін жас адвокат әйелі мен інісінің «Жарық сарай» деген жердегі үйде тұрып жатқанын біледі. Сол үйге жетемін дегенше екі қашқын ол жерден де қашып кетіп, қайтадан із суытады. Амалы таусылған жас адвокат інісінің атынан газеттерде мақалалар жариялай бастайды, ондағы ойы әлгілерден бір сыбыс болар деген үміт еді, алайда олардан ешқандай хабар ала алмайды, ізіне түсуге де мүмкіндік таба алмайды. Осылайша, күндердің күнінде інісі мен көзіне шөп салған әйелінің өлгені туралы хабар жетеді [3].

Аталмыш романда постмодернистік жанрға сай уақыт пен кеңістік көкжиегі жиі бұзылып, ешқандай жанрлық шектеу қойылмайды. Сонымен қатар, роман публицистикалық стильде жазылған, шығармада детективтік романдарға тән ерекшелік анық көрінеді. Қай қырынан зерттеп қарамасақ та, аты затына сай бүгінгі жаңа стильдегі романдардың талғамына лайық туынды. Батыстың белгілі сыншысы бұл роман турасында былай деп ой түйеді: «Қара кітап оқиғаны баяндамайды, оқиғаны қалай баяндау керек екенін баяндайды» [4, 46]. Түркияның мәдени болмысының тұрақсыздығын сипаттайтын романды кезінде мемлекеттің солшыл бағыттағы қайраткерлері қатты сынға алған болатын.

«Қара кітап» романының сюжеті оқырманның қызығушылығын тудырғандығы соншалық, оның шытырмандылығы 1992 жылы түрік режиссері Өмер Кавурды қатты қызықтырып, осы кітаптың желісі бойынша сценарийін Орхан Памуктың өзіне жаздырып, «Құпия тұлға» (Тайное лицо) атты фильм түсіреді.

Бүкіл әлемге танымал бола бастаған жазушының даңқын одан әрі 1998 жылы жарық көрген «Менің атым - Қырмызы» (Benim adım Kırmızı) романы үдете түсті. Романда Батыс пен Шығыс қарым-қатынасының мәселелері қайтадан негізгі тақырыпқа айналады. Шығарманың оқиғасы 1591 жылы Ыстамбұлда туып-өскен белгілі суретшінің қастандықпен өлтірілгендігімен басталады. Түрік падишахының әмірімен арнайы жасырын кітапқа сурет салу тапсырмасын алған әйгілі суретші Зарифтің денесі құдықтан табылады. Зариф өзімен бірге балалық шағынан бері бірге өскен үш суретшімен бірлесе отырып, Еуропада сол тұста жаңадан бой көрсетіп келе жатқан сурет өнерінің жаңашылдықтарын қабылдай отырып, өз ұстаздарынан үйренген және Осман империясында қабылданған бейнелеу өнерінің талаптарынан өзгешелеу стильде түрік падишахының өмірін бейнелеулері керек болатын. Дегенмен, олардың жасырын түрде Эниште мырзаға барып сурет салып жүргендіктері базбіреулерге жақпады ма, әйтеуір, Зариф өлтіріледі. Сол кезде 12 жыл шетте жүрген Қара деген кісіні Эниште шақырып алып, суретті аяқтауын сұрайды. Алайда, Зарифті қастандықпен өлтірген адамды табуды қолға алғандар бар сырдың шешуі Зарифті өлтіргенде соның қалтасында қалып қойған бейтаныс суретшінің бітпей қалған қарапайым жылқының суреті еді. Әр суретшінің өзіне тән ерекше стилі болғандығы үшін суретті үңіле тексергендер ол жылқының бойында өзгеше ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктің бар екенін аңғарады. Ол ерекшелік - жылқы танауының басқаша салынуында еді. Осылайша, Зарифті өлтірген адам қолға түседі [3].

Әдебиет сыншылары бұл кітаптың негізгі идеясы - «ислам дүниесіндегі бейнелеу өнерінің батыстың реалистік сурет өнерінің әсерінен дағдарысқа ұшырап, өз әлсіздігінің шырғауында шатасып қалған болмысы арқылы бүгінгі түрік қоғамының көзге көрінбейтін тасадағы қайшылықтарын ашқандығында» деп көрсетеді. Жалпы, жазушының бұл туындысы оған көптеген марапаттар алып келді. Мысалы, 2003 жылды қаламгер аталмыш шығармасы үшін "IMPAC" қаржылай сыйлығы (мөлшері 100 мың евро) мен халықаралық "Дублин" сыйлығын иеленді.

1990 жылдардың соңына таман Орхан Памук Түркияның саясатына араласа бастайды. Күрттерді дискриминациялау саясатына қарсы шығып, өзге де жазушылармен бірге мемлекеттің бұл ісіне наразылығын білдірген мақаласы жарық көреді [5].

Орхан Памук 1998 жылы үкіметтің күрттер мен армян халықтарына қарсы ұстанған саясатына наразылығын білдіру үшін Түркия мемлекеті тағайындаған «Халық жазушысы» атағынан бас тартады. Осы уақыттан бастап жазушы қайраткер мен мемлекет арасында келіспеушіліктер пайда болды. Дей тұрғанмен, бұқара халық жазушының шығармаларын оқудан бас тартпайды, тіпті, базбіреулер оны өз дәуірінің қаһарманы деп те атады. Алайда, 2005 жылы танымал жазушыны түрік үкіметі сотқа берді. Түрік үкіметінің мұндай әрекетке баруына қаламгердің 2005 жылдың ақпан айында швейцариялық «Das Magazin» баспасына берген сұхбатында айтқан сөзі себеп болған. Онда Орхан Памук былай дейді: «Түркияда миллионнан астам армян мен үш жүз мың күрт өлтірілді. Бірақ мұны ешкім айтып жатқан жоқ және осы мәселені ашық түрде айтқаным үшін мені жек көреді». Жазушының айтуы бойынша, ол осы сұхбатынан кейін нағыз өшпенділіктің объектісіне айналып, мемлекетпен ара-қатынасын ушықтырып алған. Сол жылы түрік үкіметі: «Түрік ұлтына, Түркияның әскери күштеріне және жалпы мемлекеттің ар-ожданына нұқсан келтірді» деп, Орхан Памукты сотқа берді. Дәл сол кезде әлемдік зиялы қауымның назары Түркияға ауған болатын. Сот бұл істі 2005 жылдың желтоқсан айында қарауы керек болатын, алайда, 2006 жылдың ақпанына ауыстырылды. 2005 жылдың желтоқсанында аты әлемге әйгілі 8 қаламгер, Нобель сыйлығының иегерлері - Жозе Сарамаго, Габриель Гарсиа Маркес, Гюнтер Грасс, Умберто Эко, Карлос Фуэнтес, Хуан Гойтисоло, Джон Апдайк және Марио Варгас Льюса Орхан Памукты қолдайтынын білдірді. Осылайша, Еуропалық Одақтың ара ағайындығымен бұл жанжал біраз басылғандай болады [7].

2006 жылы Орхан Памук әдебиет саласы бойынша әйгілі Нобель сыйлығының иегері атанады. Орхан Памукты Нобель сыйлығын беру комиссиясы: «Әдебиетте модернизм мен постмодернизмді өзара сабақтастыра білген ең жаңашыл ұрпақтың өкілі» деп атады. Осыдан кейін Түркия мемлекетімен жанжал қайта ушыға түсті. Мемлекет оған бұл сыйлықтан бас тартуына байланысты ультиматум да қойған болатын. Сот ісі қайтадан жандана түсті. 2007 жылдың қаңтар айында түрік экстремистер тобы жазушыға бірнеше айып тағып, жеке басының амандығына қауіп төндірді. Содан болар, сол жылдың ақпан айында жазушы АҚШ-қа қоныс аударуға мәжбүр болады. Бірақ кейін Орхан Памук мұндай мәжбүр қоныс аударғандығын мойындаудан бас тартады. Тек 2011 жылдың наурыз айында сот ісі толығымен шешімін тауып, жазушы сұхбатта айтқан сөздері үшін ірі көлемде айыппұл төлеуге міндеттелді.

Саяси мәселелерді қоя тұрып, қаламгердің әдеби өміріне қайта оралар болсақ, Нобель сыйлығын алған алғашқы түрік жазушысы, тіпті, түркі халықтарының арасынан шыққан тұңғыш қаламгер, ол міндетті түрде – Орхан Памук деп айта аламыз. Бұл сыйлық Азия өкілдеріне өте сирек беріледі. Жалпы, аталмыш Нобель сыйлығы Батыс өркениеті өкілдерін есептемегенде, 1913 жылы үнді халқының өкіліне, 1967 мен 1994 жылдары жапон халқының өкілдеріне, 2000 жылы қытай өкіліне, 1988 жылы Мысыр елі сияқты өркениеттер мен мәдениеттердің өкілдеріне берілген болатын. Жоғарыдағы өркениеттердің бірталайының қақ ортасынан ойып тұрып орын алған, қаншама ғасыр бойы бірнеше өркениеттер сабақтастығына негіз болған түркі мәдениетінің өкіліне Нобель сыйлығын беру кезегі күтіп қалған болатын. Міне, біраз уақыт өткеннен кейін Швецияның әдебиет академиясы түрік жазушысы Орхан Памукты осы сыйлыққа лайық деп тапты. Ол неліктен бұл сыйлыққа лайық болды деген сұрақтың туындауы орынды. Оның себептері мынадай:

Біріншіден, Түркия – Кеңес Одағына кірмей, түркі мәдениетін сақтап қалған, оны дүниеге паш еткен және дербес, тәуелсіз өмір сүрген түркі тілдес халықтардың ішіндегі дарасы.

Екіншіден, Түркия Батыс елдерімен өте жақын қарым-қатынаста болмаса да олармен араздасып дұшпан да болған жоқ, керісінше Еуропа Одағына енуге тырысып бағуда. Осман Империясы кезінде Батыс мәдениетінің ықпалына түсіп, Шығыс өркениеті мен Батыс мәдениеті теке-тіресіп, екеу-ара үйлесім іздеді. Батыстықтар Кеңес Одағы құлап, өзге де түркі мемлекеттері өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп жатқан кезде, олар Түркияны үлгі етіп көрсетіп, өзіне тарту тәсілдерін ұсынды.

Үшіншіден, Түркия Еуропа мен Азия арасында орналасқан көпір іспеттес. Ол екі мәдениетті байланыстырып тұрған негізгі тірек [8, 394-396].

Шынымен де, Орхан Памуктың шығармашылығына назар салар болсақ, оның түрік әдебиетіндегі жаңа буынның жазушысы екендігіне еш шүбә жоқ. Оның қаламынан туған шығармалар әлемнің қырықтан аса тіліне аударылған. Нобель сыйлығын алмай тұрып-ақ Орхан Памукке Германияның «Баспасөз бейбітшілігі» сыйлығы, Еуропаның «Байқау» сыйлығы, АҚШ-тың «Шетел әдебиеті» сыйлығы, ал, «Менің атым - Қырмызы» романы үшін Францияның ең жоғарғы әдебиет сыйлығы, Италияның «Глизана» сыйлығы және «Дублин» әдебиет сыйлығы сияқты Еуропаның ірі әдеби сыйлықтары берілген болатын. Әлемнің белгілі әдебиет сыншылары Орхан Памукты «М.Пруст, Т.Манн, Х.Л.Борхес, И.Калвино, У.Экостардың ізбасары» деп атады. Ізбасары деп көрсеткен жазушылар бүгінгі кезде әлем әдебиетін жаңа деңгейге көтерген тұлғалар екені жасырын емес. Бұған дейін Нобель сыйлығы орта буыннан шыққан қаламгерге берілмеген болатын. Яғни, Орхан Памук өз туындыларында модернизм мен постмодернизмді сабақтастыра білген, түркі тілдес жазушылардың ішінде алғаш мұндай жоғары әдеби сыйлыққа ие болған қаламгер ретінде есімі әдебиет тарихында алтын әріптермен жазылатын болады [9].

Егер жоғарыда атап өткен романдар асылында Түркияның қазіргі жағдайына дейінгі болмысын, яғни, Осман Империясының тарихымен тікелей байланысты болып келсе, жазушының 2002 жылы жарық көрген «Қар» (Kar) романы бүгінгі күнгі Түркия қоғамының саяси-әлеуметтік өмірін суреттейді. Бұл роман жазушының өзге

мемлекетте жүріп өмірге әкелген туындысы болып есептеледі және оқырмандар арасында жоғары бағаға ие болды. Қаламгер шығармаларының негізгі тақырыбы – Шығыс пен Батыс мәдениеті, ислам мен христиан діні, ескіден келе жатқан дәстүршілдік пен қазіргі заман арасындағы қақтығыс және олардың арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған жанжалдар. Аталмыш тақырыптар «Қар» романында жақсы суреттелген. Жазушының 2000 жылға дейін жазған шығармаларын осы туындысымен салыстырар болсақ, автордың заманауи роман жазу стилін жетік меңгергенін байқауға болады [10, 312].

Туындының қысқаша мазмұны мынадай: 12 жылдан астам Германияда тақуа өмір кешкен Ка есімді жігіт өз еліне қайта оралады. Тілші болып жұмыс істеп жүрген Каны бастығы Түркияның шығысында орналасқан Карс қаласында өтетін сайлауға қатысты материал жинастырып, мақала жазуды тапсырады. Ка сол қалаға келген күні өте қалың қар жауып, сыртқы әлеммен байланыс үш күнге дейін үзіліп қалады. Байланыссыз қалған Түркияның шығысындағы бұл қалада үш күн ішінде Түркияның бір ғасыр ішінде басынан өткергені айна-қатесіз қайталанады. Ол оқиғаларға: сайлау, діншілдердің бас көтеруі, әскери төңкеріс пен террористердің бір-бірімен күресі... Осындай мистикалық оқиғалардың куәгері болған Каның бойын кенеттен төрт жыл бойы келмеген шабыт кернеп, бір сәтте тілші он тоғыз жолдан тұратын өлең жолдарын жазып тастайды. Осы жерде постмодернистік белгі Каның жауып тұрған ұлпадай аппақ қарға қарап қиялға берілген сәтте «Өттеген-ай, осы бір аппақ қар кірленіп, қарайып, дақ түскен санамыз бен ойларымызды тазартып кете алатын болса ғой» деп күрсінуді көрсінуді [11].

2003 жылы Орхан Памуктың автобиографиялық очергінен өзге мемлекеттің этникалық қылмыстарын сипаттайтын «Ыстамбұл. Естеліктер қаласы» атты еңбегі жарық көрді. Өзін батысшыл санайтын жазушы Түркияда батыстану үдерісінің қалай өткенін, әлі күнге дейін жалғасып жатқанын көрсете отырып, Түрік халқын батыс әлемімен қарым-қатынасын жақсартуға шақырады. «Ақ қамал» романындағы адамдар арасындағы психологиялық тартысты автор «Ыстамбұл» шығармасында жалғастырған тәрізді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл тақырыптың етек алуына Орхан Памуктың 1985 жылы Америкаға барған саяхатында жас қаламгердің батыс мәдениетінен үлкен әсер алғандығы ықпал еткен [12, 318].

Жалпы Түріктің Умберто Экосы аталып кеткен Орхан Памук Британиялық "Observer" газеті жариялаған «XXI ғасырдың 21 қаламгері» тізіміне еніп, тек қана Түркияға емес, бүкіл әлемге өзінің шығармашылығымен танылды. Жазушының шығармалары қырықтан аса тілге аударылып, Орхан Памук көптеген қол жетпес жүлделерге ие болды, айрықша, 2006 жылы ие болған Нобель сыйлығы қаламгердің есімін мәшһүр етті. 2007 жылдан бері Орхан Памук Нью-Йорк қаласындағы Колумбия университетінің профессоры болып қызмет атқаруда. Студенттерге әлем әдебиетінің тарихы мен қаламгердің жазу шеберлігі курсы бойынша дәріс оқиды. Жазушының 2008 жылы қалам тартқан «Пәктік музейі» (Masumiyet Müzesi) атты шығармасы да өте танымал болды. Ал 2016 жылы «Менің оғаш ойларым» (Мои странные мысли) шығармасы үшін «Шетел әдебиеті» номинациясы бойынша «Ясная Поляна» жүлдесінің лауреаты атанды [13].

Жазушының Түркия мемлекетіне қарсы ұстанған бағыт-бағдарының нәтижесінде орын алған ұстанымын отандастары әртүрлі бағалауда. Базбіреулер оның қаһармандық ісіне ризашылық білдіріп қолдап жатса, екінші бір тобы оны Отанын сатқан опасыз деп айыптап жүр. Осындай қиыншылықтарға қарамастан суреткердің қайғы-мұңға берілмей, керемет туындыларды өмірге әкелуін жалғастыра беруі, оның қаламы ұшталған мықты суреткер екенін одан бетер дәлелдей түскендей.

Орхан Памук - қазіргі түрік прозасының заманауи әдістері арқылы түрік қоғамының тепе-теңдігіне нұқсан келтіретін факторларды ашуды қолға алған алғашқы түрік қаламгері. Түрік әдебиетінде XIX ғасырдың соңында пайда болып, ұлттық құндылықты жоюға бағытталған еріксіз батысқа еліктеу мәселесі бірнеше рет көтерілсе де, Орхан Памук шығармашылығында бұл мәселе жаңа қырынан көрінді. Жазушы ұлттық сипат пен тарихқа терең түсініктеме бере отырып, оның бастауы тек түркілердің көшпенді өмірімен байланысты емес екендігін, сондай-ақ, византиялық, христиандық, араб-парсылық, яки мұсылмандық өркениеттердің симбиозынан туындаған Осман дәуірінің мәдени синтезінде жатқанын атап көрсетті. Орхан Памук - Кемализм идеологиясының жаңашыл жалған шығыстық өмірге еліктеуге тырысуы, яғни симулякр десек те болады, түрік қоғамының өзінің ұлттық сипатын жоғалту феноменіне алып келді деп есептейді. Жартысы тым батыстанып кетсе, қалған бөлігі тым консерваторлық көзқарасты ұстанады, алайда, екеуінің де сыртқы пошымы мен бөтен кейпінің артында даралығының жоқ екенін жасырады.

Орхан Памук түрік әдебиетін жаңашыл эпистолярлық жанрмен, материалды ұсынудың жаңа үлгісі және жаңа стилистикалық тәсілмен байытты, әдеби тілді түрлендірді. Бір романнан екіншісін жазуға көшкен сайын Памук тек өз романдарын емес, сонымен қатар, жалпы түрік романын жанрлық және стилистикалық жағынан жаңартып отырды.

Орхан Памуктың алғашқы шығармалары - «Жәудет Бей және оның ұлдары», «Ақ қамал», «Менің атым - Қырмызы» тарихи роман екендігін айтып өттік. Соның ішінді «Жәудет Бей және оның ұлдары» туындысында өз елінің тарихын бір обасының үш әулеті арқылы жеткізуге тырысуы жазушының өзінің қайталанбас авторлық стилін табуы үшін көрсеткен шығармашылық батылдығы екені сөзсіз. Бұл романдағы постмодернистік сарынға тек мәселелер жиынтығын жатқызамыз: жазушылыққа жаңадан араласып жүрген қаламгер отағасы Жәудет Бейдің Осман түріктеріне сай емес қылық танытып, саудамен айналысу ықыласы оның әулетінің күйреуіне алып келуін баяндайды. Романда Орхан Памук жекелеген кейіпкерлердің кемализм идеологиясының кейбір ұстанымдарынан туындаған симулятивті мінез-құлқын аша отырып, кемализмді сынға алады. Жазушының

өзіндік стиліне ащы кекесінді, әсіресе, еуропалану үрдісі тұрағында сөз болғанда бұл тәсілдерді ұтымды пайдаланғандығын айтуға болады. Өз кейіпкерлерінің мінез-құлқына сай берген автобиографиялық ерекшелік, кейіпкерлерге дара мінез сыйлап, басқалардан өзгешелеп тұрады. Кейіпкерлер жұбы, мысалы Жәудет пен оның ағасы Нұсрет, Осман мен Рефик, келесі шығармаларда автор ұнатқан «айна-қатесіз егіздік» тәсілінде дамиды. Отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасынан туындаған қайшылықтар мәселесін Орхан Памук түрік қоғамының батыстану салдарынан пайда болғанын, оның өзіндік дәстүрден айырылып, орнына ештеңе бермегендігінен көреді.

«Менің атым - Қырмызы» шығармасының композициясы тым шашыраңқы: детективті сюжеттің негізгі арқауы болып табылатын тараулар кіріккен әңгіме-тараулармен алмасып отырады. Осылайша, роман құрылымы «әңгіме ішіндегі әңгіме» тәсілін күлкіге айналдырғандай.

Өзге романдарында жанрдың біркелкілігін сақтамайтын жазушы «Менің атым - Қырмызы» романын постмодернистік сарында, детективтік жанрда барлық белгілерін сақтай отырып жазған: ашық финал, ашылмаған құпия. Орхан Памук осы романда «авторлық бетпердені» барынша қолдануға тырысқан. Шығыс пен Батыс мәселесін көтеріп, көркемөнердегі миниатюра ерекшеліктерін сипаттайды. Роман түрік тарихы мен мәдениетін барынша қамтыған. Автордың тарихи оқиғаларды дәл сол заманға сай сипаттауы оның тарихты терең білетін тарланбоз екендігін көрсетеді.

Ал мәдени мәселелерде автор өзінің жақсы көретін негізгі тақырыбын, яғни, түрік қоғамының этникалық және дәстүрлі ерекшеліктерін жоғалтуын қозғайды. Қаламгерді бұл үрдістің қашан басталғаны, нендей нәрселерден қол үзіп қалғандығы, оны алмастырған қандай дәстүрлер пайда болғандығы қатты ойландыратын тәрізді. Айыпталушылар қатарында тек батыстану үрдісін қолдап-қолпаштағандар ғана емес, сонымен қатар, бірбеткей Эрзурумдық тақуалар бейнесіндегі радикалды Ислам да бар.

Детективті, тарихи және мәдени секілді үш жанрды қамтитын және үш түрлі оқу деңгейі бар «Менің атым - Қырмызы» романын әдеби сыншылар ең танымал постмодернист-жазушы Умберто Эконың «Раушан ат» деген романымен салыстыра қарастырады.

Қорытындылай келе, Орхан Памук шығармашылығында, сайып келгенде, түрік әдебиетінде постмодернистік тенденция бар деп айта аламыз. Түрік постмодернизмінің әдебиетте қолданылған негізгі түрлерінде өзінің айрықша ерекшеліктері болса да жалпы әлемдік постмодернистік мәнмәтінге сай келеді. Яғни, түрік әдеби постмодернизмі бойына постфилософияның, жаңа эстетика мен поэтиканың қалпын сіңіріп, оған өзінің ұлттық ерекшеліктерін қосып, 1990 жылдардың ортасынан бастап-ақ әлемдік постмодернистік әдебиеттің бір бөлшегіне айнала бастады. Түрік қаламгерлерінің еңбектері батыс тілдеріне аударылып, көптеген ұлттық және халықаралық сыйлықтарға ие болып жатыр. Бұл - түрік жазушыларының әлемдік әдеби үрдістен тысқары еместігінің көрінісі, ал ол, қазіргі таңда, постмодернистік өлшемдер негізінде қарастырылады. Мысалы, Орхан Памук өз еліне, мүмкін бүкіл түркі жұртына алғашқы әдеби Нобель сыйлығын тарту етті.

Әдебиеттер:

1. Репенкова М.М. (2010). Вращающиеся зеркала: постмодернизм в литературе Турции. Институт стран Азии и Африки МГУ им. М.В.Ломоносова. – Москва: Восточная литература.
2. Enginün, İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. İstanbul: Dergah Yayınları.
3. Pamuk O. (2013). Kara Kitap. Bilnet Matbaacılık ve Ambalaj San. A.Ş., İstanbul.
4. Hassan I. (1987). The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture. – Columbus, Oh.
5. Pamuk O. (2013). Benim Adım Kırmızı. Pasifik Ofset. İstanbul.
6. <http://bookmix.ru/authors/index.phtml?id=47>
7. Памук О. (2008). Другие цвета / Перевод с турецкого А. Аврутиной. Москва.
8. Бердібай Р. Ел боламыз десек.. – Алматы: Қазақстан, 2000.
9. Pamuk O. (2013). Cevdet Bey ve Oğulları. İstanbul: Promat Basım Yayım San. ve Tic. A.Ş.
10. Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. Cilt V. Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları. Büyük Eserler Dizisi I. İstanbul: Acar Matbaacılık A.Ş.
11. Ecevit Y. (1996). Orhan Pamuk'u Okumak. Kafası Karışmış Okur ve Modern Roman. 1. Baskı, İstanbul.
12. Памук О. (2006). Стамбул: Город воспоминаний / Перевод с тур. М.Шарова и Т.Меликова. – Москва: Издательство Ольги Морозовой. – 504 с.
13. <https://ru.wikipedia.org/wiki>

МЕРА ТРАНСЛИРОВАННОСТИ КОНЦЕПТА *ЖИЗНЬ* С КОРЕЙСКОГО НА РУССКИЙ ЯЗЫК В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ВЕРНАЯ ЧХУНХЯН»

Курманбекова В.А.
(Казахстан, Алматы)

Резюме

Данная работа освещает проблемы перевода лингвокультурных концептов, а в частности концепта *жизнь* с корейского на русский язык в художественном произведении «Верная Чхунхян». Целью является выявление меры транслируемости вербальных средств концепта *жизнь*. В связи с различием корейской и русской культур перед переводчиком встает проблема перевода вербальных средств концепта. В работе раскрывается какие средства применены переводчиком при переводе художественного произведения «Верная Чхунхян».

Resume

This work covers problems of the translation of linguocultural concepts, and in particular a concept life from Korean into Russian in the work of art "Faithful Chkhunkhyan". The purpose is identification of a measure of transfer of verbal means of a concept life. Due to the distinction of the Korean and Russian cultures before the translator there is a problem of the translation of verbal means of a concept. In work reveals what means are applied by the translator at the translation of the work of art "Faithful Chkhunkhyan".

Процесс перевода представляет собой трансляцию системы отношений эквивалентности между единицами двух языков, которые реализуются во множестве актов перевода.

В данном сообщении рассматривается перевод концепта *жизнь* с корейского на русский язык на материале художественного произведения «Верная Чхунхян».

По мнению В.Н. Карасика, в случае если концепт является универсальным, а в целевой культуре есть его точные и однозначные вербальные средства, тогда возможна полная транслируемость (эквивалентность) с одного языка на другой. Такие средства представляют собой те концептуальные ценности, которые являются наднациональными. Трансляция универсальных (категориальных (причина, простор, время), теософских (красота), телеономных (красота, любовь, мечта), морально-этических (совесть)) концептов вообще не составляет особых трудностей до тех пор, пока они функционируют в пределах общечеловеческих представлений о мире [1, с. 307]

Возникает вопрос, в каком случае возможна полная эквивалентность перевода, если переводчик не знаком с культурой, из которой импортируется концепт.

Как известно, наиболее распространенной проблемой, с которой сталкивается переводчик, является тот факт, что в разных языковых сознаниях по-разному формируются перцептивно-образные и валоративные компоненты концептов, которые, как правило, редко или совсем не фиксируются словарями, поскольку направлены в основном на лексикографирование понятийного (денотативного) компонента концепта. Тогда его ассоциативная и валоративная составляющие усваиваются только через индивидуальный опыт переводчика, приобретенный им в процессе коммуникативной практики. С другой стороны, из трех структурно релевантных компонентов концепта в той или иной лингвокультуре могут либо актуализироваться не все (и тогда концептуальная квалификация языковой единицы становится проблематичной), либо актуализироваться по-другому (и тогда вопрос об объективации концепта переходит в плоскость контрастивной концептологии). Существование концепта в триедином ритме «понятие – ассоциация – ценность» становится методологической предпосылкой переводоведения.

Содержание, подлежащее трансляции в другую лингвокультуру, преломляется в сознании переводчика в соответствии с его знаниями об устройстве когнитивной базы, принимающей лингвокультуры. Являясь этноспецифично окрашенными ментальными образованиями, концепты представляют собой значительную проблему при межкультурной трансляции. Очевидно, когда ученые говорят о возможности перевода какого-либо концепта при помощи его презентации в другой вербальной упаковке [Фесенко 1999: 5], они имеют в виду наднациональный характер понятия – логико-когнитивный субстрат концепта. Этноспецифичный же характер концепта может доставлять значительные трудности при трансляции в другую лингвокультуру. Не находя своего отражения в новой лингвокультурной среде, такой концепт лишен каких-либо соответствий в другом языке.

В случае, когда концепт не находит отражения в другой культуре перед переводчиком возникает проблема отсутствия / наличия эквивалентных соответствий, что позволяет говорить, по крайней мере, о трех основных моделях кросс-культурной трансляции концептов. При формировании подобной модели за основу взята идея В. Н. Манакина [2, с. 129] о типах межъязыковых семантических отношений между лексическими единицами, которая в экстраполяции на концептологический материал базируется на трех основных моделях трансляции концептов (рис.1).

— **полная транслированность (эквивалентная)** - универсальность концептуального содержания транслированного концепта для двух лингвокультур – производной и принимающей;

- **частичная транслированность (пересекающаяся)** - наличие у принимающей лингвокультуры вербальных репрезентантов/лексем, способных частично передавать содержание транслированного концепта;
- **лакунарная транслированность (безэквивалентная)** - отсутствие вербальных репрезентантов концепта в принимающей лингвокультуре.

Полная, частичная и лакунарная модели трансляции концептов прямо или косвенно затрагивают проблему совпадения / несовпадения семантических признаков в трехслойной структуре концепта.




Рисунок 1

И так как упоминалось выше полная

транслируемость возможна тогда, когда концепт является универсальным, а в целевой лингвокультуре имеются его четкие и однозначные вербальные репрезентанты. Последние представляют собой те концептуальные ценности, которые являются наднациональными. Трансляция универсальных (категориальных, теософских, телеономных, морально-этических) концептов вообще не составляет особых трудностей до тех пор, пока они функционируют в пределах общечеловеческих представлений о мире.

Частичная транслируемость концепта является самым распространенным способом перевода концептуальных единиц с одного языка на другой. Он основывается, по меньшей мере, на двух возможностях – идиосинкразической и мозаической. Первый случай реализуется тогда, когда концептуально дискретные единицы одного языка коррелируют с ментально недискретными единицами другого.

Любой межкультурный контакт предполагает обязательную передачу концептуального содержания вербальными средствами принимающей лингвокультуры. В зависимости от большей или меньшей степени сходства культурных и языковых кодов контактирующих культур может быть установлен тип эквивалентности для языковых единиц, при помощи которых культура-реципиент вербализирует концепт. Репрезентанты инофонного концепта – это либо частичные, либо абсолютные (полные) его эквиваленты.

В зависимости от природы транслированной концептуальной информации и условий протекания коммуникации результат перевода может быть разным. Так, если транслируется универсальная или общая для двух лингвокультур концептуальная информация, содержательных потерь и коммуникативных сбоев, как правило, не бывает. При передаче же культурно маркированного содержания возможны и сбои, и утрата части транслированного содержания.

Объяснением этому, возможно, может служить тот факт, что картины мира двух контактирующих культур разные, поскольку, как известно, в них по-разному происходит языковое членение мира. Соответственно, разными являются и когнитивные базы, а потому несходные концептуальные смыслы, реализующиеся в них, репрезентируются иначе. Оптимальный вариант интеркультурной трансляции концептов обуславливается не только общностью смыслового содержания на входе и на выходе (эквивалентностью), но и наличием соответствующей установки транслятора на этноспецифичность концептуальной системы реципиента, являющегося представителем другого лингвоментального комплекса.

Когда в принимающей культуре имеются вербальные репрезентанты, способные лишь частично доносить смыслы транслированного концепта, то в этом случае последний реализуется мозаически, т. е. слиянием смыслов нескольких концептов принимающей лингвокультуры или использованием синонимического ряда лексем, которые могут вербализировать концепт.

Концепт *жизнь* является универсальным, так как в каждой лингвокультуре есть свои собственные представления о жизни и ее составляющих. Однако рассмотрение корейской и русской лингвокультур приводит к выводу, что понимание жизни не является абсолютно одинаковым ввиду различия культур, менталитета и национального характера самих народов. Для анализа сходств и различий вербализующих средств концепта *жизнь* приведем его толкование в двух языках. Необходимо обратить внимание на тот факт, что в корейском языке не существует общего понятия, которое бы подходило под все возможные толкования данной лексемы, как в русском. Приведем все лексемы, вербализующие концепт *жизнь* с их толкованием.

Представим перевод вербализованных средств концепта *жизнь* с корейского на русский язык: 생명 (生命) – жизненная сила, жизнь, 생존 (生存) - существование, 삶 – жизнь, существование, 생 (生) – жизнь (живот), 생활 (生活) – бытовая жизнь, 살림 – хозяйство, средства к существованию, жизнь, 인명 – человеческая жизнь, 인생 – жизнь, 생애 (生涯) – период от рождения до смерти, 일생 (一生) – вся жизнь. Как видно из представленных лексем, концепт *жизнь* выражен языковыми средствами весьма богато. Далее рассмотрим содержание каждой из них.

1. 생명 - 사람이 살아서 숨 쉬고 활동할 수 있게 하는 힘 - Сила, позволяющая людям жить, дышать и действовать.
2. 생존 - 살아 있음 또는 살아남음 - житье, выжить.

3. **삶** : 1) 사는 일. 또는 살아 있음 – *существование*; 2) 목숨 또는 생명 - 사람이나 동물이 숨을 쉬며 살아있는 힘 - *Физиологическое существование человека или животного через дыхание*.
4. **생** - 사는 일. 또는 살아 있음 = **삶** – *существование*.
5. **생활** - 사람이나 동물이 일정한 환경에서 활동하며 살아감-*существование людей или животных в одной среде*.
6. **살림** - 한집안을 이루어 살아가는 일 *жизнь в одном доме*
7. **인명** - 사람의 목숨 *человеческая жизнь*
8. **인생 (人生)** - 사람이 세상을 살아가는 일 *жизнь человека в мире*.
9. **생애** - 살아 있는 한평생의 기간.
10. **평생** - 세상에 태어나서 죽을 때까지의 동안.=일생 - *период жизни от рождения до смерти*.
11. **일생** - 세상에 태어나서 죽을 때까지의 동안.=평거, 평생, 한살이, 한생 - *период жизни от рождения до смерти* [3].

Приведенные примеры показывают, что доминирующими лексемами являются: *существование, жизнь человека и период жизни*. Далее рассмотрим содержание вербализованных средств концепта *жизнь* в русском языке.

1. Совокупность явлений, происходящих в организмах, особая форма существования материи. Возникновение жизни на Земле; Ж. вселенной. Законы жизни.
2. Физиологическое существование человека, животного, всего живого. Дать ж. кому-н. (родить; высок.; также перен.). ж. растения. Даровать ж. кому-н. (помиловать осуждённого; высок.). Рисковать жизнью. Спаси кому-н. ж. Вопрос жизни и смерти (наиважнейший). Между жизнью и смертью (в очень опасном для жизни положении). Отдать ж. за кого-что-н. (пожертвовать собой). Положить (класть) ж. за кого-что-н. (умереть, умирать за кого-что-н.).
3. Время такого существования от его возникновения до конца, а также в какой-н. его период. Короткая, долгая ж. В начале, в конце жизни. Под конец жизни (в её конце). Прервалась чья-н. ж. Ж. прожить не поле перейти (посл.). Моя ж. в деревне.
4. Деятельность общества и человека в тех или иных её проявлениях. Общественная ж. Семейная ж. Духовная ж. Кипучая ж.
5. Реальная действительность. Провести решение в ж. Войти в ж. (осуществиться).
6. Оживление, проявление деятельности, энергии. Улицы полны жизни. Больше жизни! (призыв действовать энергичнее, живее; разг.) [4].

Приведенные примеры показывают, что концепт *жизнь* не только по-разному сформирован в сознаниях представителей корейской и русской культур, но также особенностью является то, что в русском толковании даются примеры сочетаемости для лучшего раскрытия содержания данного понятия. Доминирующими лексемами в данном толковании являются: *форма существования, физиологическое существование, время/период, деятельность*.

Как видим, по причине различий в культурах, вербализующие лексемы имеют некоторые расхождения в толковании, но при этом имеются и близкие по значению. В русских толкованиях присутствуют такие понятия, как физиологическое существование, тогда как в корейском языке подобных уточнений нет. Также отличающимся понятием является оживление, то есть то, что было не живым или не действующим, вдруг стало живым.

Рассмотрим лексемы, репрезентирующие концепт *жизнь*, в произведении Верная Чхунхян.

Лексему **평생** в контексте *이기와 성가의 좋은 연분, 평생 토록 함께 즐겨보자구나* переводчик перевел как *вместе родились, давай уж радоваться вместе*. Данную лексему выражает *период жизни от рождения до смерти*. Однако в названном контексте она переведена без упоминания периода, но несмотря на этот факт, данный перевод можно отнести к переводу с полной транслируемостью.

Лексема **지내보다** имеет значение - *испытывать человека*, в смысле *узнать человека можно со временем*, в контексте *우리 둘이 만났으니 천년만년 즐겁게 지내보자* дан перевод - *давай уж радоваться вместе десять тысяч лет*). В данном случае имеется ввиду *давай проживем в радости вместе*. Однако в данном случае при прямом переводе смысл предложения был бы совсем иным, соответственно наблюдается частичная транслируемость.

В сочетании лексем **지키다** и **어찌하다**, где прямой перевод - *сохранять, следить, сторожить*, в первом случае и *делать таким образом* во втором. В контексте *일편단심 이 내 마음 외로이 빈 방을 지키며 홀로 누워*

우는 한은 어찌하겠습니까 данное сочетание переведено следующим образом - *придется мне, как говорят, одиноко ночи коротать в пустых покоях и тосковать в слезах-вот мой удел*. В данном случае первый глагол имеет значение *сохраняя пустую комнату, коротать в ней время*, то есть проводить время - проживать данный момент. А также выражение *вот мой удел* в переводе выражено в исходном языке словом *어찌하겠습니까* имеется в виду все перечисленное в предложении и именно таким образом я буду жить. В данном случае применена и частичная и лакунная транслируемость.

Лексема **문안이 어떻다** имеет значение - приветствие, обращённое к старшим, при котором спрашивают об их делах, здоровье. В контексте *그 사이 도련님 문안이 어떠신지?* переводчик перевел *как изволисте здравствовать господин?* Данное выражение является ярким примером различий между корейской и русской культурами. В корейском языке данное выражение не переводится дословно, однако на русском языке можно подобрать эквивалент в виде приветственного *здравствуйте*, которое выражает значение, когда человек спрашивает о здоровье, однако данное понимание в современном языке вытеснило первоначальное. Несмотря на данный факт в этом примере все же применена полная транслируемость.

Лексема **보내다** имеет значение – *проводить* и в контексте *날 보내고 그리워하는 마음어서 만나 풀어야지* переводчик применил следующий перевод - *время я провожу в тоске и лишь встреча с ней избавит меня от страданий*. *날 보내다* переводится как *проводить дни*, данное выражение является синонимичным с *проводить время*, соответственно в данном случае также применена полная транслируемость.

Содержание предложения *어머에게 지극한 정상이 옛날 효자로 유명한 곽거나 맹종인들 내 딸보다 더 할 것인가*. Переводчик перевел как - *Разве Мэн Цзун, что жил в чужих краях, больше любил мать, чем моя Чхунхян?* В данном примере переводчиком применен прием пояснения для приукрашивания, так как в оригинале не упоминается о том, что Мэн Цзун жил в чужих краях.

Концепт *жизнь* можно отнести к универсальным концептам для двух изучаемых языков, при переводе репрезентирующих лексем которого переводчиком используется в основном полная транслируемость. Однако декодирование / понимание эквивалентов инофонного концепта в целевом языке осуществляется в соответствии с общими законами восприятия: реципиент трансформирует полученную информацию из вербального кода в когнитивные структуры и соотносит их со своей когнитивной базой, а потом – в зависимости от актуальности и значимости этого содержания – либо фиксирует в структурах долговременной памяти, либо постепенно утрачивает. В большинстве случаев эквиваленты лингвокультурного концепта не осознаются носителями целевой лингвокультуры как таковые. «Инокультурность» может ощущаться только при реализации той трансляционной стратегии, при которой в полном объеме передается содержание культурных коннотаций, т. е. ставится цель максимально полного отображения национальной специфики и делается особый акцент на эквивалентности и адекватности [5].

Таким образом, транслируемость концептов из одной лингвокультурной среды в другую, может опираться на абсолютные, частичные или нулевые вербальные эквиваленты. Наличие в целевой лингвокультуре абсолютных вербальных эквивалентов свидетельствует об общности исходного и целевого концептуальных смыслов. В случае, когда инокультурный концепт не имеет ни полных, ни частичных эквивалентов, можно говорить об отсутствии такого концепта в целевой лингвокультуре и о единственном возможном способе его передачи – описательном. Но транслируемость концепта *жизнь* через частичные и полные эквиваленты свидетельствует, с одной стороны, о наличии его определенных признаков в целевой культуре, а с другой, – о структурно-смысловой асимметрии взаимодействующих концептуальных систем. Но полный, частичный или дескриптивный результат трансляции концептов из одной лингвокультуры в другую прямо пропорционально зависит от степени их универсальности и градуса этноспецифичности.

Соответственно, при переводе лексем, вербализующих концепт *жизнь*, который является ядерным концептом обеих изучаемых культур, необходимо достигать комплексной эквивалентности.

Литература:

1. Приходько А.Н. Концепты и концептосистемы // Монография. – Днепропетровск, 2013. – 308 с.
2. Манакин В.Н. Сопоставительная лексикология. – Киев, 2004. – 326 с.
3. 국립국어원 표준국어대사전 [Электронный ресурс: <https://stdict.korean.go.kr/main/main.do>]. Дата обращения ...
4. Словарь современного русского литературного языка: в 20 т. – 2-е изд. – М., 1991.
5. Фесенко Т.А. Этноментальный мир человека: опыт концептуального моделирования. Автореф. дис. докт. филол. наук. – М., 1999. – 54 с.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

*Алмабекова Асель Муратхановна
(Қазақстан, Алматы)*

Түйіндемe

Құрылымы жағынан қарағанда компоненттері біршама тығыз байланысқан әрі сөйлем ішінде даяр калпында қолданылатын сөз тіркестерін фразеологизмдер деп атаймыз. Жалпы тіл білімінде, оның ішінде біз қарастырғалы отырған қытай және қазақ тілдерінде фразеологияның жалпы проблемалары түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Сонымен бірге, тілдегі фразеологизмдерді классификациялау мәселесі де әлі күнге дейін даулы мәселелердің бірі болып есептеледі. Сол себепті біз мақаламызда қазақ және қытай тіліндегі фразеологизмдердің семантикалық жүйесіне салғастырмалы талдау жасап, қытай және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер құрамына енген компоненттердің мағына тиянақтылығы мен семантикалық бірлігін көрсеттік.

Түйін сөздер: қазақ тілі, қытай тілі, фразеологизм, фразеологиялық тізбектер, фразеологизм түрлері

Резюме

Словосочетания, в составе которых компоненты тесно взаимосвязаны и используются в предложении в целостном виде, называются фразеологизмами. В общем языкознании, а именно в рассматриваемых нами китайском и казахском языках, общие проблемы фразеологии, хотя и исследуются всецело, не нашли своего точного решения. Вместе с тем, вопрос классификации фразеологизмов в языке является одним из спорных вопросов на сегодняшний день. В связи этим в статье произведен семантико-сравнительный анализ фразеологизмов казахского и китайского языков показано точное и семантическое единство компонентов, которые введены в состав фразеологизмов казахского и китайского языков.

Ключевые слова: казахский язык, китайский язык, фразеологизм, цепи фразеологии, виды фразеологии

Resume

Phrases, which include those components are closely interrelated and used in a sentence in a consistent form, called phraseology. In general linguistics, namely, we are considering the Chinese and Kazakh languages, general problems of phraseology, though studied totality, did not find its exact solution. At the same time, the issue of classification of phraseology in language is one of the controversial issues of today. In this regard, the article made a comparative analysis of semantic and phraseological units of the Kazakh and Chinese languages and shows the exact semantic unity of components that incorporated into the phraseologisms Kazakh and Chinese languages.

Key words: Kazakh language, chinese language, idiom, types of phraseology, chain of phraseology

Қазіргі таңда қытай тіліндегі фразеологизмдердің қазақ тіліне аударылу мәселесі қазақ аударматануындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бір халықтың рухы, жан-дүниесі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы аударма екені баршамамызға белгілі. Қытай тілінен қазақ тіліне аударылып жүрген көркем аудармада өз кезегін күтіп тұрған мәселелер көп. Солардың бірі – тұрақты сөз тіркестерін аудару болып табылады.

Тілдегі фразеологизмдер белгілі бір ұлттың мәдени өмірінің, ұлттық дүниетанымының, әдет-ғұрып, салт санасының айнасы болғандықтан, әлем жұртшылығы бүгінгі таңда төл тіліміздің фразеологиялық жүйесін көршілес жатқан Қытай елінің ұлттық тілі қытай тілінің фразеологиялық қорымен салғастыра зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар деп санап, зерттеу жүргізеді.

Түпнұсқадағы реалийдің аудармада қолданылуы эралуан, кей жағдайда реалийдің атауы (немесе баламасы) қатыспайды, алайда аударманың контекстегі мазмұны қалай дегенде жанама түрде реалийдің көзге көрінерліктей болуын талап етеді. Бейтарап қолданылған реалийлерді негізінен аудармада түпнұсқалық мағынасын бұзбау тиімді. Оның түпнұсқадағы да, аудармадағы да стилистикалық экспрессиясы, дербес бейнелеу сипаты еш әлсіремеуі тиіс. Ұлттық болмыстағы реалийлер функционалдық жағдайдағы белсенділігімен белгілі бір стильдік міндет атқарады.мұндай реалийді өз мағынасына жеткізуде заттық ұғымын айқындап, стилистикалық бояуының мәнін білу қажет. Реалийлер автор стилінде бірде бейнелеу ұғымында , бірде әзіл, мысқыл түрінде, бірде ойды күшейту, нақты бір нәрсеге назар аударту немесе тереңірек таныстыру тұрғысында кездеседі [4].

Реалийлерді кейде сол күйінде қалдыруға, кейде түпнұсқалық тілге жақын, баламалы сөздермен алмастыруға болады. Реалийлер ұлттық тілді жаңа ұғымдармен байытады., басқа ұлт тілінде кең қолданысқа енеді. Шығарманың ұлттық сипатын, түрін сақтап, ұлттық колоритін дәл, шынайы бере білу-аудармашы таланттылығы. Аударма теориясында әлі өткір талқыланып келе жатқан мәселе-ұлттық сөз сөйлеу ерекшеліктері, колориттер, реалийлер, символдар.

Аударма тәжірибесінде де қиындық тудыратын, аудармашылық ізденісті аса қажет ететін құбылыс реалийлер. Көп аудармашылар осыдан жиі шатысады. Оның ұлттық негізіне мән бермей, балама аударып, жаңа мағынада көрсеткенімен, көп жағдайда мәтінмен үйлеспей, оқшауланып қалады. Мысалы Үндістанда әйел жүрісін пілге теңеу үйреншікті жай. Ал басқа әдебиетте бұлай салыстыру жағымсыз көрініс. Сербтерде қыздардың аянышты зар еңіреп жылауын сұр жыланның ысылдағанына теңейді. Ал бұған басқа елдің оқырмандары тітіркене көз жүгіртерін анық. Орыс поэзиясында сұлу аруларды ақ қайыңға теңеу дәстүрлі сипат алған. Кейінгі қазақ поэзиясында да осындай құбылыс бар латвия фольклорында қайыңға қызда теңемейді, жігітті теңейді. өйткені қайыңның қаттылығына қатысты емес, қайың –мужской род , еркектерге салыстыру үшін алынса, қыздар үшін жөке ағашы салыстырылады.

Сөздердің қызметтік мән мағына жағынан ұқсас түрін пайдалану реалийді жеткізудің тиімді мүмкіндігі. Реалийлерді аударуда сабақтастық сақтау маңызды. Аудармада оған мағыналық қуаты, сипаты сай келетін

нұсқасы жасалады, не болмаса одан мүлде бас тартып, жаңа мағыналық баламасын, сәйкес сыңарын іздестіру қажет. Реалийді қызметтік сипатына сай сөздермен ауыстыру және мағынасын қуатты, рамды сөз тіркестерімен ашу бар. Кейде аудармада жақындату тәсілі де қолданылады. Қызметтік мәні ұқсас сөздерді пайдалану ұйғарылады, реалийлер мағынасын толық жеткізу түсіндірмелі, сипаттамалы аудармаға негізделеді. Онда реалийдің транскрипциясын не транслитерациясын жеткізеді. Реалийді аударуды екі елдің лингвистикасын терең білумен бірге, сезімталдық, түйсік, бағдарлық білім т.б. тән.

Стилистикалық- экспрессивтік ұлттық ерекшеліктегі реалийді аударуда ең алдымен мән-мәтіндегі реалийдің функционалдық мәніне көңіл бөлінеді. Мұндай реалий көп жағдайда не реалийдің заттық мазмұнын экспрессивті ашу жолымен, не мән-мәтінде басым рөлін ойнайтын реалийдің қандай да бір стилистикалық реңкін қайта жасаумен аударылады. Барлық жағдайда да аудару тәсілін таңдау үшін реалийдің «үлкен мән-мәтіндегі» байланысында кей кезде барлық шығарманың ауқымын зерттеп алған жөн. Осыған байланысты С.Влахов пен С.Флорин мынадай қорытынды жасайды:

1. Мән-мәтіндегі реалий қызметін мағыналық түсіндіру--әдеби көркем шығарманың мән-мәтіндегі реалийін дұрыс аудару шарттарының бірі. Реалийді аудару мәселесін зерттеу дегеніміз, ең алдымен, мән-мәтіндегі реалийдің қызметін жеткізудің жолын меңгеру.

2. Ұлттық ерекшеліктегі реалийлерді аудару міндеттері реалийдің мән-мәтіндегі орын алуына қатыссыз, стилистикалық қатынас жағдайында белсендісінен не немқұрайдысымен ауыстырылады.

3. Реалий мән-мәтінде семантикалық әрі стилистикалық жағынан ырықсыз болуы да мүмкін әрі сөйлемнің грамматикалық мүшесіне стилистикалық қатынаста кәдімгі «қатардағы» бейтарап рөл атқаруы мүмкін.

4. Реалийлер семантикалық әрі стилистикалық жағынан белсенді болумен бірге, мән-мәтінде стилистикалық экспрессивтілік қасиетімен өзара ықпал ете келіп, мән-мәтіндегі өзінің заттық мәніне жақындауы не алшақтатылуы мүмкін [5].

Стилистикалық мәнерліліктегі реалий түрлі субъективті авторлық қатынастағы шығарма кейіпкерлерінің іс әрекеті мен айтқан сөздерінде әжуа, қалжың, әзіл т.б. түрінде қолданылуы мүмкін.

5. Әрбір қолданылған реалийдің өзіндік аударылу шарттары мен ерекшеліктері бар.

6. Аудармашы реалийдің тек қана заттық-мағыналық сипатын жақсы білумен бірге, стилистикалық экспрессия жағынан бағалай білу керек, сондай ақ, тілге берік енген, аудармасы бар реалийлерді де білуі керек, оларды аудармада қолданбастан бұрын, оның стилистикалық экспрессиясын талдау керек. Бұл реалийлердің түрлі ұлттық сананың қабылдауында көзбе көз айырмашылығы байқалады.

Реалийлер - баламасыз лексика. В.Крупнов анықтамасы бойынша «үрдістер мен құбылыстарды белгілейтін, аударма тілінің аталған даму кезеңінде онда ешқандайда баламасы болмайтын сөздер мен сөз тіркестері» [6]. Аударма әдебиетте баламасыз лексиканы зерттеушілер талдаған негізгі тәсілдер:

- 1) толық және жекелеген транслитерация;
- 2) лексикалық және фразеологиялық калька жасау;
- 3) жақындатылған аударма, сипаттамалы шендестіру.

Кейде аудармашылар реалийді жеткізуде калька тәсіліне сүйенеді. Олар түпнұсқаның бейнелілігін жеткізуде сипаттама жасайды.

«Транслитерация көбінесе мына жағдайда қажет, егер де түпнұсқа тіліндегі реалийдің оған сай келетін дағдылы белгіленген лексикалық ықшамдылығын сақтағанда, сонымен бірге, аударма тілінде аталған заттар мен ұғымдардың дәл сәйкестігі анықталмаған жағдайда. Транслитерацияның мақсатқа сәйкестілігін бағалай келе, бұл ерекшелікті жеткізудің қаншалықты маңызды екенін мүмкіндігінше дәл есептеу керек. Егер де соңғысы талап етілмесе, онда транслитерацияны орындау шетелдік кіріккен сөздерді теріс пайдалануға айналдырады да, мағынаны көмескілеп, ана тілді ластауға әкеп соғады» деп жазады А.Федоров [7]. Мысалы ағылшын тіліндегі *даблдектер*-екі қабатты қызыл автобус, аударма калькасы-*екі палубалы автобус*.

Реалий-белгілі бір ұлтқа тән, ұлттық ойлаудың, мәдениеттің, тілдік коммуникацияның жемісі. Ғасырлар бойы қолданыстан қолданысқа ауысып, түпкі мән-мағынасын бұлжытпай сақтап келе жатқан тілдің айырықша құбылысы. Ұлттық болмыстың өзіндік дара сипаты. Оған аса жауапкершілікпен терең мән беру қажет. Әсіресе ұлттық әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, рөлдік қатынастар, әдептілік, сыйластық сипатындағы реалийлердің мағыналық баламасын табу мүмкін емес. Ең бастысы, аудармада, жан-жақты, терең, дұрыс сілтеме, түсініктеме және мағыналық сипаттама берілуі.

Аудармадағы тағы бір күрделі мәселе-діни реалийлер, діни ұғымдар. Кеңестік кезеңде коммунистік партияның дінге қарсы атеистік саясатынан классикалық көркем әдебиеттегі дінге қатысты мәтіндер өрескел бұрмаланды, кейде тіпті басқа діни ағымның атау ұғымдары екінші бір діни сөздермен алмастырылып, оқырманды шатастырды. Діни сауаттың жоқтығынан, дін саласынан жеткілікті хабардар болмаудан әрі діни атау, ұғымдардың мән-мағынасын түсіндіретін арнайы сөздіктер болмағандықтан, аудармашылар жиі қателесті.

Реалийлер баламасыз лексикаға, терминдер негізінен тілдік бірліктерге жатады. Терминдер-ұлттық немсе тарихи бояуынан айырылған ғылым тілінің астарлы элементі. Реалийлер көбінесе көркем әдебиетте кездессе, терминдер ара тұра көркем шығармаларда мақсатты қолданылғанымен, көбінесе ғылыми-техникалық еңбектер

мәтініне тән. Термин- бір елдің, ұлттың қажеттілігі ғана емес, барша адамзат құндылығы. Реалий бір халықтың дәстүрлі әдеп-ғұрпынан, өмір салтынан туындайды. Терминдер шығу тегі жағынан реалийден ерекшеленеді. Көптеген терминдер заттарды атауға байланысты жасанды түрде туындайды.

Реалийлер-халықтық ұғым, атау, ұлттың өзіндік дара меншігі. Кейбір реалийлер әдеби нормадан ауытқиды. Реалийлер диалектизмде де кездеседі. Көптеген реалийлер белгілі бір ортада пайдаланылатын заттарды белгілейді. Жай сөз немесе жаргондық лексика төмендетілген стиль элементі саналса, әдеби нормадан лексикалық ауытқулар, бұрмалап сөйлеу, балалар сөзі және т.б.

Ұлттық түрдегі реалийлер жергілікті елге тән. Шет тілдік сөздерді қосып айту дағдысы - автордың түпнұсқада өзінің тілі емес басқа тілде немесе ежелден жазылған тілде немесе ежелден жазылған тілде немесе транслитерацияда қандай да бір морфологиялық өзгеріссіз жеткізетін сөздер мен ұғымдар. Бұл да реалий саналады. Мысалы қазақтың орыс сөзін немесе өзбектің қазақ сөзін бұзып жеткізуі. Бір тілден екінші тілге кірігу арқылы жасалған реалийлер бар.

Реалий - жекелеген заттардың, материалдық әлемнің болмысы. Аударма тілінде соңғы кездері экзотизмдер деп аталды. Реалий сөздер негізінен қандай да бір халыққа, елге немесе өңірге тән тұрмыстық реалий мен қоғамдық өмірдің сипаттайтын тілдегі лексемалар саналады. Тақырыптық жүйеге сай оларды бірнеше топқа бөлуге болады.

Экзотизмдер - тұрмысты, әлеуметтік қатынасты, табиғатты білдіретін реалий, «жекелеген халықтардың өмірін, әдет-ғұрпын, тұрмысын» бейнелейтін сөз. «Басқа халықтардың өмірі мен тұрмысын сипаттауға» арналған сөздер. Бұлар белгілі бір өңір, аймаққа, елге, мемлекетке бекітілген. А. Супрун анықтағандай «экзотикалық лексика» тура мағынасында – «жат жерлік», «жат елдік» ұғымын берсе, сөздің экзотикалық атауы елестететін таңғажайып, өзіне таңданыс туғызатын сөз [8].

Ұлттық реалийлер – аталған халық, ұлтқа тән ерекше сөздер, атаулар. Айқын ұлттық реалийлер, мысалы, домбыра, бандура. Аймақтық, интернационалдық реалийлер бар.

Көркем аудармада реалийді берудің мынадай түрлері бар:

1) транскрипция (транслитерация)

2) аудару (ауыстыру)

1. Неологизм: а) калька; б) жартылай калька; в) меңгеру; г) семантикалық неологизм

2. Реалийлерді ауыстыру

3. Мағыналық жақындықтағы аударма: а) тектік – түрлік ауыстыру; б) функционалдық ұқсастық; в) сипаттау, түсіндіру, талдау.

4. Контекстуальдық аударма.

Меңгеру – басқа тілден қабылданып, сіңіп кеткен реалийлер. Жартылай калька – жекелеген бөліктері ғана кіріккен сөздер [9].

Экзотизмдер аударма тілі арқылы транскрипциялық негізгі тәсілмен фонема бойынша ұқсастықта беріледі. *Minnesinger-миннезингер, fihe-фьюер, kwas-kwas, шанка-shapka*, т.б. Экзотизмдер транскрипция кезеңінен өтіп, аударма тілінде пайдаланылумен бірге, біртіндеп, аударма тілінің грамматикалық көрсеткіштерімен артып отырады.

Реалийді жеткізуді жеңілдететін бір мүмкіндік, аударылатын тілде функциясы бойынша соған жақын сөздің болуы. Мұндай жағдайда мағыналық жақындықтағы аударма қолданылады. Ол контекст шартын дәлелдейді немесе реалийді сипаттамалы тәсілмен жеткізумен шектелінеді.

Ғалым А.Алдашева көрсеткендей, «реалийлер, ұлттық мәдениетті белгілейтін басқа да атаулар функционалды қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұсқан келтіреді. Сондықтан аудармашы текстегі қолданылған, қазақ тіліне мәдени-танымдық сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, қандай ұғымда жұмсалғанына, контекстегі стильдік жүгінің ауқымына назар аударуға тиіс» [10]. Тағы бір пікірге назар аударайық. «Лингводидактикалық теория бойынша, Е.М.Верещагин және В.Г.Костомаров ғалымдарының «Тіл және мәдениет» атты орта еңбектерінде- тілің оқи отырған мемлекеттік реалийлерін білмей толық коммуникацияларға түсу мүмкін емес. Тілді оқыту, сол мемлекеттің мәдениеті мен менталитетін бірге оқытылуы тиіс».

Тіл білімінде реалийлерді әр түрлі терминмен атау үрдісі байқалады: эквиваленті жоқ лексика, экзотикалық лексика, бұлардың жалпы негізгі мазмұны жағынан бір-бірінен аса бір айырмашылықтары жоқ. Қазіргі аударматануда осы терминнің баламасы ретінде лакуна (лат.: «lakuna») термині де қолданылады және оның тілдік түрлері ерекшелінеді. Біріншісі, тілдегі лексикалық, грамматикалық, стилистикалық баламасы жоқ бірліктер болса, екіншісі, белгілі бір ұлттық мәдениетте ғана кездесетін, басқа мәдениетте сәйкес баламалары жоқ дүниелер» [11; 12].

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жүйелей келе төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1) Ең негізгі критерийлердің бірі – шығарманың коммуникативті құндылығы. Коммуникативті функция іске асқан кезде белгілі бір коммуникативті әсер берілетінін білеміз. Яғни, аудармашының негізгі мақсаты әр түрлі тілдерде сөйлейтін, қатынасқа түсетін коммуниканттардың арасындағы лингвоэтикалық

бөгеттерді бұзу және бір тіл шегінде коммуникацияны мүмкін ету. Басқа сөзбен айтқанда, әр түрлі лингвистикалық топтарға жататын коммуниканттардың қатынасын мүмкіндігінше тиімді жасау;

2) Реалий сөздер эквивалентсіз лексика тобына жатады. Бұл басқа халықтың тілінде, оның сөздігінде эквиваленті жоқ лексика. Алайда, тіл амалдары арқылы біз осы реалий сөздерді жеткізе аламыз. Соған қарамастан, реалий сөздер басқа халықтың тілінде уақытша жоқ лексикалық бірлік деп айтуға болады.

Эквивалентсіз лексика – бұл басқа тілдің лексикалық бірліктері арасында толық немесе жартылай сәйкес лексикалық бірліктері (сөздер және тұрақты сөз тіркестері) жоқ лексика. Негізінен, эквивалентсіз лексикаға реалия сөздер, уақытша эквивалентсіз терминдер, эквивалентсіз сөздер жатады.

Ұлттық-мәдени ерекшеліктер тек қана эквивалентсіз лексикада көрініс таппайды. Сонымен қатар берілген тілде басқа тілдегі сөздердің және мағыналардың болмауы. Яғни, лакуналар – тілдің семантикалық картасындағы ақ дақтар.

3) Тіл аралық эквиваленттілік деңгейінде реалия сөздердің семантикасын денотат, конотат және коммуникативті-функционалды маңыздылық деңгейлерінде қарастыруға болады. Демек, тіларалық эквиваленттіліктің негізгі түрлері: денотаттық, конотаттық және коммуникативті-функционалдық;

4) Аударма әдеби-тілдік интерпретация ретінде анықталады. Ал аудару үдерісі, жаңа мәліметтің туындауы ретінде анықталады. Аудару тәсілдері - аудармашының бағдарламалық тәсілдері ретінде қарастырылады. Соның арқасында түпнұсқа және аударма арасында жоғары деңгейге жету мүмкін. Аударма ісі мәдениет-ұлт-тіл тұтастығы шеңберінде талданады [13]

Көркем аударма шеберлігі мәселесі қазіргі әдеби процесте де көкейкесті мәселелердің бірі ретінде көрінуде. Мұны өмір заңдылығы деп тануымыз керек, өйткені көркем әдебиетке қатысты да әр заманның, әр кезеңнің өзіндік талабы, өзіндік үні болары, әдебиеттің, көркем аударма өнерінің дамуы күн тәртібіне жаңа проблемаларды қоятыны анық.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жалпы әлемдік мәдениетпен байланысында, әлем әдебиетінің құнды шығармаларын қазақ оқырманына жеткізуде орыс тілінің, орыс мәдениетінің үлкен рөл атқаратындығы даусыз. Соған орай, көркем шығармалардың орыс тіліне қазақ тіліне аударылуын әдебиеттану және тілтану ғылымдарының зерттеу әдістері мен бағыттарын тұтастыра отырып жүргізілген зерттеу жұмысымызда көркем прозадағы аударма шеберлігінің кей қырлары анықталады. Аудармашы Қ.Қараманұлының аударма өнеріндегі жетістігі мен олқылығы, табысы мен кемшілігі, оның аудармашылық шығармашылығы, ерекшелігі жалпы аударма өнері принциптерімен, әдеби процестегі көркемдік, стиль, ырғақ, ізденіс пен зерттеу мәселелерімен бірлікте қарастырылып, тұжырымдалып жасалды.

Аударма жұмысына дайындық кезіндегі тәржімашы ізденісі мен зерттеуі көбіне-көп талап деңгейіне көтерілген. Алайда бұл жұмыстарда олқылықтар да баршылық. Салыстыру, талдау нәтижесінде тәржімашы шығармашылығында сипаттық мәнге ие олқылықтар анықталып, олардың жіберілу сыры ашылды, аударма өнерінде, аударма жұмысында кейін де кездесуі мүмкін осы олқылықтарды болдырмаудың жолы анықталды.

Әдебиеттер:

1. Cornes, A. Culture From the Inside Out: Travel and Meet Yourself. -Yarmouth: Intercultural Press, 2004.
2. Исабеков С.Е. Зарубежная межкультурная коммуникация // Сб.статьей. – Алматы: КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2013. - С. 5-8.
3. Маслова В.А. Лингвокультурология. - Издательство академия, 2001. – 208 с.
4. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. –М.: Высшая школа, 2005. - 310 с.
5. Тарақов Ә.С. Аударма әлемі, Алматы, 2011
6. Федоров А. Основа общей теории перевода. Москва, 1983
7. Гарбовский Н.К. Теория перевода. Москва, 2004
8. Виноградов В.С. Введение в переводоведение. Москва, 2001
9. Алексеева И.С. Введение в переводоведение. Москва, 2004
- 10.Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы мен практикасы. Алматы, 2005
11. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Москва, 2001
12. Алдашева А. Аударматану. Алматы, 2006
13. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Филологические науки» №1(47), 2014 ж.

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНДА АУДАРМАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Садықова Р.К.
(Алматы, Қазақстан)

Түйіндеме

Бұл мақалада қазақ ғылымындағы аударманың теориялық және практикалық жақтарының зерттеулері, аударманың лингвистикалық теориясының қалыптасуы, қазақ ғылымында аударманың практикасы бойынша аударманың теориялық жағымен салыстырғанда, анағұрылым көп жұмыстар жүргізілгені жайында толыққанды мәліметтер беріледі.

Тірек сөздер: аударма, салыстыру, лингвистикалық теория, ғылыми тұжырым, қалыптасу, әдеби норма, функционалдық жүйе

Резюме

В данной статье приводятся подробные сведения о теоретических и практических аспектах перевода в казахской науке, становлении лингвистической теории перевода и многое другое по сравнению с теоретическими аспектами переводов в казахской науке.

Ключевые слова: Перевод, сравнение, лингвистическая теория, научные выводы, формирование, литературная норма, функциональная норма.

Summary

This article provides detailed information on the theoretical and practical aspects of translation in kazakh science, the formation of a linguistic theory of translation and much more compared to the theoretical aspects of translation in kazakh science.

Keywords: Translation, comparison, linguistic theory, scientific findings, formation, literary rule, functional system.

Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы атақты зерттеуші Қ. Жұбанов өзінің шағын мақаласында орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы синтаксистік құрылымның ерекшеліктерін сөз етті [1]. Бұдан кейін Қазақстанда аудармаға қатысты пікірлер 1950 жылдардан бастап көбірек айтыла бастады. Өйткені осы кезеңде біздің елімізде аудармаға көбірек мән беріліп, көптеген әдебиеттер (көркем шығармалар) бір тілден екінші тілге аударылды. Елуінші жылдарда ең бірінші болып, аударманың тілдік-стильдік жағдайына тоқталған ғалым – М.Әуезов. Ғұлама жазушының пікірлерімен таныса отырып, біз М.Әуезовті Қ.Жұбановтан кейін аударманың лингвистикалық теориясының негізгі мәселелерін көрсетіп берген ғалым деп санаймыз. Өйткені оған дейін қазақ интеллигенциясы, жазушылар мен журналистер, ғалымдар бір тілден екінші тілге аудару ісі тек әдебиеттану ғылымының шаруасы деп жүрді, өйткені орыс ғалымдары да осылай деп есептеген болатын. Бұдан әрі М.Әуезов көрсеткен «ақын-жазушының өз ана тілінің ұлттық формасы мен түрін кәдеге жаратып, өз тарапынан «жаңа сөз туындыларын қосу, жаңа сөз байланыстарын жасап, бар сөздердің мағыналарын тереңдетуі, жаңартуы керек» деп айтқаны – аударманың лингвистикалық теориясының басталуы.

Осындай пікір жасауға ғалым-жазушының келуінің бірнеше себептері кейінгі ғылыми тұжырымдарда көрсетіледі. Мәселені анықтап беру үшін біз ғалым А.Алдашеваның тұжырымымен толық көрсетеміз: «Тәржіманың толыққанды жазба үлгілерінің қалыптаса бастаған кезеңі – 1920-шы, 30-шы жылдар; ал шын мәнінде алғашқы тәжірибелер қорытылып, кемістік-кегіткер жөнге түсіп, «көркем аударма да соны шығармалар сияқты, творчестволық еңбекті, шеберлікті талап ететін үлкен искусство» екенін мойындатқан тұс – 1950-1960 ж. арасы. Бұл кезең сондай-ақ қоғамдық-саяси, ресми мазмұндағы әдебиеттің, оқу-ағарту әдебиетінің жаппай тәржімалана бастаған кезі. Нақ осы кезден бастап орыс тілінен қазақ тіліне аударудың тәсілдері мен жолдары, тәржімалаудың тілдік-стильдік принциптері, аударманың нормасы тәрізді маңызды факторлардың ерекшеліктері қалыптаса, әрі біртұтас, бірізді жүйеде анық көріне бастады.

50 жылдардан бастап қазақ лингвистикасының нақты ғылыми-теориялық бағыттары бір арнаға түсе бастады: осы тұста қазақ алфавиті мен графикасы реттелді, лексикографиялық еңбектердің негізгі ұстанымдары (принциптері) анықталып, әр алуан типтегі сөздіктерді (екі тілді, терминологиялық, орфографиялық және т.б.) шығару қолға алынды; қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесі мен құрылымы турасында кешенді зерттеулер жарияланды. Сөздің семантикалық өрісі, сөз құрылымының екі жақты сипаты ғылыми назарға ілінді. Қазақ көркем әдебиетінің тілі мен стилі, стилистика ғылымы, функционалдық стильдер жүйесі, сөз мәдениеті, әдеби норма мәселелері жайындағы алғашқы пікір-көзқарастардың айтыла бастаған тұсы да – осы мерзім. Әдебиеттану ғылымының жеке ғылыми аспектілерінің саралана, жетіле дами түсуде де осы кезеңде елеулі ілгерілеулер болды. Жалпы алғанда, бұл кезең, яғни осы ғасырдың 50-90 жылдарының аралығы – әдебиет пен тілдің дамуындағы қоғамдық-ұлттық, әлеуметтік сипаттары жағынан айрықша дәуір» [2; 5-6].

М. Әуезов айтқан пікірден кейінгі жылдарда бір тілден екінші тілге аударудың тілдік жағдайына арналған, оның ішінде көркем әдебиеттің аударылуы зерделенген бірнеше жұмыстар болды, бірқатар жұмыстарда қазақ көркем әдебиетінің ағылшын, неміс, француз тілдеріне тәржімасы әңгіме болды (Ю.Сушков, Д.Алтайбаева, З.Жантیکеева, Ө.Иппағанбетов және т.б.). Бұл еңбектермен танысу барысында біз авторлардың тілдік фактілерді салыстырып, «жақсы-жаман», «дұрыс-дұрыс емес» деген қорытындылар жасағанын байқап, дей тұрсақ та осы авторлардың еңбектері арқылы қазақ аударматану ғылымына үлес қосылғандығын айта аламыз.

60-70 жылдарда да зерттеулер жүргізілді, бірақ оларда тәржіма ісі әдебиет, шығармашылыққа қатысты болды (С.Толжанов, Ө.Сатыбалдиев және т.б.). Дегеннің өзінде де бұл еңбектерде тілге қатысты мәселелер қолданылып отырды. Лингвистикалық тұрғыдан келген жұмыс ретінде Ө.Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деген зерттеуін атаймыз [3]. Бұл – 70-інші жылдарда орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем шығармадағы фразеологиялық тілдік бірліктерді тілдік-стильдік тұрғыдан жүйелі етіп талдаған бірінші еңбек. Жұмыста орыс тіліндегі фразеологиялық единицалардың сөзбе-сөз, еркін, жуықтатып аударылған тұстары талданып, әдеби нормаға байланысты, қазақ әдеби тіліне ену жағдайлары толыққанды айтылады.

Бұл арада аударма әдебиеттің әдеби тілдің баюына қосқан үлесі туралы көзқарастарға тоқталмай өту мүмкін емес. Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем әдебиеттің тілін, жалпы аударманың тарихын талдағандар

тәржіма ісінің қазақ әдеби тілін жаңа сөздермен, терминдермен молайтуға, көптеген қосымшалардың өнімді болуына әсерін жиі көрсетіп отырады. Мысалы: «XVIII-XIX ғасырларда қалың көпшілікке (хат танытандарға) білім ғылымның әр саласынан хабар беру мақсаты болған аударма әдебиет кейін дами келе, әсіресе XX ғасырдың II жартысында қоғамдық-публицистикалық стильдің, ғылыми стильдің, ресми іс-қағаздарының қалыптасуында маңызды рөл атқарды» деді ғалым-академик Р.Сыздықова [4]. «Аударма әдебиет...қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз орамдарының) қаншалықты болғанын байқауда аса қажетті материал» деп атап өткен [5;65].

«Ғылым мен техникалық әдебиеттер стилі аударма әдебиеттер негізінде жеке стильдік тармақ болып қалыптасты» деген түйін де бар (Ө.Айтбаев). Өткен ғасырларда өмір сүрген қазақ зиякерлерінің өкілдері аударманың басты қайнар көз екендігін жақсы түсініп, әрі оның технологиясын шебер меңгергендіктен, аударма арқылы көптеген жаңа сөздер жасаған, мысалы, қазақ лингвистикасының негізін салушылардың бірі А.Байтұрсынұлы «әдебиетке, өнерге, тілге қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай, түгелдей қазақша балама тапқан» [6;13].

«Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір жолы – калька тәсілі, яғни орыс не шет тілдерден енген жеке, күрделі терминдерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отыра, өз тілімізге сөзбе-сөз аудару» - деп жазған болатын академик Ө.Қайдар [7;17]. Бір тілден екінші тілге аудару ісінің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуін жүйелі талдап, бағдарламалық нақты ғылыми тұжырымдар ұсынылған еңбек деп, «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» деген монографиялық еңбекті айтамыз [2].

Бұл еңбектің басты ғылыми және практикалық тұжырымдарын барынша жинақтап, топтап атап шығуға тырысамыз, олар мыналар:

- қазақ ғылымында аударманың практикасы бойынша аударманың теориялық жағымен салыстырғанда, анағұрылым көп жұмыстар жүргізілген; яғни XX ғасырдың елуінші жылдарының өзінде-ақ 300-ден астам көркем шығарма (орыс және шетел әдебиеті өкілдері жасаған) қазақ тіліне аударылған; оларды зерттеу көбіне әдебиеттану ғылымы аспектісінде қарастырылған;

- аударма ісі мәдениет-ұлт-тіл тұтастығы шеңберінде талданған; осыған байланысты бұл лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика бойынша және осы салалардың бағыттарын аударманың теориясымен салыстыра қараған алғашқы еңбектердің бірі деп санаймыз. Ғалым былай деп жазады: «Адам факторының тілдегі көрінісін, тіл мен сол тілді иеленуші адамның (тұтас бір халықтың) ойлау-пайымдау қабілетінің арасындағы байланысты, ұлттық мәдениеттің ұлт тіліне (және керісінше) ықпалын зерттеуде аударма әдебиет көп көмек жасайды. Аударма әдебиетті түпнұсқамен салыстыру бірнеше тілдерде бар универсалды бір ұғым, образ, стереотиптер үшін жұмсалатын тілдік единицалардың ұлттық-мәдени құндылығын дәлірек танытуға мүмкіндік береді» [2; 17].

- автор қазақ мәдениетінде орыс тілінен қазақ тіліне аудару тәжірибесінің мол болғандығын айтып, қазіргі кезде шығыс тілдерінен тәржіма жасаудың Қазақстанның экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік байланыстары үшін маңызды болып отырғандығын көрсетеді;

- молынан жасалған аударма әдебиетті автор 2 бөлікке топтастырады:

а) көркем әдебиетті аудару; ә) арнаулы ақпаратты әдебиетті аудару (бұған қоғамдық-саяси, ресми, ғылыми мазмұндағы әдебиет жатады), бұларды тәржімалауда тілдік-стильдік ерекшеліктердің болатындығын талдайды [2; 23-24];

- аударылатын мәтіннің (түпнұсқаның) ерекшеліктерін көрсетеді;

- аударманы бағалаудың екіжақты нәтижесін талдайды [2; 42].

- аудармашының лингвоэтикалық құзіретінің қандай дәрежеде болуы керектігін анықтап береді;

- қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесінің дамуындағы аударма әдебиеттің рөлі нақты тілдік фактілер бойынша жан-жақты талданады;

- аудармада концептілердің берілу ерекшеліктері айтылады;

- аудармадағы трансформация бойынша маңызды қорытындылар жасалады.

Кейінгі жылдарда да аудармаға қатысты едәуір жұмыстар атқарылды. Бағдарламалар (Н. Шаймердинова), сөз аударма ғылымына қатысты терминдердің сөздігі (А.Жұмабекова) шығарылды, ғылыми көпшілік мазмұнда, практикалық тұрғыдан көмек берерлік еңбектер бар («Аудармашыға көмек» С.Құлмановтың кітабы).

Соңғы уақыттарды, сонымен бірге, ағылшын, қытай, араб, парсы, түрік тілдерінен қазақшаға тәржімалау талдана бастады, бұған байланысты Ө.Ғалиева, П.Дәулетова және Д.Дүйсебаевтың еңбектерін атауға болады.

Біз бұған дейін қазақ аударматану ғылымындағы басты пікірлерге тоқталдық. Дегенмен ғылымның осы саласының әлемдік ғылымда, оның ішінде орыс тілі ғылымында қалай бастау алып, қандай зерттеулер жасалғандығына бөлек тоқталу қажет. Өйткені аударманың теориясы орыс тілі білімінде тиянақты зерттелген.

Орыс ғылымында алғашқы аударма-әдебиеттің ісі деп қаралған болатын. Аударманың лингвистикалық теориясын алғаш рет жүйелеп берген ғалым – А.В.Федоров. Автордың өзі былай деп жазады: «Бұл кітаптың, аударманы тіл білімінің масштабында қараған осы еңбектің бірінші басылымы шыққан кезде ол осы бағыттағы жалғыз және алғашқы еңбек болды; оған «аударманы әдебиет ғылымынан бөлек қарастырып, әдебиеттен шеттетіп жіберген» деген сын көп айтылды»[8;3]. Шындығына келгенде, А.Федоровтың осы еңбегінде әдебиетшілдік басым екендігі бар. Ол тілдік проблемаларға жанамалай қарайды. Зерттеуші аударманың тілдік проблемалары дегенде мыналарға көңіл бөледі және бұлар, анығында да, А.Федоровтың еңбегі арқылы бірнеше рет айтылған:

- аудару кезінде тілдік құралдарды таңдаудың шарттары;
- реалийлердің, баламасыз лексиканың берілу ерекшеліктері;
- жалған лексика түсінігі;
- грамматикалық құрылымдардың берілуі;
- фразалардың аударылу ерекшеліктері;
- аударылатын мәтіндердің жанрлық типіне қарай ерекшеліктері.

Аударма әдебиеттің қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымының, функционалдық жүйесінің қалыптасуына, баюына, өзгеруіне тигізген әсері жөнінде айтылған көзқарас аударма ісінің тілдік тұрғыдан зерттелуінің қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп отыр.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.—Алматы: Ғылым, 1966.-361б.
2. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер.— Алматы: Арыс, 1998. — 215 б.
3. Айтбаев Ә. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс.—Алматы: Ғылым, 1975. -206 б.
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы .-Алматы: Мектеп, 1984.-246 б.
5. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982.-65б.
6. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек. А.Байтұрсынов «Ақ жол». — Алматы, 1991. — 30-14 бб.
7. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. — Алматы: Рауан, 1993.-41б.
8. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). — Учебное пособие. — 4-изд., перераб. и доп. — М.: Высшая школа, 1983. — 303 с.

ТИПЫ ИНФОРМАЦИИ В ТЕКСТЕ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ПЕРЕВОДЧИКОВ

Амирова Ж.Г.
(Алматы, Казахстан)

В практике подготовки будущих переводчиков на филологических факультетах университетов большое значение имеет формирование навыков продуктивной работы с текстом, поскольку именно текст является одновременно важнейшей единицей обучения иностранному языку и навыкам профессионального перевода. В современной отечественной и зарубежной лингвистической литературе сложилось устойчивое представление о тексте как комплексном языковом знаке, репрезентирующем полиполярную по своей природе информацию (см.: 1, 228). Процесс перевода требует сохранения информации, заложенной в тексте оригинала как некой инвариантной основы, а, следовательно, будущий переводчик должен владеть навыками сопоставительного анализа базовых информативных единиц (слов, словосочетаний, предложений) языка оригинала и языка перевода с учетом их соотносительности с фактами материальной и духовной объективной действительности и системой конкретного языка.

Каковы же основные типы информации, заложенной в тексте? Прежде всего, любой текст представляет собой «портрет» конкретного языка, на котором он создан, поскольку строится в соответствии со сложившимися в данном языке грамматическими и стилистическими нормами, включающими правила лексико-семантической сочетаемости и закономерности реализации значения. С другой стороны, в тексте наглядно проявляются такие особенности коммуникативного процесса, которые связаны с социально-историческими, социально-стилистическими и релятивными компонентами системы национально-специфической системы общения. Кроме того, любой текст обладает прагматическим потенциалом, связанным с целым комплексом функций, присущих языковому материалу как средству воздействия на реципиента (побудительной, эмоционально-оценочной, эмотивной, экспрессивной, эстетической).

Возможность перевода с одного языка на другой обусловлена тем, что один и тот же объект (фрагмент) реального мира находит свое отражение в языковых выражениях (словах, словосочетаниях, предложениях, текстах), существующих в разных языковых кодах (ИЯ и ЯП). Следовательно, языковые выражения кода 1 и кода 2, указывающие на один и тот же *референт*, должны соотноситься между собой как синонимические единицы. Однако это соотношение осложняется тем, что фрагмент реального мира (референт) получает свое языковое выражение в результате познавательной деятельности человека, формирующей в его сознании *образ* данного фрагмента реального мира, т.е. *денотат*, который, в конечном счете, и отражается единицей языка. Единицей языковой системы конкретного национального языка становится такое языковое выражение, которое отражает *денотат*, представляющий *результат коллективного познавательного опыта*, передаваемый из поколения в поколение, тесно связанный с национальным мировидением, национальной культурой. Один и тот же объект реальной действительности может быть по-разному воспринят и оценен представителями разных национальных социумов на основе сложившихся в каждом из них стереотипов сознания, систем жизненных ценностей,

коллективного исторического и культурного опыта. Поэтому *денотаты* – образы одного и того же фрагмента действительности (одного и того же *референта*), выражаемые единицами кода 1 (ИЯ) и кода 2 (ЯП), совпадая по основному содержанию, могут различаться в деталях, т.е. по объему содержания, а, следовательно, и имеются межъязыковые различия по количеству и форме языковых единиц, предназначенных для выражения этого объема. Эта специфика денотатов и является основой объективных трудностей, возникающих при переводе.

Степень различия денотатов 1 и 2, а также количества и формы единиц, предназначенных в том или ином языке для выражения содержания денотатов, зависит от степени близости исторического и национально-культурного опыта коммуникантов. Так, например, у носителей одного и того же языкового кода объем содержания денотатов одного и того же референта совпадает, у носителей генетически родственных языков с близким по содержанию историческим и культурным опытом (например, у представителей славянских или романских лингвокультурных сообществ) этот объем содержания может иметь некоторые несущественные различия, но денотаты в сознании говорящих на неродственных языках могут значительно различаться. Сравним для примера основные компоненты содержания денотатов, закреплённых в языковом сознании и практике речевого употребления носителей русского, английского и испанского языков, выражаемых словами *стол*, *table* и *la mesa*:

	<i>стол</i>	<i>table</i>	<i>la mesa</i>
1. Род мебели, на которую ставят или кладут что-то при работе, еде и т.п. –	<i>обеденный стол, операционный стол</i>	<i>dining room table, operating table</i>	<i>mesa de comedor, mesa de operaciones</i>
2. Предмет мебели вместе со всем, что поставлено на нем для еды. –	<i>накрывать на стол, убирать со стола, садиться за стол</i>	<i>to set a table, to clean a table, to sit down to table</i>	<i>cubrir la mesa, recoger la mesa, sentarse a la mesa</i>
3. Пища, еда, съестное; вид пищи, еды, режим питания.	<i>обильный стол, нищенский стол, вегетарианский стол</i>		<i>mesa abundante, mesa gallega, la mesa vegetariano</i>
4. Общество за столом, люди, совместно принимающие пищу	<i>шутка, позабавившая весь стол</i>	<i>jokes that amused the whole table</i>	
5. Таблица, расписание		<i>multiplication table (таблица умножения), timetable (расписание)</i>	
6. Отдел учреждения или само учреждение.	<i>стол заказов, стол находок, адресный стол</i>		
7. Комиссия, комитет, президиум			<i>mesa electoral (избирательная комиссия), presidente de mesa (председатель президиума)</i>

Из семи выделенных основных компонентов денотатного содержания полностью совпадают во всех трех языках компоненты 1 и 2 («род мебели» и «предмет мебели вместе с тем, что поставлено на нем для еды, для работы»). Следовательно, в контекстах, выражающих именно эти два значения, лексемы *стол*, *table* и *la mesa* могут служить устойчивыми единицами перевода. Компонент 3 («вид пищи, режим питания») присутствует у русского *стол* и испанского *la mesa*. В английском языке для выражения этого денотатного содержания преимущественно используются слова ***meal*** (*simple meal* – простая еда, *skimpy meal* – скудная еда) и ***diet*** (*vegetarian diet* – вегетарианский стол), Компонент денотатного содержания 4 («общество за столом») имеют русское *стол* и английское *table*. В испанском это значение обычно передается словом *compañía* (компания).

Компоненты 5, 6 и 7 не совпадают во всех трех языках и наглядно демонстрируют своеобразие национально обусловленных образов (денотатов) и способов языкового выражения денотатных значений. Так, например, только в сознании носителя английского языка слово *table* обозначает, прежде всего «*поверхность, на которой могут быть размещены различные предметы (еда, инструменты и т.п.) или знаки*» (*multiplication table*). Для носителя русского языка лексема *стол* имеет основное значение «*предмет мебели со всем его содержимым, предназначенным для приема пищи или для работы*» (отсюда характерные для современного русского языка употребления сочетаний *стол заказов, стол находок, паспортный стол* как наименований отделов и учреждений, где обязательно используется этот предмет мебели). Испанское *la mesa* выражает значение «*предмет мебели со всем его содержимым, предназначенным для работы или приема пищи, обсуждения содержимого и принятия решения*» и поэтому допускает сочетания *mesa electoral* и *presidente de mesa*.

Различия в количестве значений слов *стол*, *table* и *mesa* обусловлены спецификой выражаемых ими компонентов денотатного содержания и ограничивают их использование при переводе ряда контекстов (соотносимых со значениями 5, 6 и 7), требуют употребления других языковых единиц, предпочитаемых в данном языке для выражения этих специфических компонентов денотатного содержания.

Особенности национальной культуры так или иначе отражаются в языке народа – создателя и носителя этой культуры. Так в одном из контактирующих в межкультурной коммуникации языков могут быть слова, обозначающие предметы и понятия, характерные только для культуры и истории данного народа, но отсутствующие в жизни другого этноса. Таковы, например, казахские слова *ауыл, юрта, шанырақ, кереге, беркутчи*, и др., русские *зипун, шушун, поддевка* и др. Такие слова не имеют равноценных по смыслу эквивалентных замен в других языках. В самом деле, для казахского слова *юрта* не являются эквивалентами русские *изба* и *шатёр*, английские *house* (дом) или *tent* (палатка), испанское *la casa* (дом) и *la tienda* (палатка, шатёр), эстонские *maja* (дом), *kodu* (дом) и *telk* (палатка, шатёр), обозначающие иные понятия – иные типы жилища (т.е. соотносимые с иными *референтами*). Английское выражение *Boston tea-drinking* для американца обозначает не *чаепитие в городе Бостоне* (как некую особую церемонию), а историческое событие – эпизод борьбы английских колоний в Северной Америке за независимость, когда в знак протеста против беспошлинного ввоза англичанами чая в Северную Америку, что подрывало экономику колоний, члены организации «Сыны свободы» в декабре 1773 проникли на английские корабли в Бостонском порту и выбросили в море партию чая.

Как быть в этом случае переводчику? Существуют ли способы перевода подобных слов и выражений? Что же должен знать переводчик для успешной профессиональной деятельности? Существует определенный набор необходимых знаний, позволяющих справляться с переводом самых разнообразных текстов, преодолевать возникающие при переводе трудности, образующий *комплекс профессиональных знаний переводчика*. В этот комплекс входят:

БАЗОВЫЕ ЗНАНИЯ (основные знания, без которых переводческая деятельность вообще невозможна)	ФОНОВЫЕ ЗНАНИЯ (дополнительные знания, без которых переводческая деятельность возможна, но не на должном профессиональном уровне)
1. Знание <i>иностранного языка в полном объеме</i>, включая: • фонетику • лексику и фразеологию • морфологию • синтаксис • стилистику • историю данного языка	1. Знание <i>социокультурных сведений, характерных для определенной нации, отраженных в языке данной национальной общности</i>, которые включают: • специфические факты истории и государственного устройства данной национальной общности, • особенности ее географической среды, • характерные предметы материальной культуры прошлого и настоящего, • этнографические и фольклорные понятия
2. Знание основных методов, способов и приемов перевода	

Все перечисленные выше базовые и фоновые знания, необходимые переводчику, относятся не только к иностранному языку (или нескольким языкам), с которым он работает (ИЯ), но в равной мере и к родному языку переводчика – языку, на который он обычно переводит (ЯП). Незнание грамматической и лексической системы

родного языка, его стилистических и стилевых норм, истории, географии и культуры своего народа приводит к серьезным ошибкам, снижает качество перевода. Наиболее распространенной ошибкой, вызванной недостаточным знанием всех указанных аспектов родного языка, является стремление переводчика к построению таких структур, которые характерны для языка оригинала (ИЯ), но не являются правильными для языка перевода. Например, нарушение принятого в родном языке порядка слов в предложении, норм сочетаемости слов.

Таким образом, перевод как сложный и многогранный вид человеческой деятельности представляет собой не простую замену одного языка другим, а *соотношение различных культур, личностей, складов мышления и миропонимания (ментальностей), литературных традиций, разных исторических эпох, уровней развития* и т.п. Поэтому перевод может быть объектом изучения разных наук – культурологии, лингвокультурологии, этнографии, психологии, когнитологии, истории, литературоведения. В самом же переводе могут выделяться культурологические, когнитивные, психологические, литературные и пр. аспекты. В основе же современного переводедения лежит лингвистический подход (аспект).

Успешное осуществление переводческой деятельности предполагает осмысление закономерностей переводческого процесса, выявление комплекса закономерностей и основных правил, по которым должен строиться перевод, определение норм перевода.

С особой остротой проблема сохранения инвариантной информации оригинала в полном ее объеме встает перед специалистом в работе над переводом художественного текста. Художественный перевод – перевод текстов, в которых эмоциональная информация имеет не менее важное значение, чем информация интеллектуальная, предметно-логическая. Сферой применения художественного перевода является все жанровое многообразие художественных текстов, произведений литературной критики и публицистики. При переводе художественных текстов особое значение имеет форма изложения содержания. Особую сложность таким переводам придает то, что в художественных текстах используются единицы и средства всех стилей, образующие особую стилистическую систему, приобретающие новые смысловые и стилистические значения. Перевод художественных текстов является инструментом культурного освоения мира, расширения коллективной памяти человечества и поэтому представляет собой особый вид межкультурной коммуникации – культурно-этническую и художественно-эстетическую коммуникацию.

В процессе межъязыковой и межкультурной коммуникации главной задачей переводчика является обеспечение успеха коммуникации, т.е. достижения взаимопонимания между коммуникантами, иначе говоря, переводчик должен добиться того, чтобы переданная в сообщениях информация была воспринята полностью, без искажений. При этом он должен учитывать, что особенности образования и воспитания, национальные традиции и обычаи, диктующие правила поведения человека формируют у участников коммуникации различные ориентации в восприятии и оценке жизненных ситуаций и проблем. Например, английская пословица *A rolling stone gathers no moss*, на первый взгляд, легко переводится на русский язык выражением *Катящийся камень мха не собирает* / т.е. *мхом не обрастает*. Однако для двух коммуникантов – носителей разных национальных культур – адресанта-англичанина и адресата-русского это сообщение вызывает разные оценки ситуации, разные ассоциации и приводит к совершенно разным выводам. Для англичанина *мох* (из-за его серебристого цвета) олицетворяет богатство, накопленное добро, соответственно, *отсутствие мха* – это отсутствие накоплений, т.е. явление отрицательное, осуждаемое; вывод: *следует не бродить по свету, а сидеть дома и копить добро*. Для русского *мох*, покрывающий что-либо, является символом косности, закоренелости, отсутствия стремления к развитию (*пень замшелый, весь уж мохом порос* – говорят о человеке с иронией и осуждением), т.е. *наличие мха* расценивается как явление отрицательное; вывод: *нельзя сидеть на месте и обрастать мхом*. Соответственно, приведенный выше перевод (*Катящийся камень мха не собирает*) не передаст русскому адресату того смысла (отрицательного отношения к тому, кто бродит по свету и не накапливает богатства), который вкладывает адресант-англичанин в выражение *A rolling stone gathers no moss*, более того, такой перевод приведет русскоязычного адресата к совершенно противоположным выводам. Поэтому для достижения полного взаимопонимания (равноценности смысла и оценки ситуации в оригинале и переводе) в этом случае английская пословица должна быть передана не дословно, а при помощи русской пословицы с аналогичным (неодобрительным) смыслом *Кому на месте не сидится, тот добра не наживет*.

Таким образом, в межъязыковой и межкультурной коммуникации знание языка носителя иной национальной культуры является необходимым, но недостаточным условием для достижения взаимопонимания. Вторым необходимым компонентом оказывается знание особенностей национальной культуры собеседника. Это обстоятельство усложняет деятельность переводчика, которому приходится выполнять функции *межъязыкового и межкультурного посредника*.

Литература

1. Мусатаева М.Ш., Амирова Ж.Г., Екшенбеева Л.В. Теоретические и методические аспекты изучения лингвистики текста и дискурса. Алматы, 2012. С.228

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о способах адекватного перевода антропонимов для наиболее точной передачи авторской задумки на примере имён некоторых персонажей из книг И.Есенберлина «Кочевники». Автор статьи утверждает, что при переводе антропонимов очень важны и необходимы пояснения или комментарии, в противном случае значение имени будет передано не в полном объёме

Resume

This article discusses the ways of adequate translation of anthroponyms for the most accurate transfer of the author's ideas on the example of the names of some characters from the books of I. esenberlin "Nomads". The author argues that the translation of anthroponyms is very important and requires explanations or comments, otherwise the value of the name will not be transferred in full

Тіл білімінің дербес саласының бірі – қазақ антропонимдерінің қалыптасқан өзіндік жүйелі құрылымы бар.

Әдеби шығармалардағы кісі есімдерін – антропонимдерді арнайы қарастырған еңбектер аса көп емес. Қазақ антропонимика ғылымының негізін салушы Т.Жанұзақ ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет кейіпкерлерінің лақап аттары туралы өзінің «Очерк казахской ономастики» деп аталатын еңбегінде қысқаша тоқталып өткен болса, академик Ә.Қайдар қазақ сатирасындағы кісі есімдері туралы біршама зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Алайда аударма тәжірибесінде осы күнге дейін жалқы есімдерді жеткізудің ортақ шарттары жоқ. Түрлі жалқы есімдердің басқа тілге берілуі транскрипция арқылы жеткізіледі. Мысалы: Edwards – Эдвардс, Maryland – Мэриленд, DowningStreet – Даунинг Стрит, MorningStar – Морнинг Стар, Interprid – Интерприд. Саясат партиялары, кәсіподақ және тағы да басқа біріккен ұйымдардың атаулары міндетті түрде аудармаға түседі. Мысалы: Amalgamated Engineering Union – Біріккен машина салушылар кәсіподағы. Federal Bureau of Investigation – ФБР. Civil Rights Congress – Азаматтық құқық үшін күрес конгресі.

Көбіне жалқы есімдер екі элементтен тұрады – *жалқы* және *жалпы* есімнен. Жалпы есім элементін аударғанда, мұнда төрт әртүрлі жеткізу амал-тәсілдерін қарастыруға болады:

1. Жалпы есім тек қана транслитерацияға түседі. Аудармашы бұл тәсілді транслитерацияға түсіп жатқан сөз – оқырманға жеткілікті білікті болса ғана қолданылады. Мысалы: Fleet Street – Флит Стрит, Kansas City – Канзас Сити.

2. Жалпы есім бір мезетте аударылады да, транслитерацияланады да. Бұл тәсілді басты мақсатпен оқырманға бұл сөздің формасы таныс емес болып, мәтінін аша алмаса қолданылады. Мысалы: Black Hills – Блэк Хиллстаулары, Holly Loch – бухта Холли Лох.

3. Жалпы есім элементінің аудармасы: The Atlantic Ocean – Атлант мұхиты, Richard the Lion Heart – Ричард Арыстан жүректі.

4. Жалпы есім элементі қосылады. Ағылшын мәтіндерінде жалпы және жалқы есімдер – жалпы есімнің элементсіз жиі қолданылады. Өйткені ағылшын оқырманына мұнда не жайында айтылып жазылғаны жеткілікті түсінікті. Ал орыс аударма оқырманына – түсіндірмелі сөздер енгізуге тура келеді. Мысалы: Park Lane – улица Парк Лейн.

Қазақ есімдерінің де өзіне тән тарихы, шығуы, пайда болу жолы бар. Кісі есімдерінің шығуы, қойылу тарихы өте көне замандарға, алғашқы рулық қоғамға барып тіреледі. Әуелде ру, тайпа аттарының, содан кейін кісі аттарынан шыққаны күні бүгінде ғылымда белгілі болып отыр.

Жалқы есімдерді басқа тілге аудару – күрделі де көпқырлы мәселе. Жалқы есімдердің барлығы дерлік белгілі бір атауға, яғни белгілі бір зат атауы тобына жатады және жалқы есімдер осы зат және оның қасиеттері туралы ақпаратты жеткізеді. Жалқы есімдердің жеткізетін мағынасы оның теориялық сұрақтарын зерттегенде ғана емес, сондай-ақ тілаларлық, мәдениетаралық контактілер кезінде маңызды мәселеге айналады. Бір жағынан антропонимдер өзінің сыртқы формасын «ана тілінен» де тыс аймақта да сақтай отырып, тілаларлық кедергілерден тапжылмай өтетін қасиетке ие. Алайда, кей жағдайларда жалқы есімдердің басты элементтеріне мұндай кедергілерден өту қиынға соғып жатады. Ал мағынасын сақтай алмаған, яғни дұрыс жеткізілмеген жалқы есімдер өзге тілдік ортада өзіне жүктелген қызметті атқара алмайды. Құрамында есімдер бар мәтіндердің түсінбеушілік тудыруы немесе дұрыс қабылданбауы да осыдан шығады.

Бір қарағанда жалқы есімдерді өзге тілге аудару қиын емес сияқты көрінуі мүмкін. Бұл үдеріс тіпті, тек шартты түрде ғана аударма деп аталуы мүмкін: себебі, әдетте жалқы есімдер тек транскрипцияланады не транслитерацияланады. Жалқы есімдердің лингвистикада заттың атын білдіретін бірліктер болып саналатын зат есімдерден айырмашылығы - олардың атауыш (называющие) лексикалық бірліктер ретінде қарастырылуы. Басқа сөзбен айтқанда жалқы есімдерде оның номинативті функциясы, яғни бір типті объектілерді бір-бірінен айыру үшін атау функциясы бірінші кезекте тұрса, жалпы зат есімдердің негізгі қызметі – мағынасын жеткізу, белгілеу [1,153].

Аударма транскрипциясы арқылы аударылатын жалқы есімдерден басқа бірліктер тобына халықтар мен тайпалар атауын, жағрапиялық атауларды, іскерлік мекемелер, компаниялар, фирмалар, мерзімді басылымдар атауын, хоккей және басқа спорттық команда атауларын, рок-музыканттардың тұрақты топтары мен мәдени нысандар атауларын және т.б. жатқызады. Салыстырмалы түрде, мұндай атаулардың көпшілігі транскрипция және транслитерация тәсілдері арқылы оңай аударылады:

Bank of London - Бэнк оф Лондон,

Minnesota - Миннесота,

Wall Street Journal – Уолл Стрит Джорнал,

Beatles – Битлз,

The Capitol – Капитолий,

Metropolitan – Метрополитен және т.б.

Есімдер мен атаулардың басқа сөздік бірліктерден айырмашылығы басқа тілге аударған кезде өзінің алғашқы дыбыстық келбетін сақтап қалу қасиеті. Мұның себебі жалқы есімдердің семантикалық құрылым ерекшелігінде. Есімнің дыбыстық келбеті есімдерді жеткізу барысындағы ең маңызды мәселе.

Жалқы есімдерді басқа тілге аудару – көптеген қателіктер мен келеңсіздіктерге толы, қиын да көпқырлы үдеріс. Кез-келген объектінің өзіндік бірегей атауын сақтап қалу бірнеше міндеттердің орындалуын талап етеді [2, 14].

Атаулардың аударылмайтын қатары тілден тілге арнайы тәсілдер арқылы беріледі. Көптеген әдебиет көздерінде аударма теориясында мұндай атауларды тілден тілге өткізудің барлық тәсілдерін негізінен төмендегіше төртке бөліп қарастыруға болады делінеді. Мәселен, С.П. Романова мен А.Л. Кораллованың «Пособие по переводу с английского на русский» деген еңбегінде: «1) транскрипция и транслитерация; 2) калька; 3) аналог, или приблизительное соответствие; 4) толкование, или разъяснительный перевод» делінеді. Мұнда *транскрипция мен транслитерацияның* тиімділігі сонда, ол сөздің дыбыстық және графикалық тұрпатын береді, мәтін көлемінің ұлғайып кетуіне жол бермейді. *Калька* күрделі сөздер мен сөзтіркестерді бөлшектеп аударарды. *Аналог*, немесе *барабар сәйкестік*, бұл – түпнұсқа тіліндегі ұғымға толық сәйкес келмейтін, ұқсас ұғымдарды аударма тілінде беретін сөздер мен сөзтіркестер. Ал *түсіндірме* тәсілі әрдайым мәтіннің ұлғайып кетуіне жол береді және бұл оның басты кемшілігі болып табылады деп, берілген тәсілдер тарқатылады [3, 32-35].

Кей кезде бір сөз – жалқы есім – әртүрлі жағдайда түрліше берілуі мүмкін. Мысалы, ағылшын тілінде *Georg*, көбінесе *Джордж* деп транскрипцияланады, бірақ бұл ағылшын королінің аты болса, ол *Георг* деп транслитерация арқылы беріледі. Егер аудармашы дағдылы дәстүрді бұзса, басқаша жазылу арқылы белгілі қалалар, өзендер туралы сөз болып отырғандығы түсініксіз болуы мүмкін (мәселен, дәстүрлі *Рейн*, *Райн* емес, *Сэн* емес, *Сена*). Аудармашы тек ойдан шығарылған тұлғалардың фамилияларын немесе бірінші рет ұшырасатын я сирек кездесетін аттарды өз еркімен аударар алады.

Транслитерация немесе аударманы тандар кезде екі тілдің фонетикалық (дыбыстық) жүйесінің ұқсастығы немесе айырмашылығын білудің үлкен мәні бар. Екі тілдің әліпбиі бірдей болса, дыбыстық формасын беруден гөрі дәл транслитерацияны қолданған жөн. Екі тілдің дыбыстар жүйесінде айырмашылық елеулі болса (мысалы, ағылшын тілі және орыс/қазақ тілдері), олардың дыбыстық жағы жартылай немесе шартты түрде беріледі. Мысалы, ағылшын тілінде *London* - қазақша да, орысша да *Лондон*, дыбыстаулынан гөрі (*Ландон*) жазылуында көбірек ұқсастықтар бар.

Ағылшын жалқы есімдерін қазақ тілінде транскрипциялау орыс тіліндегі жазылуы бойынша қалыптасқан. Бұл туралы профессор Т.Жанұзақ «Қазақ есімдерінің тарихы» деген кітабының кісі аттарының жазылуы мен транскрипциясына арнаған IV тарауында 1959ж. шыққан инструкцияны (Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР. Алма-Ата, 1968) қолдай келе, «Кісі аттары мен фамилияларды орыс тілінде транскрипциялау ережесін» толығымен мысалдар арқылы береді. Автор тарау соңында “Басқа тілдегі кісі аттары мен фамилиялар орыс тілінде қалай жазылса қазақ тілінде де солай жазылады» дейді. Бұл келтірілген соңғы сөйлем өз кезеңінде және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған күнге дейін маңызды болып келгенмен, бүгінгі күн талаптарын толықтай қанағаттандыра алатын «ереже» бола алмайтыны анық.

Калька қызметінің мәні – аударма тілінде түпнұсқа тіліндегі сөздің құрылымын сақтай отырып жаңа сөз бірлігін құру. Мысалы, *green revolution* – «жасыл революция», *William the Conqueror* – Вильгельм –Завоеватель – Вильгельм жаулап алушы.

Edward the Confessor - Эдуард – Исповедник – Эдуард - Дәріптеуші

Bloody Mary – Мария Кровавая – Қанды – Мария (Реформация жақтаушыларына қарсы көрсеткен қатал репрессияларымен танылған)

Мысалы, ағылшындардың *Santa Clausy* мен орыстың Дед Мороз – Аяз Атасын барабар деуге келмейді, алайда көп жағдайда аударма жасау барысында бұл екі реалий бірін бірі алмастыра береді.

Жуықталған аударманың құндылығы оның қонымдылығында. Аударманы қабылдаушы өзіне таныс және түсінікті ұғыммен істес болады.

А.В. Феодоров ұсынған жалқы есімдерді аударудың аталған төрт тәсілінен бөлек, лингвисттер тағы бір тәсіл – этимологиялық сәйкестік принциптері яғни транспозиция тәсілін ұсынады.

Жалқы есімдерді аударудың транспозиция әдісі тарихи және библиялық есімдер мен монархтардың есімдерін аударғанда кеңінен қолданылады. Мысалы: *Joseph* – Иосиф, *Elizabeth* – Елизавета, *Александр Македонский* – Ескендір Зұлқарнайын және т.б.

Есімнің қазақ тілінің өзінде қалыптанған бір графикалық тұрпаты болмағандықтан, өзге тілдерде берілуінің көпнұсқалығы заңдылық. Дегенмен, ағылшын тілінде есімнің *Khodzi Akhmed Jassavi* болып жазылуын да кездестіріп отырмыз, <*Ходзи ахмед джасави*> болып оқылатын бұл нұсқа 2003ж. «Ұмай» баспасынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген «Ұлы даланың ұлы қыздары», «*Великие дочери великой степи*», «*The Great Daughters of the Great Steppe*» деген анықтамалықтың I томынан тіркелді. Атақты *Бұқар жырау* «Көшпенділердің» орысшасында: Бухар-Жырау деп берілген болса, ағылшын нұсқасында 7 түрлі болып берілген: *Bukhara-Zhyrau, Bukhar-Zhyrau, Bukhar Zhyrau, Bukhar-Zhirau, Bukhar-zhyrau, Bukahr-Zhyrau, Bukhar-Zyrau* [4].

Осы сияқты өрескел бұрмалануға бой алдырған есімдер баршылық. Қазтуған жыраудың да есімі түрлі-түрлі жазылып келіп, кей жерлерде *Kazqutan-Zhyrau*, яғни *Қазғұтан жырау* болып түседі. *Тәуке хан* *Tauk-Khan, Khan Tauk* болып жазылып, *Тәуке* емес, «тауық» болып жүр. Ал *Az-Tauk–Wise-Tauk* делініп берілетін жерлері *аз тауық – ақылды тауық* дегендей мағыналарды көзге елестетеді.

Жалпы, аударма жұмыстары барысында кейде аудармашылар шығарма кейіпкерлері есімдерінің мән-мағынасын *транскрипция / транслитерация + калька*, кейде *транскрипция / транслитерация + түсіндірме* тәсілдері арқылы нақтылап отырады, алайда олардың арасында түсіндірмені қажет тұтатын есімдер де бар. *Ақсақ Темір, Қаздауысты Қазыбек, Асан Қайғы* т.б. осындай есімдер қатарына жатады. Мәселен, Асан Қайғы «Көшпенділер» шығармасының орыс тіліндегі аудармасы – «Кочевникиде» Асан-Қайғы – Асан-Горемыка [66] делінеді де, ағылшын тіліндегі аудармасы – «*The Nomads*» оны *Asan-Kaigu* деп транслитерация арқылы және *Assan the Poor Devil* [65] деп аударады. *The Poor Devil* деген көшедегі аянышты кісіге айтылатын, *бейшара, байғұс* деген мағынаны беретін тіркес. Асан-Қайғының басындағы қайғы күйбең тіршіліктің қайғысы емес, халықтың, елдің басындағы қайғы, ойшылдың, философтың қайғысы болатын. Сондықтан, есімнің *Asan, the Woeful* немесе *Asan, the Sorrowful* болып берілгені дұрыстау болатын еді.

Қорыта келгенде, жалқы есімдер – зат есімдер қатарының әмбебап, функционалды-семантикалық, аударманың транскрипция, транслитерация, сипаттама, калька, транспозиция сияқты түрлі тәсілдерін талап ететін категориясы. Жалқы есімдер қатарын өзге тілге аудару (беру) барысында ескерілуі тиіс, бірнеше факторлар да бар, атап айтқанда, дыбыс үйлесімділігі, есімнің аударма тіліндегі бара-барлығы, жалқы есімдердің қабылдаушы тілдің грамматикалық жүйесіндегі бейімделуі.

Кез-келген шығармадағы антропонимдерді өзге тілге аударған кезде аудармашы алдына есімнің аудармасы арқылы шығарма кейіпкерінің мінез-құлқын жеткізе отырып, оқырман санасында автордың кейіпкерге жүктеген образына сәйкес ассоциацияларды жеткізу талаптары қойылады.

Әдебиеттер:

1. Латышев Л.К., Семенов А. Л. Перевод: теория, практика и методика преподавания. М., 2003. – 250с.
2. Рсалиева Н.М. Қазақ онимдерін ағылшын тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері. Алматы, 2008-2006
3. Yesenberlin Ilyas. The Nomads. Almaty: The Ilyas Yesenberlin Foundation. – 2000. – 559 p.
4. Есенберлин И. Кочевники. Алматы: Фонд имени Ильяс Есенберлина, 1998. – 533 с.

ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ В ПЕРЕВОДЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Светлана Маселбековна Копбаева
(Қазақстан, Алматы)

Түйіндемесі

Бұл мақалада аудармадағы лингвистикалық моделдеу қарастырылады. Лингвистикалық моделдеу аударма мәтіндерінің түпнұсқаға сәйкестігі критерийлері негізінде аударма мәтінін анықтап, аударма тілінің бірлігіне бастапқы тіл бірліктерінің эквиваленттік мәселесін объективті түрде шешуге негізделген. Аударма теориясы бойынша моделдеудің қолданыстағы түрлері аударма сапасын арттыруға ықпал етеді.

Summary

Linguistic translation modeling is considered in the article. Linguistic models reveal the essence of the translation on the basis of the criteria for the correspondence of the translation texts to the original, conditioned by an objective solution of the problem of equivalence of units of the source language to units of the translation language. Existing types of modeling in translation theory contribute to improving the quality and adequacy of translation.

Рассмотрение перевода как вида деятельности человека лучше начать с выделения компонентов процесса перевода. Первое, на что нужно обратить внимание, перевод – это лингвистическая деятельность, в которую вовлечены минимум два языка. Переводятся уже существующие тексты, т.е. речевые произведения, дискурсы имеющие определённое содержание или элементарную информацию. В этом тексте есть

заинтересованная сторона, которая является носителем другого языка. Только наличие текста на другом языке ведёт к возникновению процесса перевода.

Из истории перевода известно, что умение читать на иностранном языке – не повод отказываться от перевода. Освоение иностранного языка множит переводимые тексты. Массовый перевод иностранных текстов укрепляет государственность принимающего языка и ухудшает государственное состояние страны-донора. Глобальность системы социальных детерминантов не позволяет уловить человеческим разумом, когда необходим в том или ином государстве прорыв в виде массового перевода.

Равноценного воздействия текста на рецепиента своей культуры и рецепиента инокультуры, по определению, быть не может. Значит, переводной текст обрастает профессионально-переводческими приёмами. И переводчик должен в совершенстве овладеть профессиональными умениями и навыками.

Проблемы глобализации изучаются сейчас многими учёными. Исследуются различные лингвистические аспекты глобализации – исторические, лингвокультурные, терминологические и другие. Главным вопросом продолжает оставаться проблема места национального языка в общей семье языков и современные тенденции развития языков и их взаимодействие в аспекте переводческих процессов.

Й. Викторович в статье «О языковой политике в Европе» даёт оценку европейского языкового планирования в аспекте малых языков. Автор признаёт доминантную роль английского языка в Европе и отмечает его негативное влияние на некоторые социально-политические явления. Так изменение количества часов в школах в пользу английского языка изменяет языковое сознание носителя языка и может угрожать функционированию родного языка в полном объёме.

И.Мачкевич в статье «Интернациональные слова и формирование европейского словарного союза» отмечает, что каждый словарный союз формируется вокруг одного или нескольких языков – носителей важных для данного ареала культурных ценностей. Для ближневосточного ареала таким центром является классический арабский, для дальневосточного – китайский, для индийского – санскрит. Для европейского языкового союза автор выделяет следующие центры: классические греческий и латынь, средневековую латынь и среднегреческий. Греческий и латынь стали базой для слов, создаваемых из латинских и греческих элементов в современных языках. Важным источником являлись романские языки – французский и итальянский, но в меньшей степени. Испанский язык сыграл важную роль посредника для заимствований из арабского языка и языков Латинской Америки [1].

Нарастает важность английского языка как источника заимствований и он же является посредником и при заимствованиях из экзотических языков.

Следует отметить, что с 1964 года в теории перевода произошло поступательное развитие науки. Именно в этот период Ю. Найды в книге К науке переводить вводит понятие модель теории перевода, с помощью которого процесс перевода представляется в виде ряда преобразований единиц оригинала в единицы текста перевода.

Понятие модель перевода включило в себя процесс условного отображения используемых методов и приемов при переводе и его связи с некоторыми общими положениями других смежных наук, таких как: языкознание, психология и ее разновидности, теория коммуникации, теория деятельности и другими.

Толкованием нового термина занимались многие ученые, все они были едины во мнении, что в теории перевода необходим термин объединяющий множество подходов процесса перевода. Так и появилось понятие модель процесса перевода, которая и объединила подходы и одновременно разграничила их функциональное значение. С появлением понятия модель перевода началось бурное развитие поиска универсального принципа перевода, который бы смог точно определить функциональные рамки проводимые во время перевода.

Однако для начала надо разобраться в самом понятии модель перевода. В.Н. Комисаров определил термин модель перевода, как условное отображение процедуры осуществления процесса перевода, некое гипотетическое построение, отображающее основные этапы переводческого процесса и тех действий, которые характеризуют поведение переводчика на каждом этапе [2].

Позднее в 2002 он же в книге Теория перевода обозначил термин модель перевода, как условное описание ряда мыслительных операций, выполняя которые, можно осуществить процесс перевода всего оригинала или некоторой его части [3].

В учебной и научной литературе освящено множество моделей теории перевода. Одними из так называемых классических моделей перевода, являются следующие: денотативная (ситуативная) модель, трансформационная модель, семантическая модель, информационная модель, психолингвистическая модель, коммуникативно - функциональная модель, теория закономерных соответствий, когнитивная модель.

Модель закономерных соответствий служит обоснованием теории эквивалентных соответствий единиц языка перевода единицам языка оригинала. Исследователи, используя эту модель. Создают типологию эквивалентов для пар языков. Эквиваленты это смысловые соответствия, которые не зависят от контекста. Полная типология эквивалентов для конкретной пары языков должна учитывать основные явления, которые происходят в переводе в процессе подбора эквивалентов. Сейчас ведутся научные исследования проблем эквивалентности, но полная типология ещё не создана ни для одной пары языков.

Модель уровней эквивалентности близка к модели закономерных соответствий. Основанная на этой модели теория формирует коммуникативно- ситуативный подход к переводу и исходит из зависимости применяемых уровней эквивалентности от целей коммуникации.

Денотативная(ситуативная) модель перевода создаёт основу для рассмотрения особенностей и возможностей интерпретации средствами языка перевода денотатов, которые описаны языком оригинала. Объективное понимание единства и системности материального мира является основой этой модели перевода. Система денотатов определяет основную часть закономерных соответствий в парах конкретных языков.

Трансформационная модель является основой теории, которая представляет перевод как процесс и результат последовательных внутриязыковых и межъязыковых трансформаций. Согласно этой теории перевод строится как процесс восприятия смысла оригинала от поверхностной до глубинной структуры его текста и процесс порождения структур текста перевода [4].

Семантическая модель перевода является разновидностью трансформационной модели и рассматривает перевод как семантическое осмысление текста на одном языке и передачу того же смысла средствами другого языка.

В результате переводческой деятельности информация, которая содержится в одном тексте, выражается посредством текста другого языка.

Текст речевого произведения, подлежащий переводу с одного языка на другой называют текстом оригинала. Часто его называют оригиналом, оригинальным текстом или переводимым текстом. «Входным» его называют в системах машинного перевода. Текст полученный в результате перевода называют текстом перевода или переводным документом и просто переводом. «Выходной текст» это термин, который используется в системах машинного перевода.

Коммуникативная модель процесса перевода имеет ряд разновидностей, но в любом случае, она рассматривает акт двуязычной коммуникации. Во всех коммуникативных моделях есть отправитель сообщения (реципиент), канал по которому отправляется сообщение (устное или письменное сообщение), переводчик, канал по которому отправляется сообщение (устное или письменное сообщение), получатель сообщения (рецептор) и обратная связь. Необходимо отметить, межличностная коммуникация возникает по ряду причин, исходя от различных мотивов, целей и задач ее участников. Основной задачей данной модели являются некие детерминанты, направленные на передачу и получение информации с одного языка на другой. Согласно, теории межличностной коммуникации выделяются следующие типа коммуникации:

Линейная модель коммуникации, рассматривающая коммуникацию с точки зрения действия по отправлению кодированного сообщения по определенному каналу к переводчику, который перекодирует его и отправляет по каналу к получателю сообщения. Канал в данной модели, как и в любой другой может быть как в устной, так и в письменной форме речи. Основным недостатком данной модели является не полная уверенность в достижении цели коммуникации, так как она рассматривает коммуникацию как односторонний процесс, идущий от реципиента к рецептеру через переводчика без возможности обратной связи.

Другой моделью межличностной коммуникации является транзакционная модель. Она представляет коммуникацию с точки зрения процесса полилога, когда в беседе участвуют помимо отправителя сообщения, переводчика и получателя и другие коммуниканты. Однако такой вид коммуникации встречается крайне редко, так как в процессе перевода отягощается постоянным круговоротом полилогической коммуникации, и зачастую в течение некоторого времени все равно для достижения адекватности остаются два активных собеседника и переводчик.

При использовании устного канала связи между коммуникантами надо учитывать создающиеся помехи, препятствующие эффективной коммуникации. Данные помехи могут быть как естественные, так и искусственные. Под естественными помехами подразумевается артикуляция слов одним из коммуникантов, физиологические проблемы, препятствующие эффективной коммуникации и другие. К искусственным помехам можно отнести проблемы и сбой с аппаратурой, посторонние шумы во время коммуникации и другое.

Следовательно, под коммуникацией нельзя только рассматривать функцию передачи сообщения, но самое главное функцию восприятия информации, что же касается коммуникативной модели перевода, то здесь дело отягощается тем, что передаваемая информация переводчиком должна соответствовать ее первоначальному значению, понята рецептором и что самое главное должна произойти адекватная обратная связь, когда рецептор меняется местами с реципиентом.

Информативная модель основывается на суждении, что любое сообщение является носителем информации, даже более того, любая его единица, а именно слово является носителем разнообразной информации. Данная информация должна быть полноценно понята рецептором: воспринята, осмыслена, поглощена им во всем объеме, со всем смыслом, стилистическом, функциональном и другом многообразии.

Данный перевод сопровождается одновременным процессом передачи текста оригинала основанного на эквивалентном соответствии в языке перевода. Информативная модель учитывает фоновые знания отправителя сообщения, переводчика и получателя, основывается на своеобразии культурного видения мира, языковых традициях, ситуативности и коммуникативных особенностей порождения первичной информации.

Основным отличием информационной модели от схожей семантической является то, информативная модель не исследует глубинные содержательные компоненты и структуры. Она трактует тезис о том, что в сознании рецептора при одновременном анализе и синтезе содержательных компонентов, происходит восприятие и перекодирование целого сообщения без деления его на семантические компоненты или слова, в то время когда семантическая больше заинтересована в глубинных смыслах передачи отдельных семантических структур.

Психолингвистическая модель процесса перевода возникла благодаря трудам ученых Военного университета. Она основывается на коммуникативном подходе, однако, психолингвистическая модель акцентирует свое внимание больше на психологическом аспекте перевода как на акте межъязыковой и межкультурной коммуникации. Большой вклад в разработку данной теории внес А.Ф. Ширяев. Он дал трактовку данной модели как особого вида речевой деятельности, определив ее мотивационные и предметные стороны, способы и средства передачи информации, а также продукт и структуру.

1. Текст оригинала воспринимается переводчиком, преобразовываясь в ментальное понимание.
2. Текст из ментального понимания преобразовывается в текст на язык перевода.

Следовательно, психолингвистическая модель отражает процесс перевода, выполняемый в сознании переводчика. Она прослеживает поэтапные ментальные действия перемещения текста оригинала в текст перевода. Если не акцентировать внимание на поэтапном процессе перевода, можно выделить несколько важных особенностей:

1. Моделирование процесса перевода зависит от свойств конкретного типа языковых единиц.
2. Преобразование текста производится без промежуточных стадий, то есть от оригинала к тексту перевода.
3. Преобразование текста оригинала в текст перевода не учитывает описание способов перевода и не отражает всевозможные языковые изменения и трансформации, а просто является перечнем непосредственных переводческих операций [5].

Динамическая (функционально- прагматическая) модель процесса перевода. А.Д. Швейцер является основоположником коммуникативного подхода, а также функционально -психологического аспекта процесса перевода. На основе данных исследования А.Д. Швейцер разработал идею о функциональном доминанте. Функциональный доминант - это неизменяемое сообщение, то есть то, что должно оставаться неизменным в результате процесса перевода, так же известное как инвариант перевода. На основе этого, им была разработана динамическая модель, так же известная как функционально-прагматическая модель процесса перевода.

Согласно данной теории процесс принятия переводческих решений можно поделить на два этапа:

1. выбор стратегии перевода
2. выбор способа перевода, различных приемов и т.д.

А.Д. Швейцер большое внимание уделял первому этапу, а именно выбору стратегии перевода. Этот интерес обуславливался тем, что от выбора стратегии изменялся и сам облик переводного текста. Так например, при выборе текстуально точного перевода, текст перевода приближался к буквальному, а при вольном - текст перевода разительно отличался от текста оригинала. Так же, А.Д. Швейцер вычленил аспекты, которые должны были отражаться в тексте перевода в первую очередь, то есть он создал шкалу приоритетов. Так, например, при переводе исторических текстов, он выделил два аспекта: передача глубиной исторической специфики текста или детальная передача экзотических деталей местного колорита и колорита эпохи.

Здесь, важное значение играет понятие переводимости, которое Швейцер трактовал как относительное понятие. Инвариантом в такого роа текстов, как и в любых других, является формируемый речевой контекст и ситуация общения, которые можно передать различными способами не изменяя смысла.

Швейцер образовал ряд взаимосвязанных фильтров, определяющих стратегию выбора способа перевода. К данным факторам он отнес нормы языка оригинала и перевода, культурные особенности, коммуникативные ситуации (первичную и вторичную), предметную ситуацию, функциональную характеристику оригинала, детерминантов перевода.

Коммуникативно-функциональная теория перевода основывается на разграничении понятий: языковое значение и речевой смысл. Данное разграничение было введено З.Д. Львовским, по его определению, сутью деятельности переводчика является цепочка многократного перекодирования информации: смысл - значение - смысл - значение - смысл. Данная перекодировка составляет основу двуязычной коммуникации. Он так же определял, что в момент процесса перевода необходимо учитывать объективные и субъективные факторы, которые формируются в определенной речевой ситуации. В зависимости от функции коммуникативного процесса меняются и форматы речевой ситуации. Цели и задачи автора меняются от коммуникативного мотива, которые являются результатом взаимодействия форматов речевой ситуации. Форматы речевой ситуации подразделяются на следующие составляющие: личность автора сообщения, предмет его сообщения, место и время коммуникации, личность собеседника, мотивация его речевого поступка и так далее.

Согласно Львовскому переводческие трансформации носят как лингвистический, так и экстралингвистический характеры. Говоря о лингвистических характеристиках, надо отметить, что они возникают из-за различия систем и норма языка оригинала и языка перевода, в то время как экстралингвистические отражают разнообразность значений, культурологические различия, фоновые знания автора и получателя. Однако следует отметить, что З.Д. Львовский в качестве основного фактора перевода определял его адекватность, которую в свою очередь он рассматривал по принципу коммуникативно-функциональной равнозначности оригинала и текста перевода.

Герменевтическая модель перевода была создана А.Н. Крюковым, который трактовал, что перевод начинается с понимания и заканчивается пониманием. Переводчик в процессе перевода опирается на вторичное понимание им информации, передаваемую им же, с точки зрения возможности точного понимания ее рецептором. Данный анализ осуществляется на уровне социально-психологических установок, которые

управляют определенной языковой структурой высказывания. Следовательно, герменевтическая модель перевода основывается на интерпретационном подходе, а именно некому процессу вторичного порождения текста на языке перевода.

Когнитивная модель перевода изучает принципы разграничения и рассортировки информации в отдельные концепты. Термин концепт является базовым понятием когнитивного переводоведения, так же как и когнитивной лингвистики. Первые упоминания о данном термине датируются 1928 годом в статье С.А.Аскольдова Концепт и слово. В своей статье Аскольдов понимал под термином концепт - мыслительное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода [5]. Однако широкое распространение в использовании данного термина приходится на середину XX века.

Возникновение когнитивной теории перевода началось с эмпирических исследований в области теории и практики перевода. Зарождение когнитивного переводоведения началось с 1982 года когда впервые – известный израильский ученый, практик и теоретик перевода Гидеон Тури (Gideon Toury) говорил о тайне процессов, происходящих в черном ящике языкового посредника. Данный когнитивный подход был главным образом сосредоточен на цели разделения и унификации разных стадий и фаз процесса перевода.

Согласно когнитивному подходу, переводчик в процессе перевода выступает как медиатор языкового посредничества, а перевод является мостом между культурами разных народов.

Задача медиатора, как посредника языкового обмена, далека от классического понимания задачи переводчика. Главной задачей переводчика является адекватный перевод текста сообщения с одного языка на другой без изменения его смысловой нагрузки. В то время как медиатор должен воспринимать текст оригинала и передать его на язык перевода учитывая его не только социальную, культурную значимость, но прежде всего его психологический контекст. Данный подход используется в классической теории перевода, когда речь идет о последовательном переводе, сокращенных видах перевода, когда перед переводчиком стоит задача интерпретации сообщения.

При когнитивном подходе можно выделить три основные задачи языкового посредничества:

- 1) коммуникативная функция устанавливается между говорящим или пишущим (первый отправитель) исходного текста или дискурса и посредника как первого получателя;
- 2) психическая деятельность посредника, обрабатывающего сообщение (либо письменные или устные).
- 3) коммуникативная функция устанавливается между посредником в качестве второго отправителя целевого текста или дискурса и конечных получателей сообщения.

Все эти три функции являются общими как для перевода, так и для интерпретации. Первая и третья относятся к функционально -прагматическому аспекту языкового посредничества в качестве социально-коммуникативного и культурного действия. В то время как второй обозначает когнитивные аспекты. Для успешного выполнения коммуникативной функции необходима оптимальная реализация познавательных процессов.

Сопоставительный анализ предоставляет возможность определить использованные модели в процессе перевода. Однако, можно заметить, что любой переводимый текст в независимости от его жанрово-стилистической принадлежности, является этапом межъязыкового и межкультурного взаимодействия, источающий лингво - психологическое воздействие реципиента, посредника - переводчика и рецептора. Следовательно, коммуникация не ограничивается лингвосоциокультурными аспектами взаимодействия, она больше основывается на когнитивном восприятии информационного потока оппонентов.

Лингвистическое моделирование перевода является одним из важных в общей лингвистической теории перевода и предусматривают создание теоретических моделей. Лингвистические модели раскрывают сущность перевода на основе критериев соответствия текстов перевода оригиналу, обусловленного объективным решением проблемы эквивалентности единиц исходного языка единицам языка перевода. Существующие типы моделирования в теории перевода способствуют улучшению качества и адекватности перевода.

Литература:

1. Татаринов В.А., Методология научного перевода, - М.: Издательство «Московский Лтцей», 2007
2. Комиссаров В.Н., Общая теория перевода. - М., 1999
3. Комиссаров В. Н., Теория перевода. - М., 2002 с. 410)
4. Семенов А.Л., Теория перевода, 2-е изд.,-М.: Издательский центр «Академия», 2013
5. Жаркова Г. Г. Диссертация Психолингвистическая модель перевода с листа, М: 1990. – <http://cheloveknauka.com/psiholingvisticheskaya-model-perevoda-s-lista#ixzz3Rac59KZ5>)

ҮНДІ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ҮШТІК» ЖӘНЕ ОНЫҢ ВЕДА ІЛІМІНДЕГІ АҢЫЗДЫҚ ТАНЫМЫ

Д.М. Кокеева
(Қазақстан, Алматы)

Аңдатпа

Мақалада ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ата-бабаларымыздың естелік мұраларының жиынтығы болып табылатын аңыз-әпсаналарға түсініктеме беріледі. Сонымен қатар үнді дүниетанымындағы «Үштік» құдайының аңыздық тұрғыдан сипатталуы қарастырыла отырып, ежелгі үнді әдебиетінің қайнар бұлағы болып табылатын Веда мәтіндеріндегі үнділік аңыздар Үштік (трилока) тұрғысынан сипатталынады.

Кілт сөздер: мифология, веда әдебиеті, Үштік құдайы, Брахме, Вишну, Шива.

Әпсаналарды зерттеуші ғалымдардың айтуынша, мифология – біріншіден, адамдардың жаратылыс туралы түсінігіне негізделген аңыздардың жиынтығы болса, екіншіден, аңыздардың шығуын, мазмұны мен оның таралуын зерттейтін сала. Әлемге аңыздық көзқарас бойынша «Дүниенің қалыпты жағдайы – тек абстракциялық ұғым емес, аңыздың өзінде баяндалатын сол дәуірдегі құдайлардың, алыптардың, қаһармандардың ата-бабалардың өздері жасап, бізге жеткізген жолдары мен дәстүрлері», – деген пікірді алға тартады. Расымен де дәстүрлі дүниетанымда аңыздың алатын орны ерекше. Сондықтан дәстүрлі дүниетанымда аңыз орнының ерекшелігі қоғам дамуының ежелгі кезеңіне тән қоршаған ортаны тану әдісі, әрі дәстүрлі дүниетанымның бастау көзі болып табылады.

Мифологияны зерттеуші ғалым С. Қондыбай да «Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол өткен заман адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол өткенді саналы бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қасиеті қатар өрілген, еріксіз шатасу тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы» [1, 10 б.], – дейді. Сондай-ақ, ғалым біз бұл тұжырымнан поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибенің ерекше бірлігі орын алатындығын көре аламыз – деп пікірін сабақтай түседі.

Әр елдің, ұлттың қанына сіңген өз наным-сенімдері, аңыз деректері бар екендігі шындық. Өз ұлтының немесе өзге ұлттың аңыздарын зерттеушілер саны қаншама. Солардың бірі қазақ аңыздарын зерттеп, ғылымға өз үлестерін қосқан ғалымдар қатарынан Ш. Уәлихановтан бастап, кейінгі аға буын зерттеушілеріміз Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Ә. Қоңыртаев, О. Сүлейменов, Ә. Нысанбаев, С. Ақатаев, Қ. Әбішев, Ғ. Есім, М. Орынбеков, Ф. Сүлейменов, І. Ерғалиев, С. Нұрмұратов, Қ. Нұрланова, З. Наурызбаева, Ғ. Қарағөзова, С. Қондыбай сынды отандық ғалымдар болса, XIX ғ. 50-70 жж. Ведалық аңыздар мәселелерімен Р.Н. Дандекар., Л. Рену., Я. Гонда, В.Норман Браун, К. Милиус., П.Тиме, Ф.Б.Я. Кейпер, Э.Бенвенист., В.Рау сынды танымал ғалымдар айналысқандығын білеміз.

Ал, үнді зерттеушілерінен доктор Бходжрадх Двидеви, Раманатх Кхейра, Акшивани Парашар, Винай, Гурприт Синһ, Радхакришн Шримали, Ашок Коушик сынды ғалымдарды атауға болады.

Миф – ата-бабамыздың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалам, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері болғандықтан олардың қатарына аспан, жер, су дүниесі мен жер асты, осылардың тұрғындары, яғни, аспан тәңірлері мен тәңіриелер, құбыжықтар мен перілер, дәулер мен жасампаз батырлар мен ел тергеушілер, ғажайып мақұлықтар және тағы басқалар жатады.

Аңызтанушы ғалым Дж. Ф. Бирлайнның тұжырымдамасы бойынша, миф – адам баласы үшін барлық уақытта да бейне бір өзгермейтін, тұрақты нәрсе. Мифте жалпы модельдер, сюжеттер, тіпті ұсақ детальдар кездеседі. Анықтап айтар болсақ, миф ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан біздің ата-бабаларымыздың естелік мұраларының жиынтығы. Сонымен қатар аңыз – біздің өмірімізге белгілі бір мән-мағына беретін сенім-нанымдар жиынтығы. [2, 15 б].

Жалпы, біз Үнді мифологиясы жайында не білеміз? Қызық та күрделі Үнді мифологиясында кездесетін аңыз-әңгімелерге толы оқиғалар ұшы-қиыры жоқ шексіз бір жіп я болмаса арқан іспетті. Себебі, сонау кезден құдайлардың арқауы болып танылып келген Үштік (Тримурти), одан қалса осыларға арқа сүйеген Веда іліміндегі 33 құдайдың бір-бірімен ұштасуы, бір-бірінің орнын толықтыруы, олардың әр қайсысының қызметтері мен күлкілі де қорқынышты, яки, тартымды бейнелері кез-келген оқырманды олар туралы берілген деректерге үнілпей қоймайтыны сөзсіз.

Түрлі тайпалардың басшысы ретінде танылған веда іліміндегі құдайлар пантеоны натур мифологиялық сипатқа ие. Ертедегі үнді тұрғындарының түсінігі бойынша әлем «Жер, ауа, аспан» сынды үш бағаттан тұрғандықтан, «Три лока» деген атаумен жеткен. Үнді дүниетанымындағы құдайлар осы аталмыш локаға байланысты үшке бөлініп әлемді басқарған деседі. Аспан құдайлары Митра, Варуна, Адитья, Сурья, Савитр, Пушан, Вишну, Ушас, Ашвина; ауа, яғни аспан мен жер арасын басқарушылар қатарына Индра, Маруты, Рудра, Ваю-Вата, Парджанья, жер – Агни, Сома, Брихаспати [3, 178 б.].

Миф адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы болғандықтан, үнді мифологиясын терең меңгеру үнді психологиясындағы, әдет-ғұрпындағы, тарихындағы бүгінгі күнге дейін түсініксіз тұстарын толығымен болмаса да барынша жаңаша қарау керектігін қажет етеді.

Веда ілімінде, қасиетті Үнді жазбаларында басқа құдайларға қарағанда Үштіктің алатын орны ерекше, яғни басым десек те болады. Индуизм полиморфизмі көптүрлі объектерді құрметтеуден тұратын құдайға

жалбарыну «Тримурти» концепциясымен байланысты. Гита мәтіндерінде Жоғарғы құдай туралы ұғым ерекше орынға ие. Гита упанишадтағы тұлғасыз Абсолютті Жоғарғы құдаймен теңестіреді. Сондықтан Абсолютті Брахманның мифологиялық кейпі Құдай болып та, Абсолютті тұлға болып та көрініс табады [4, 262 б.]. Құдайлар пантеонының бастысы ретінде таныталатын «Үштік» – Абсолют Брахман деп танылады. Олардың бірі Брахма – әлемді жаратушы, бірі Шива – қиратушы, бірі Вишну – реттеуші ретінде танымал. Аталмыш құдайлар миллиондаған үнділердің жүректерінен орын алған [5, 13 б.], – деп үнді зерттеушісі П. Динанатһ Шастри жеткізеді.

Үнді дүниетанымы бойынша Веда пантеонында маңызды орынды дева, яғни құдайлар алады. Ерте кезде үнділер оларға антропоморфтық сипат бере отырып, адамдардың мінез-құлқын, өмірге деген құлшынысын жазған. Құдай санскрит тілінде дева терминіне ие болуымен қатар, див немесе дио сөзінен шыққанын білдіреді. Дева бірде нұр шашу мағынасына ие болса, бірде аспан мағынасына ие. Веда теологиясы бойынша 33 құдайдың бәрі жоғарыда айтқанымыздай станасқа, яғни мекеніне байланысты үшке бөлінеді. Олар: аспан, жер және ауа.

А.А. Макдонелл ведалық мәтіндерге сүйене отырып, әлемді жер, аспан және ауа деп дәстүрлі топталуды жөн көрсе, Э.У. Хопкинс эпикалық құдайларды осы топталуларға Брахма, Шива және Вишну құдайлары аталмыш мекендерді басқаратындығы жайлы атап өтеді. Мифологияда құдайлар кейіптердің эпикаға дейінгі тарихы, құдайлардың сыртқы бейнелері, олардың қаруы, орналасқан жерлері, мифологиялық атқаратын қызметтері, негізгі атаулары, құдайлардың серіктері жайында сипатталады.

Эпоста Брахма абсолюттің жеке формасы ретінде танылады. Жоғарғы Атман, сондай-ақ, ведалық Праджапати сипаттарына ие. Упанишадтарда Праджапати барлық әлемді жаратушы әрі қиратушы және барлық құдайлардың әкесі ретінде танылады. А.А. Макдонелл абстрактті құдайдардың шығуы жайында екі деректі алға тартады. Біріншіден, эпиптеттің белгісіндегі дамуының жеке көрінісінде болса, екіншіден, абстрактті түсініктің кейіптелуінде Брахма Парамештхин (Жоғары), Локагуру (Әлем басшысы), Праджапати (Жер құдайы) атауларымен танымал.

Ригведадағы (X, 125) түсініктемеде Брахма туралы былай берілген: «Бұл дүние бастапқыда Брахманға ұқсады. Брахман өзінен құдайларды жасады. Ол жаратқан құдайларды дүниемен араластырып, бұл дүниеге отты, ауа кеңістігіне желді, аспанға күнді көтерді. О баста құдайларда мертігетін, өлімге ұшырайтын болған. Олар Брахман арқылы осы (дүниеге) жеткендіктен мәңгілікке айналды [5, 83 б.], – Осы түсіндірмеден (үнділердің түсінігімен қарағанда) біз Брахманың зор күшке ие екендігін, барлық жаратылыстың бастауы содан екендігін көреміз.

Үнді үштік құдайының ішінде маңызды орынға ие бірден бір құдай Брахма болып табылады. Махабхаратада Брахма әлем жаратылысы туралы ойланғанда Вишну кейпінде эмбрионадан пайда болған деседі.

Үнді күн тізбесі бойынша 1 тәулік 2,160,000,000 жыл теңдікті көрсететін әлемді Брахма жаратты. Брахма оянған кезде тіршілік жанданады. Бұл жаратылыс Брахма өмірінің соңына дейін жалғасын табады. Брахманың дәуірі тәмамдалған кезде, бүкіл жаратылыс жоқ болады, – деп түсіндіріледі [6, 37 б.].

Брахма құдайының дене бітімі, оның қару-жарағы мен көліктері жайында аңыздар төмендегідей сипатталады.

Үнді ғалымы В.Валдев зерттеулерінде Брахманың 5 басы бар екендігін және оның бесінші басы туралы былай дейді «Брахма алғашында бір басымен билік жүргізген. Брахма денесінің бір мүшесінен жүзі дидарға толы Сатарипа (Сарасвати) әйелін жаратқан. Брахма өзі жаратқан әдемі әйел жаратылысынынан көз ала алмайтын күй кешуге душар болып, Сарасватиы өзгенің көзінен таса ұстау мақсатында биікке орналастырады. Ал, оны бақылап тұру үшін өзінің оң жағынан, сол жағынан және артынан бастар жаратты. Алайда Сарасвати оның сұқтанған көздерінен жасырыну үшін одан да биікке көтеріледі. Сол биікке қарау үшін Брахма 4 бастың үстінен 1 бас тағы да жаратады. Осындай жолмен Брахма 5 басқа ие болған» [7, 81 б.].

Брахманың тағы бір есімі Вираз, яғни жұмақта тұратындарды басқарады. Аңыз бойынша Вираз Брахманың баласы деп те қарастырады. Брахма Арава кейпінде болған. Ол Пуруш, еркек бейнесінде және Вираз әйел бейнесінде жаратылған. Вираз табиғатты жандандырушы болса, ал Брахма абсолютті әрі соңғы жоба деп түсіндіріледі.

Бахавад Гита: 4-7-8, Шри Кришнаның айтуына сүйене кетейік: О, Үнді халқы, азғындық пен зұлымдық бар жерде күнә да көбеюін тоқтатпайды. Мен соларды реттеу үшін әр түрлі кейіпте жер бетіне түсіп отырамын. Мен адал жандар мен мейірімділерді қорғаймын, қолдаймын. Егер қаласам күнәға батқандарды түбімен жоямын. Мен осы дәуірдегі парасатты адал ойды реттеуге қатысамын, – делінген.

Үнді мифологиясы бойынша адамзат жаратылысынан кейін, құдайлар кейіптерге енген. Олардың ішінде 108 инкарнацияның негізгі мән-мағынасы бар. Солардың бірі үнді құдайлар пантеонының бірі Вишнудың 10 кейпі (амалы) маңызды рөл атқарады. Сондықтан Вишну құдайының амал-әрекеті қазіргі таңда жеке ағым ретінде танылу үстінде.

Әлемді реттеуші үнді құдайлар пантеонының бірі Вишну тыныштықты, бірлікті сақтау мақсатында жер бетіне төмендегідей 10 түрлі кейіппен түсіп отырған [8, 18 б.].

- матсуа балығының кейпіне түсуі;
- тасбақа кейпіне түсуі;
- шошқа кейпіне түсуі;
- жартылай адам Нарсинһ кейпіне түсуі;

- Ваман кейпіне түсуі;
- Данышпан Паршерам кейпіне түсуі;
- Домкрат кейпіне түсуі;
- Кришна бейнесіне енуі;
- Будда бейнесінде келуі;
- Калка кейпінде;

А. Барттың «Религии Индии» атты еңбегінде Е.П. Блаватская «Кришна Будданың кейпі әрі үнді дініне табынушыларының құтқарушысы. Кришнаның ана жатырында пайда болуы, тууы және балалық кездегі өмірі Жаңа Әсіеттегі тарихтың нақты протипі. Осыған байланысты миссионерлер Христостың туу туралы тарихын үнділер Үндістанға келген ежелгі христиандардан ұрлап алған деп дәлелдеуге тырысады» десе [9, 276 б.], Мэнли П. Холл Кришнаны Христостың үнділік баламасы деген ой тастайды [10, 717 б.]. Кейбір аваторлар үшін «Кришна өзінің халқына қырғын соғыстағы өліміне күле қарап, сол халықтың тоқырауын дайындаған Құдай, себебі оның жерге келудегі мақсаты жер бетін қаптаған тәкаппар халықтан тазарту» деп атап көрсетіледі.

Бхагавад-Гита мәтінінде Кришна жоғарғы Болмыспен теңестіріледі. «Кришна» термині Вишну мағынасын береді. Кришна Вишну аваторы ғана емес жоғарғы Болмыс атауына да ие. Кришна Хари есімімен де танымал. Отандық зерттеуші Қ.М. Борбасова Бхагават-Гитаның алғашқы аудармалары батыс жеріне жеткен уақытта 1869 ж. Ф. Лоринзер мәтінде христиан дінінің идеаларының әсері бар деп айтқандығын, бірақ, 1875 К. Гелангтың ізденісі бұл ойды жоққа шығарғандығы жөнінде тілге тиек етеді [11, 21 б.]. Десе де, XIX ғ. екінші жартысында М.Вебер, А. Холуман, Х.Хопнин сынды зерттеушілер «Бхагавад-Гита» мәтіндерінде көптеген бұрмалаулар енгізілгендігін сөз еткендігін ескергеніміз жөн.

Рухани құлдырау заманында адамдарға жол көрсету, қорғау мақсатында жер бетіне түсіп жүрген құдай пантеондарының бірі Вишну Кришна құдайы ретінде де танылған.

Үнді құдайлар пантеонының ішінде арийлер қабылдаған құдайдың бірі – Шива. Алғашқы үштік құдайлардың бірі ретінде бұл бейне көптеген ғалымдарды ізденіс үстіне қояды. Оны Махеш немесе Махадева (ұлы құдай) деп те атайды. Шива түрлі тәсілдермен суреттеледі, бірақ бұл құдайдың ерекшелігі мынада:

- оның орны (жолбарыс терісін жамылған);
- иықтары мен мойнында оралған жыландар;
- ұйысқан шаштары;
- шашына шаншыған ұзынша таяғы;
- басының төмен құйылатын Ганга өзені;
- трайдеңт (оның билігінің символы);
- қасиетті өгіз;
- шар.

Бұлардан басқа Шиваның бір ерекшелігі оның ұшқыр үшінші көзі. Махабхаратада Шиваның жол көрсететін үшінші көзі жайында екі көзқарас баян етіледі: Жары Парвати Шива артынан жүріп, оның көзін таңғанда, сол сәтте әлемді қараңғылық басып, барлық тіршілікке қауіп төнеді. Сол кезде Шива үшінші көз жаратып әлемге жарық сыйлады; екінші көзқарас бойынша, оның үш көзі күн, ай және отты бейнелеп тұрады екен [12, 110 б.]. Шри Шива Татвада бұл көз былай суреттеледі: оның ұшқыр көзі жалын шашып тұрады. Бұл ішкі дүниеде роль атқарады. Егер ол сыртқа бағыттаса онда бүкіл жаратылыс өртке шалдығады. Сондықтан да үшінші көздің қарасынан Кама, шөл құдайы және басқалар өртеніп кеткен. Барлық жаратылыс өз кезеңімен жойылып отырған. Шива үш көзді болғандықтан Тримаран-петра, Тримаран-амбаха, Тримаран-акша және Тримаран-наяна деп аталады. Әр түрлі символдарына байланысты Шива құдайы қасиетті жазбаларды бірнеше түсініктермен берілген.

Жоғарыда айтылған бес келбеттің ішінде Шиваның оңтүстік келбеті Адхора-бхайрава дедік. Ол «қорқыныш» деген мағынаны білдіреді. Аңызға тоқтала кетейік: Шива құдайының жары Сита дүниеден өткенде қайғыдан арыла алмаған ол жарының өлі денесін иығына салып, жер әлемді кезіп кетеді. Вишну құдайы Шиваны қайтадан өз билігіне алып келу мақсатында Сатидың денесіне дақтар түсіреді. Шива үшін ол дақтар қасиетті дақтарға айналды. Осы дақтарды Шива Вхайвара кейпіне түсіп қорғайды.

Шива басқарып отырған мүшелердің ішінен ең қорқынышты эзәзіл Киртимукха. Оны бір кездері Шива өзіне қарсы шыққан Рахумен күрестіру үшін жаратқан. Эзәзіл Шивадан тамақ талап еткенде, оның өз аяғын, қарнын, кеудесін жеуді бұйырады. Тек басы ғана қалған Киртимукха осылай қорқынышты болып танылған.

Жалпы үнді дүниетанымындағы Үштік құдайдың негізінде қалыптасқан аңыз әпсаналар халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан деуге болады.

Дәстүрлі лингвистика тұрғысынан алғанда, мәтін дегеніміз орамдылық пен тұтастық ерешеліктеріне ие болатын, мағыналық байланыс негізінде біріктірілген сөйлемдер жүйесі. Ал БАҚ-ы дискурсы тұрғысында мәтін ұғымының ауқымы едеуір ұлғая түседі. Бұл тұрғыдан мәтін тек қана вербальді деңгейдің символдар жүйесі болып қана қоймай, ақпарат таралатын негізгі каналдар түріне байланысты әр түрлі семиотикалық символдар, атап айтқанда тілдік, графикалық, дыбыстық, визуальді символдар жүйесі ретінде қабылданады. Аударма саласының негізгі нысаны мәтін болып табылады. Осы себепті, БАҚ-ы дискурсының мәтіндерін аудару ерекшеліктері мен негізгі жолдары аударма саласы үшін негізгі мәселелердің бірі болып танылады. [3, 5]

Медиа дискурсы дегеніміз дискурстың функционалды түрде анықталған түрі, ол бұқаралық қарым-қатынас саласындағы сөйлеу әрекеттері мен сөйлеу әрекеттері өнімдерінің өзара әрекеттесуінен туындайтын барлық күрделі және ауқымды аспектілерінің жиынтығы. Оксфорд сөздігінде аталмыш тақырыпқа берілген анықтамаларға көз жүгіртсек, «Жазбаша немесе ауызша қарым-қатынас түрі немесе дебат; Белгілі бір тақырыпты ауызша немесе жазбаша түрде ресми талқылау негізінде жүзеге асыру; Бір-бірімен байланысқан сөйлемдер, мәтін немесе сұхбаттардың легі». [4, 7]

Аударма теориясы және мәтін лингвистикасы сынды ғылым салалары, өзіндік негіздерінің құрылуының алғаш кезеңдерінде, мәтін мәселесіне аса көп көңіл бөлген болса, қазіргі уақытта мәтін ұғымынан да кең мәселелерді қамтитын дискурс ұғымы аталмыш пәндердің негізгі зерттеу нысандарының бірі болып отыр. БАҚ дискурсының жалпы дискурс ұғымында алатын орны ерекше. Қоғамдағы адамдардың өмірі аталмыш БАҚ мен тығыз байланыста өтіп жатқандан соң, бұл тақырыптың өзектілігі айтпаса да белгілі екендігін көруге болады.

Ньюмарктің «семантикалық» және «коммуникативтік» аударма түрлері

Британиялық танымал аудармашы және зерттеуші ғалым П. Ньюмарк өзінің 1981 жылы жарық көрген «Approaches to Translation» атты еңбегінде Наида және Лоуренстің стратегияларымен үндесетін екі негізгі аударма түрлерін ажыратқан болатын. Ньюмарк өзінің аударма стратегияларын «коммуникативтік аударма» және «семантикалық аударма» деп атап, зерттеулерін ғылымға енгізді.

«Коммуникативтік аударма» дегеніміз түпнұсқа мәтін нақты мәнмәтіндік мағынасын оқырмандардың қабылдауына жеңіл әрі түсінікті етіп аудару болып табылады. [5, 39] «Коммуникативтік аударма» өзіне тән мақсаты мен қызметіне байланысты, Наиданың «динамикалық эквиваленттілігі» мен Венутидің «доместикация» тәсілдеріне ұқсас. Осыған байланысты Шэбнем Шэкерниа өзінің «Study of Nida's (formal and dynamic equivalence) and Newmark's (semantic and communicative translation) translating theories on two short stories» атты мақаласында, «коммуникативтік аударманың» сипаттамасы Наиданың «динамикалық эквиваленттілігіне» ұқсас, себебі аударма мәтін аударылатын тіл оқырмандарына лайық етіліп жасалады, ал «семантикалық аударма» Наиданың «формальді эквиваленттілік» стратегиясына ұқсас деп жазады. [6, 1] Питер Ньюмарктың айтуы бойынша, «коммуникативтік аударманың» негізгі мақсаты – аударма жасалатын тіл оқырмандары түпнұсқа мәтін оқырмандары мәтінді қалай қабылдаса дәл солай қабылдануға тырысатын және аударылған нұсқаны анықтататын аударма түрі.

Ньюмарк өзінің «Approaches to Translation» атты еңбегінде «семантикалық аударма» нақты мәнмәтіндік мағынаны түпнұсқа мәтін тілінің семантикалық және синтактикалық құрылымдарына неғұрлым жақын етіп аудару деп келтіреді. [5, 69] Ньюмарктің «семантикалық аударма» тәсілі түпнұсқа мәтіннің қалыбын сақтауды негіз етіп алады және аударылатын мәтін мағынасын түпнұсқа мәтіннің мәнмәтіндік мағынасына неғұрлым жақын етіп қайта тудыруға тырысады. Шэбнем Шэкерниа өз еңбегінде «семантикалық аударма түпнұсқа мәтін тілінің мәдени ерекшеліктерін сақтайды, делдалдың, яғни аудармашының ойлану үрдістеріне неізделеді және ең негізгі деген ақпаратты ұйымдастырады» – деп, жазады. [6, 1] Бұл күрделі, егжей-тегжейлі ақпаратқа көп көңіл бөлетін, ақпараты мол мәтіндерге қолданылады.

Алайда, бірқатар ғалымдар Питер Ньюмарктің аударма тәсілдері Наида мен Венутидің аударма тәсілдерімен үйлесім табады деп пайымдаса да, Ньюмарк ұсынған «семантикалық аударма» Венути мен Наиданың «формальді эквиваленттілік» және «форенизация» аударма стратегияларынан өзгеше деп есептейді. Бұның себебіне терең бойлайтын болсақ, Ньюмарктің «семантикалық аударма» стратегиясының өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне анықтай аламыз.

«Семантикалық аударма» – «дәлме-дәл» жасалатын сөзбе сөз аудармадан өзгеше, себебі бұл аударма түрі түпнұсқаның эстетикалық құндылықтарын (әсем және табиғи үйлесімділігін, мағынасын сақтай отырып, орайы келгенде ешбір күмән тудырмай, сөздерді ауыстыру және сөздердің қайталануын болдыртпай аудару) есепке ала отырып жүзеге асуы қажет. Сөзбе сөз аударма мен «семантикалық аударманың» ең негізгі айырмашылықтары бұл сөзбе-сөз аударма – ымырасыз және догмалық болып келсе, ал «семантикалық аударма» оралымды және жүз пайыз дәлме дәлдіктен гөрі шығармашылық ерекшеліктерді нысанға алуды көздейді және аудармашының аударманы интуитивтік эмпатия тұрғысынан жүзеге асыруын құптайды. [7, 69]

Коммуникативті және семантикалық аударма түрлеріне мысалдар (Qazaq times, Егемен Қазақстан, Ақорда сынды ақпараттық порталдардан алынды):

Сол себепті менің анам (Гүлнара Кәрімова – ред) елде болып жатқан өзгерістерді қаржылай және физикалық тұрғыда қолдауды жөн санап отыр» - деп жазды.	According to the son of Gulnara Karimova Islam Karimov, his mother Gulnara Karimova, promises to provide "financial and physical" assistance to the processes taking place in the country.
2017 жылдың 28 шілде күні Өзбекстан Бас прокуратурасы «Гүлнара Кәрімованың үстінен қылмыстық іс қозғалғандығы» жөнінде мәлімдеген. Кейіннен “экс-ханшайымды” 2015 жылдың тамыз айында Ташкент қалалық соты 5 жылға бас бостандығынан айырғандығы белгілі болған.	Recall, it is worth noting that on July 28, 2017, the Office for Organized Crime and Anti-Corruption at the General Prosecutor's Office of the Republic of Uzbekistan announced on the official website of the General Prosecutor's Office that “a criminal case was initiated against Gulnara Karimova”.

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысының тарифтерді төмендету және тарифтердің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ өңірлердегі көмірмен қамту және түпкілікті тұтынушылар үшін бағаны төмендету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.	At the Government meeting chaired by the Prime Minister Bakytzhan Sagintayev, Minister for Investments and Development Zhenis Kassymbek reported on the implementation of the Head of State's instructions to reduce costs and ensure the transparency of the tariff formation system, as well as on the work on coal supply and price reduction in the regions.
Осыған байланысты, өңірлердің әкімдеріне көмірді түпкі тұтынушыға дейін жеткізуді бақылау, сондай-ақ көмір бағасының 15—20% -ға төмендеуі аясында темір жол тұйықтарында тасымалдаушылар тарапынан бағаның негізсіз өсірілуіне жол бермеуді бақылауға алу тапсырылды.	In this regard, regional akims are instructed to take control of the coal delivery to the final consumer, as well as against the background of a 15-20% decline in coal prices at dead ends, to prevent unreasonable price increases.
Баяндаманы тыңдау қорытындысы бойынша, Премьер-Министр Б. Сағынтаев Үкімет өз тарапынан көмір разрездерінде бағаны төмендету бойынша барлық жұмыстарды жүргізіп жатқанын атап өтті, енді негізгі жұмыс — әкімдіктердің мойнында.	Following the report hearings, Prime Minister Sagintayev noted that the Government, for its part, had completed all the work to reduce coal prices, now the main work is for akimats.
Қазақстан Президенті ТМД елдері басшыларымен бірге Мемлекеттік академиялық Мария театрының сахнасында қойылған П.И.Чайковскийдің «Шелкунчик» балетін тамашалады.	The President of Kazakhstan and other leaders of the CIS countries, visited the State Academic Mariinsky Theatre for The Nutcracker ballet by composer Pyotr Tchaikovsky.
Спектакльдің қоюшысы, декорациялар мен костюмдер үлгісінің, сондай-ақ бүкіл көрнекілік концепциясының авторы – Ресей Федерациясы мемлекеттік сыйлығының лауреаты М.Шемякин.	Mihail Chemiakin, the state prize winner of the Russian Federation, directed and designed the production of the ballet.
Отырыста Жоғары Еуразия экономикалық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі цифрландыру мәселелерін іске асыру барысы жөніндегі баяндаманы тыңдап, газ, мұнай және мұнай өнімдері салаларында ортақ нарық қалыптастырудың, сондай-ақ интеграциялық бірлестік аясындағы өзара ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады.	During the meeting, the Supreme Eurasian Economic Council members heard the report on actualizing the digital agenda, and have considered the formation of common markets in the areas of gas, oil and petroleum products and discussed relevant topics for further cooperation as part of the integration association as well.
– Әлемдік экономиканың құбылмалылығына байланысты сыртқы жағдайлар мен тәуекелдерге қарамастан, біз өсімнің оң қарқынын сақтап қала алдық. Биылғы қаңтар-қыркүйек айларында сыртқы және өзара сауда-саттық көлемі айтарлықтай артты, – деді Мемлекет басшысы.	Despite the prevailing external conditions and risks associated with the volatility of the global economy, we have managed to maintain a positive growth trend. Thus, from January to September of this year there was a significant increase in the volume of foreign and mutual trade, Nursultan Nazarbayev said.
Қазақстан Президенті Еуразия экономикалық одағы аясындағы өзара ықпалдастықты одан әрі кеңейту үдерісіне қолдау білдіріп, Еуразия экономикалық комиссиясы мен оған мүше елдердің үкіметтері тарапынан жаңа жұмыс бағыттарының әрқайсысының экономикалық тұрғыдан мақсатқа қаншалықты сай келетіндігіне терең талдау жасау қажеттігін атап өтті.	The President of Kazakhstan expressed support for further expansion of cooperation within the EAEU, stressing the need for in-depth analysis of the economic feasibility of each new direction of work on the part of the EEC and the governments of the participating countries.
– Мен сонау 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің қабырғасында осы интеграциялық жобаны құру идеясын алғаш рет жария етіп, тең құқылық пен еркіндік қағидаттары жөнінде айттым. Сол кезде бірге-бірге халықаралық аренаның белді мүшесіне айналатын қуатты экономикалық одақ қалыптасады деп ойладым. Бүгінде бұл идея шындыққа айналды. Келесі жылы Еуразия экономикалық одағы туралы келісімге қол қойылғанына 5 жыл және еуразиялық интеграция идеясына 25 жыл толады. Осы екі мерейлі сәтке	Back in 1994, I first spoke at Moscow State University with the idea of creating this integration project and spoke about the principles of equality and voluntary involvement. Then I pictured to myself a powerful economic union, which in length of time translated into a big player on the international stage. Today, this idea has materialized. Next year marks 5 years since inking the Treaty on the EAEU and 25 years of Eurasian integration. I am inviting to meet in regular session in Astana next May, coinciding with these two anniversaries, the Head of State said.

арналған кезекті отырысты келесі жылы мамыр айында Астанада өткізуді ұсынамын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.	
Нұрсұлтан Назарбаев Жули Пайетпен жүздесу барысында генерал-губернатордың Қазақстанға алғашқы ресми сапарының канадалық ғарышкер Давид Сен-Жактың Байқоңыр айлағынан ғарышқа аттанған кезімен тұспа-тұс келуінің символдық мәнін атап өтті.	The Head of State welcomed Julie Payette and noted the symbolism of the first official visit of the Governor-General to Kazakhstan, which coincided with the successful flight of Canadian astronaut David Saint-Jacques from the Baikonur Cosmodrome.

Мәтін түрлері мен аударма стратегиялары сабақтастығы

«Семантикалық» мен «коммуникативті» аударма стратегияларын ұтымды қолданылуы үшін мәтін түрлерін ажыратып алу ауадаи қажет. Ағылшын тіліндегі мәтіндердің функсәналді классификациясы мәселесіне келер болсақ, мәтінді атқаратын қызметіне қараи бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

С. Грэмли, М.К. Патзолд өздерінің «A Survey of Modern English» атты еңбектерінде мәтінді мынадай түрлерге жіктейді: хабарлы, сипаттау, бұйыру, түсіндірмелі, аргументативті. [8, 25]

Хабарлау мәндес мәтіндер шынайы өмірдегі болып жатан оқиғалар мен уақытқа байланысты болып есептеледі. Бұл мәтіндер ойдан құрастырылған және шынайы болып екіге бөлінеді. Ойдан құрастырылған мәтіндер қатарына ертегілер, новеллалар кіретін болса, шынайы оқиғаларды баяндайтын мәтін түріне жаңалықтар, баяндамалардан құралады. Бұл мәтіндерде оқиғалар бірінен соң бірі жалғасып отырады және оқиғалар динамикалық етістіктер мен келесі үстеулер арқылы жеткізіледі “and then”, “first”, “second”, “third”.

Сипаттау мәтіндері адамдардың немесе қандай да бір заттардың кеңістіктегі орнын сипаттайды. Сипаттау мәндес мәтіндер қандай да бір заттың немесе адамның орны мекені жайлы ақпарат бере отырып, қосалқы ақпарат бере алады. Сипаттау мәтіндері орын мен мекенді және жай-күйді білдіретін етістіктерге үстеу сөздерді қосып қолдану арқылы жасалады.

Мысалы: The operation panel is located on the right-hand side at the rear; New Orleans lies on the Mississippi. [8, 25]

Бұйрық беру немесе бұйыру мағынасы бар мәтіндер болашақта болатын іс-шарамен тығыз байланысты болады. Бұл мәтін түріне бұйрық райдағы сөйлемдер мен ағылшын тілінің ерекшеліктеріне сай болып келетін сыпайы түрде сұраныс жасау немесе талап ету өтіну сынды ерекшеліктер аталмыш мәтін түріне сай келеді. Бұл мәтін түрі шынайы өмірде болып жатқан оқиғалар, жағдайлармен тығыз байланысты.

Түсіндірмелі мәтіндер белгілі бір құбылысты немесе оқиғаны анықтайды және ерекшеліктерін сипаттайды. Анықтама, түсіндірмелі сөздіктер, қысқаша мазмұнын таныстыратын мәтіндер түсіндірмелі мәтіндер құрамына кіреді. Аталмыш мәтін түрі төрт негізгі түрге бөліне алады. Олар: субъективтік немесе обективтік, аналитикалық және синтетикалық. Бұл мәтін түрі жай күйді білдіретін етістіктер және эпистемикалық модальды сөздер, сапаны немесе күнделікті іс-әрекеттерді сипаттайтын етістіктер түсіндірмелі мәтінде қолданылады. Аргументативті мәтіндер ақпаратты қабылдаушы адамдардың ойлары міндетті түрде өзгертілуі керек немесе өзгеріске ұшырауы қажет деген тұжырымнан аулақ болады. Аргументативті мәтіндер көп жағдайда белгілі бір заттың сапасына немесе бір адамға тән ерекшеліктер жайлы тұжырымдарға қарсы ой бағыттау арқылы жасалады. Жарнама мәтіндері аргументативті мәтіндердің қатарына кіреді. Себебі, бұл мәтіндер адамдары көндіру, олардың белгілі бір құбылысқа затқа байлынысты көзқарасын өзгерту, дәлелдер келтіріп, адамдарды иландыруды мақсат етеді. [8, 65]

Жоғарыда келтірген бірнеше мәтін түріне сәйкес «коммуникативті» және «семантикалық» мәтін түріне қарай алма кезек қолданылатындығына куә бола аламыз. «Талғамға талас жоқ» демекші аудармашылар қауымы «форенизация» немесе «доместикация» тәсілдерін өз қалауларына байланысты таңдай алады. Алайда, «доместикация» немесе «форенизацияның» аудармада мәтін немесе екінші бір мәдениет өкілдерінің ерекшеліктерін есепке алмай жасалуы, аудармашылардың түрлі қателіктерге бой алдыруына әкеліп соғады. Осы себепті, біз мәтіндерді бірнеше топқа бөліп, олардың ерекшеліктеріне сай аудармашыларға бірнеше ұсыныстар жасағымыз келеді. Хабарлау мәнді, аргументативті, сипаттау мәтіндеріне «коммуникативті» тәсілін қолдану аударманың түп мақсатына жетуге пайда келтіретінін айта өту қажет. Бұған себеп, аталмыш мәтіндер құрамына романдар, новеллалар, көркем туындылар, жарнамалар, сипаттау мақсатында жазылған мәтіндер кіреді. Ал, «семантикалық аударма» стратегиясы ақпараты мол күрділі мәтіндерге қолданылуы қажет. [6, 3] Сол себепті, бұйрық мәндес мәтіндер, түсіндірмелі мәтіндер, «семантикалық аударма» стратегиясын қолдану арқылы аударылуы қажет. Бұған себеп – аталмыш мәтіндердің көп мөлшерде термин сөздер, арнаулы ұғымдар мен өзге тілдің ерекшеліктерін қамтуы болып отыр. Анықтамалар, түсіндірмелі сөздіктер мен қосымша құралдарды аударғанда, әрі бұйрық райда тұрған сөйлемнің ағылшын тілінде әр түрлі модальділікке сай бөлінетіндігін ескерер болсақ, «семантикалық аударма» тәсілі аудармашының түпнұсқа мәтін бергісі келген негізгі ақпарат пен ойдан ауытқымауын қамтамасыз етеді деп айта аламыз.

Қорытындылай келе, дискурс және БАҚ-ы дискурсының аударма теориясында алар орын ерекше. Ағымдағы мақалада БАҚ-ы дискурсының ерекшеліктері мен сипаттарын анықтау үшін сынды ақпараттық порталдардан алынған мәтіндерге талдау жүргізу нәтежиесінде БАҚ-ы дискурсын аудару кезінде қолданылатын

аударма стратегияларын ажыраттық. Аударма стратегиялары мен мәтін сабақтастығы мәселесін қарастырып, мәтін ерекшеліктеріне қарап аударма стратегияларын таңдай білу қажеттілігін аңғардық. Аталмыш мәселелерді шешуге және аудармашылардың қызметін жақсартуға деген маңызды ұсыныстар берілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Introduction: Discourse Analysis as a New Cross-Discipline Teun, A. van Dijk
2. Oxford dictionary, https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/discourse_1
3. Понятие дискурса в современной лингвистике, А.К. Хурматуллин/ Ученые записки Казанского государственного университета, Том 151, кн. 6 Гуманитарные науки 2009
4. <https://articlekz.com/article/19506>
5. Approaches to translation, Ньюмарк П., 1981
6. Study of Nida's (formal and dynamic equivalence) and Newmark's (semantic and communicative translation) translating theories on two short stories, Шәкерия Ш./ Merit Research Journal of Education and Review (ISSN: 2350-2282) Vol. 2(1) pp. 001-007, January, 2013
7. Approaches to translation, Ньюмарк П., 1981
8. A Survey of Modern English, Gramley S., Pätzold K.M./ London, Routledge

М.ӘУЕЗОВТЫҢ «КӨКСЕРЕК» ШЫҒАРМАСЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ АУДАРМАШЫЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ (С.О.ЧОРАКАЕВ ПЕН С.ГЕЙГАН, С.ХОЛЛИНГСВОРТ АУДАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аманбаева Ф.
(Алматы, Қазақстан)

Аннотация

Мақалада М.Әуезовтың «Көксерек» шығармасының С.О.Чоракаев пен С.Гейган, С.Холлингсворт тәржімалаған екі аударма нұсқалары қарастырылады. Авторлар олардың арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктердің себептерін анықтау мақсатымен зерттеуді лексикалық, синтаксистік деңгейлерде жасап салыстырады. Сонымен қатар авторлар жеке кісілік, уақыт факторларын ескере отырып, олардың аударма барысында аудармашылық трансформациялардың қолдануына қалай әсер ететінін қарастырады. Зерттеудің нәтижесінде С.О.Чоракаев аудармасы нұсқасындағы қателіктер белгіленді, сонымен қатар С.Гейган мен С.Холлингсворт аудармасы қазіргі ағылшын тілінің нормалары мен ережелеріне сай екендігі анықталды.

Түйін сөздер: М.Әуезов, Көксерек, аудармашылық трансформация, С.Гейган, С.Холлингсворт, С.О.Чоракаев, аударманың көптілігі

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» [1] бағдарламасының аясында «Біз - қазақпыз...» атты қазақ халқының танымал ақын-жазушыларының шығармалары ағылшын тіліне аударылуда. Осы уақытқа дейін М.Әуезовтың, О.Сүлейменовтың, О.Бөкейдің, М.Мақатаевтың, Б.Соқпақпаевтың т.б. шығармалары Ұлыбритания, АҚШ баспаларынан шығып жатыр. М.Әуезовтың «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Қаракөз», т.б. шығармаларын Саймон Холлингсворт пен Саймон Гейган ағылшын тіліне аударып, аталған шығармалар «Beauty in mourning» («Қаралы сұлу») [2] деп аталатын жинақ ретінде шықты. Жиырма бес жылдан аса орыс тілді шығармаларды ағылшын тілге аударумен айналысып жүрген филологтар М.Әуезов шығармаларын аударуды «қиын бақыт» дейді: «Аудару барысындағы ең қиын нәрсе автордың өзіндік стилін беру. Себебі М.Әуезов оқырманмен ұжымдық бейсана атымен сөйлескен болатын. Ол басқа да ұлы ақын-жазушылар сияқты халықты өз терісімен ғана емес, тіпті ғарыш арқылы сезеді» [3]. Алайда М.Әуезов тек ХХІ ғасырда аударыла басталған емес, оның Л.Наврозов аударып, 1957 жылы жарыққа шыққан «Абай жолы» романы, «Жеті жарғы» баспасынан 1997 жылы шыққан С.О.Чоракаев аударған «Көксерек» [4] әңгімелері халыққа танымал.

Осындай жағдайда «аударманың көптілігі» деген ұғымды қолдансақ та болады. Ғалым Ю.Левин бойынша аударманың көптілігі дегеніміз белгілі бір ұлттық әдебиетте түпнұсқасы мәтін түріндегі бір шет тілінде жазылған әдеби шығарманың бірнеше аудармасы [5;213]. Ал осындай көптіліктің себептері А.Попович бойынша: «Аударманың қайталануы тілдің дамуындағы өзгерістерге, түрлі стильдердің дамуына, метақарым-қатынас мәнінің өзгерістеріне, белгілі бір дәуірдің эстетикалық сезімі мен талғамына байланысты. Жаңа буынның келуіне, әдеби мектептер мен бағыттардың өзгерістеріне байланысты қажеттілік туғанда түпнұсқа аударылады. Кейбір жағдайларда аударманың қайталануы тек әдеби себептерге ғана байланысты емес, сонымен қатар сыртқы себептерге (мысалы, коммерциялық мүдде) байланысты да болады» [6;189].

Біз осы жұмыста алғашқылардың бірі болып 2017 жылы шыққан С.Гейган, С.Холлингсворт пен 1997 жылы шыққан С.О.Чоракаев аударған «Көксерек» әңгімесінің ағылшын тіліндегі екі түрлі нұсқасын лексикалық, синтаксистік, стилистикалық деңгейлер бойынша талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеміз.

Аудармаларының арасында 20 жылдай уақыт жатқандықтан, аудармашылардың біреулерде ағылшын тілі ана тілі, ал басқасында шет тілі болғандықтан, айырмашылықтардың болуына ешбір күмәніміз жоқ.

Осы екі еңбекті негізге алып, аудармашылардың қандай әдіс-тәсіл қолданғанын көріп, аудармалардың ерекшеліктеріне назарымызды аудартайық. Лингвистикалық аударма теориясының көмегімен біз аудармашылардың қандай трансформациялар қолданғанын көре аламыз. Аудармашылық трансформацияларды В.Н.Комиссаров, А.Д.Швейцер, Я.И.Рецкер, Қазақстан ғалымдарының ішінен А.Қ.Жұмабекова, сонымен қатар оларды translation techniques деп атаған Ж.-П. Вине, Ж. Дарбельне, М. Бейкер сияқты көптеген ғалымдар зерттеген болатын, алайда біз осы жұмысымызда өзінің жүйелілігіне байланысты В.Н.Комиссаров және А.Қ.Жұмабекова ұсынған аудармашылық трансформацияларға сүйеніп, талдау жасаймыз. В.Н.Комиссаров, А.Қ.Жұмабекова бойынша аудармашылық (тілаларлық) трансформация - ол белгіленген мазмұнда бастапқы тіл бірліктерінен аударма тілінің бірліктеріне ауысуы [7;172] [8;61].

Алдымен шығармадағы ономасиондық лексиканың берілу жолдарын қарастырайық.

Қазақ тіліндегі нұсқасы	Орыс тіліндегі нұсқасы	С.О.Чоракаев аудармасы	С.Гейган/С.Холлингсворт аудармасы
Қара адыр	Черный холм	Black Hill	Black Hill
Құрмаш	Курмаш	Kurmash	Kurmash
Көксерек	Коксерек	Kokserek	Kokserek
	Серый Лютый	Fierce-Grey	Savage Grey
Қасен	Хасен	Khasen	Khasen
	Семипалатинск	Semipalatinsk	Semipalatinsk
Аққасқа	Аккаска	Akkaska	Akkaska
Бөгембай	Богамбай	Bogambai	Bogembai
Қанжығалы	Канжыгалы	Kanzhygalys	Kanzhygal

Аудармашылар аударма барысында транслитерация, транскрипция, сонымен қатар калькалау әдістерін қолданған болатын. Көріп отырғанымыздай, аудармашылар жалқы есімдерді бір тәсілді қолданып аударғанына байланысты олардың көбісі бір-бірімен сәйкес келеді. Алайда «Серый Лютый» ағылшын тілінде екі түрлі нұсқасымен берілген. С.О.Чоракаев аудармасындағы *fierce* ол қатал, ашулы, ал С.Гейган, С.Холлингсворт аудармасында *savage* сөзі жабайы деген мағыналарды білдіреді. Біздің ойлауымыз бойынша *savage* нұсқасы қасқырды керекті жағынан сипаттайды, себебі шығарманы оқу барысында қасқырдың қаталдығына немесе ашулылығына емес, қанша адамдар арасында тәрбиелесен де, оның жабайы хайуан екендігіне назарын аудартады. Сонымен қатар Semipalatinsk сияқты жалқы есімнің қазақ тілдегі нұсқасының жоқтығын айтып кету керек. Шығарманы орыс тіліне аудару кезінде аудармашы А.Пантелеева орыс тілді оқырмандарға түсінікті ету үшін кейбір қосуларды қолданған. Сонымен бірге қателіктерді де байқауға болады. Кестеде көріп отырғанымыздай, қазақ батырының аты Бөгембай орыс тіліне аударылуы барысында өзгеріске ұшырады: «е» әрпі «а» әрпімен ауыстырылды. Ал «Қараадыр» орыс тіліне калька арқылы аударылғандықтан, ағылшын тіліне де солай аударылған болатын. Бірақ осы мәнмәтінде ол географиялық атауды білдіретіндіктен, оны транслитерация жолымен аудару дұрыс болар еді. Қанжығалы сөзінің ағылшын нұсқасына қарайық. С.О.Чоракаев аудармасында ешбір ережелерге бағынбайтын -s жұрнағы пайда болды, ал екінші нұсқасында тіпті -ы әрпі алынып тасталынды. Біз ешқандай ережелер мен нормаларға сай емес екі аударма нұсқасын да қолдай алмаймыз.

Ағылшын тіліндегі екі нұсқасы да орыс тілі арқылы аударылғандықтан, біз талдауымызды орыс-ағылшын тілдеріндегі сөйлемдерді салыстырып жасаймыз.

Жас шөптер басылып, тапталып қалған [4;8].

Волчи лапы вскоре утоптали *свеженарытую* землю [4;48].

The wolves' paws soon tramped down the rummaged earth [4;80].

Their paws soon packed down the *freshly* burrowed earth [2;59].

Осы сөйлемде грамматикалық ауыстыруды көруге болады. С.О.Чоракаев аудармасында *wolves* зат есім болып қалды. Ал орыс тіліндегі *волчи* зат есімін С.Гейган мен С.Холлингсворт аудармасында *their*, яғни есімдікпен ауыстырылды. Аудармашылар осы тәсілді *wolf* сөзін қайта-қайта қолданбауы үшін, әрі оқырмандарға

жағымды естілуі үшін қолданған болатын. Сонымен қатар бірінші аудармада *свеженарытый* сөзін тек *rumtaged*, яғни жаңа сөзін тастап алған болатын.

Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айрылды [4;9].

Волк и волчица набросились на него и в одну минуту разорвали на части [4;49].

The two wolves pounced upon it and in no time torn it apart [3;81].

Wolf and she-wolf hurled themselves onto the animal and in less than a minute had torn it to small pieces [2;60].

С.О.Чоракаев аудармасында *волк и волчица* *two wolves* сөз тіркесімен берілген болатын. Аудармашы осында жалпылау (генерализация) әдісін қолданған болатын. Екінші аудармада *wolf and she-wolf* сөзбе-сөз аударылып тұр. Қайтадан грамматикалық ауыстыру кездесіп жатыр. Орыс тіліндегі *него* есімдігін екінші аудармада *the animal*, яғни зат есіммен ауыстырып тұр. Сонымен қатар екінші аудармада аудармашылар сөйлемдерді қосу арқылы сөйлемге жағымсыз реңкке ауыстырды.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды [4;9].

Люди съехались у самого логова, прыгнули с коней [4;49].

The horsemen gathered in a group right before the lair and got off *their* horses [4;81].

The men rode up to the lair and jumped from *their* horses [2;61].

Бұл мысалда нақтылау (конкретизация) әдісін көруге болады. Бірінші аудармада *люди* сөзін сөзбе-сөз аудармай, нақты қандай адам екендігін нақтылап отыр. Осы жағдайда келген адамдар - салт аттылар. Екінші сөйлемде *мен* деп нақтыламай, сол қалпында қалдырды. Екі аудармада да компенсация қолданылып тұр. Аудармашылар *their* есімдігін екі нұсқасында да қосқан. Оның себебі ағылшын тілінде осы мәнмәтін бойынша жай, кез келген ат туралы айтуға болмайды, нақтылап, қандай ат, кімнің аты екенін жазу керек.

Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады [4;9].

Волк и волчица повалились в сочной пахучей траве [4;49].

The wolf and his mate rolled around in the juicy, fragrant grass [4;81].

The wolves sprawled out on the succulent, fragrant grass [2;60].

Аудармашысы екінші аудармасында екі рет *wolf* сөзін қайталамау үшін жалпылауды қолданған болатын.

Баурын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды [4;11].

Курмаш не расставался с ним; приготовил для него *чистую* *плошку*, мягкий кожаный ошейник [4;50].

Kurmash did not part with *the cub* for a moment. He got him *a clean saucer* and made him a soft leather collar [4;82].

There was no parting Kurmash from *him*; he made *a new little bowl* for him and a soft leather collar [2;61].

Бірінші аудармада аудармашы бір құрмалас сөйлеммен екі жай сөйлем құрап сөйлемдерді бөліп аударған. Осы орыс тілінен калькаланып аударылғаны көрініп тұр, себебі грамматикалық, лексикалық құрылымы дәлме-дәл қайталанып жатыр. Сонымен қатар осы сөйлемде *с ним* есімдігі *the cub* - күшік зат есіммен ауыстырылып аударылды. Осындағы *чистая плошка* сөзбе-сөз аударылса, екінші аудармада *new little bowl* сөз тіркесімен ауыстырылды. Ағылшын тілінде сөйлейтін адамдар итке арналған ыдысты көбінесе *bowl* дейді, Oxford Dictionary бойынша *saucer* - *a shallow dish, typically having a circular indentation in the centre, on which a cup is placed*, яғни ортасында өзіне ғана сәйкес тостағанды қоятын орын болатын жайпақ ыдыс [9]. Сонымен бірінші аудармаға қарағанда екінші аударманың ағылшын тілінің нормаларына сәйкес аударылғанын көре аламыз. Осындай жағдай аудармашылардың өздері ана тілі ағылшын болуына байланысты.

Он еще *не прозрел*, когда у него выросли клыки, - *говорила* бабушка. - Не успеет встать на ноги - прижмет к затылку уши [4;50]

He *couldn't see yet*, and he had already grown fangs, *said* the grandmother. The moment he can stand on his feet he will flatten back his ears *like all wolves do* [4;82].

He *hasn't grown to full size yet*, but when his fangs are fully grown, he'll be pinning his ears back and snapping at us before he even gets on his own two feet, the grandmother *warned* [2;62].

Орыс тіліндегі *еще не прозрел*, яғни көзі ашылған жоқ деген сөз тіркесін бірінші аудармада *couldnt see yet*, яғни әлі көре алмады деп сөзбе-сөз аударып қойып, ал екінші аудармада модуляция әдісі қолданғаны көрініп тұр. Себебі *hasn't grown to full size yet* сөзбе-сөз аудармасы өзінің толық қалпына дейін өскен жоқ, сондықтан көзі әлі көрмейді. Осында себеп-салдар қатынасын байқай аламыз. Сонымен бірге нақтылау да (конкретизация) екінші аудармада қолданылған. Мысалға, *говорила* *бабушка* бірінші аудармада *said the grandmother* деп беріліп тұр, ал екінші аудармада дәл осы сөз *warned* сөзімен алмастырылды, яғни әжесі жай ғана айтпай, немересін қасқырдың қаупі туралы ескертіп қойды.

Ауыл-үйдің қатындары өсек таратып жүрді [4;12].

А женщины *сказали* [4;50].

The woman *said* [4;83].

But the woman *replied* [2;62].

Аудармада *сказали* сөзі, *said* нейтралды сөзбен ауыстырылды. Екінші аудармада *сказали* сөзін *replied* сөзімен ауыстырып, іс-әрекетті нақтылады. Осындай трансформация түрін біз нақтылау (конкретизация) деп атаймыз. Әйелдер тек қана айтпай, олар біреудің сөзіне жауап қайтарған болатын.

Көргіш көздер ін түбіне қадалды [4;9].

Волчица стояла в шиповнике на крутом откосе оврага, вывалив из оскаленной пасти язык. Она все видела [4;49].

The she-wolf stood in the dog-rose bushes on the steep slope of the gully, her tongue hanging out from between her bared teeth [4;81].

Standing in the briar of dog roses on the steep slope of the ravine, her tongue lolling from her bared teeth, she could see everything [2;61].

Осында трансформацияның грамматикалық түрі қолданылып тұр. Бірінші аударма түпнұсқа сияқты. Ал екінші аудармада сөйлемдердің құрылымын ауыстыру арқылы бір жай сөйлем қалдырды.

От аула к аулу ползла худая молва [4;58].

The frightening news spread from village to village [4;89].

Terrifying rumors spread from aul to aul [2;69].

Аул дейтін тұрмыстық реалийді бірінші аудармада С.Влахов бойынша аударма тілінің оқырманына таныс емес ұғымды оған жақын, әрі таныс басқа ұғыммен беру деп аталатын функционалдық аналог [10; 48] ретінде ағылшын тілінде берген болатын, яғни ағылшын тілді оқырманға ауылға жақын ұғым ол *village* (деревня). Ал екінші аудармада реалий транслитерация әдісі көмегімен берілген болатын.

Луна *зашла*. Ночь была на исходе [4;57].

The moon *had set* and the night was drawing to an end [4;88].

The moon was *on the wane*. The night was coming to an end [2;68].

Екі аудармада үлкен айырмашылықтар байқалмайды. Бірақ екінші аудармада *have set* орнына *on the wane* деген эмоционалды-экспрессивті сөз тіркесін қолданған болатын. Бірінші аударма әсерсіз, “құрғақ” естіледі.

Аязды түнде табанының астындағы қар шықыр-шықыр етеді [4;17].

Ветер стих, подморозило [4;56].

The wind was subsided. It was freezing [4;87].

The wind abated and the frost had set in [2;67].

Орыс тілді нұсқасын оқысақ, сөйлем бір бүтін сияқты оқылып жатқанын көруге болады. Алайда бұрынғы аударманың сөйлемдерді бөліп аударғанына байланысты, түпнұсқа сияқты әсер етіп тұрған жоқ. Сонымен қатар етістіктің осы жағдайға сай келмейтін шағын қолдануға байланысты лексикалық мағынасы ауысып кетіпті. Ал кейінгі аударма құлаққа жағымды естіліп, түпнұсқа сияқты жағымсыз әсер қалдырып жатыр.

Но Серый Лютый так и *не пришел на его зов*. Волк появился в ауле ночью [4;55].

But Fierce-Grey never *came back to his call*. The wolf turned up in the aul at night [4;86].

But Savage Grey *paid no need to his plaintive calls*, only returning to the aul later that night [2;66].

Алдымен бірінші сөйлемнің аудармасы орыс тілді нұсқасынан калька арқылы беріліп тұрғаны анық көрініп тұр. *Come back to one's call* ағылшын тіліне грамматика жағынан дұрыс аударылса да, ағылшын тілді елдерде осындай сөз тіркесін есту өте жирек құбылыс. Аудармашы сөйлемді сөзбе-сөз аударып, қателікке ұшырады. Түпнұсқа сияқты да екі жай сөйлеммен берілген болатын. Ал екінші сөйлемге назарымызды аудартсақ, аудармашының сөйлемді эмоционалды ренге боятқаны көрініп тұр. Мысалға, аудармашы компенсация әдісін қолданып, *plaintive calls* сөз тіркесін қосқан болатын, яғни қасқырдың тіпті баланың аянышты шақыруына да елесген жоқ. Сонымен қатар екі сөйлемді қосып аударған.

Раненько они нынче объявились, - *сказал* чабан [4;55].

They came quite early this year, a shepherd *said* [4;86].

They are early this year, the herdsman *remarked* [2;66].

Осында жоғарыда көп қайталанған нақтылауды көре аламыз. Орыс тіліндегі *сказал* орнына екінші аудармада *remarked*, яғни ескертті деген мағынамен нақтылап тұр. Чабан сөзі бірінші аудармада Oxford Dictionary бойынша *shepherd - a person who tends and rears sheep* [9], яғни қойды бағатын адам, ал екіншісінде *herdsmen - the owner or keeper of a herd of domesticated animals* [9], яғни қой, ат, сиыр, т.б. түлікті бағатын адаммен аударды. Бұл нұсқасының қайсысы дұрыс екені анық көрінбейді. Себебі мәнмәтін бойынша сол адамның қай түлік малды бағатыны туралы ешбір сөз жоқ.

И назвал Курмаш *своего любимца* Коксерека, что означает Серый Лютый [4;54].

So Kurmash gave his *pet* the name of Kokserek, which means Fierce-Grey [4;84].

And Kurmash called his *beloved cub* «Kokserek», which means «Savage Grey» [2;64].

Бірінші нұсқасында аудармашы *любимец* сөзін *pet* жай ғана үй жануары деп аударып қойды, ал екінші аудармада аудармашылар Курмаштың қасқырға деген қатынасын, онымен байланысын көрсетіп, жай кәдімгі үй жануары емес, оның жақсы көретін күшігі деп аударып қойып, сөйлемге эмоционалды реңкі қосты. Қасқырдың лақап аты туралы біз жоғарыда сөз қозғаған болатынбыз. Еске салып қойсақ, біз екінші нұсқасындағы аттың берілу жолын қолдаймыз.

Қорытылай келгенде, әрбір аудармашының өзіндік ерекшеліктері, өзіндік стилі айқын көрініп тұр. Трансформацияның тиісті түрін таңдау аудармашының аялық біліміне байланысты, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеруді талап ететін күрделі әрекет.

С.О.Чоракаев аудармасында жалпылау (генерализация) трансформацияның түрі жиі кездестіріліп келеді. Сонымен қатар аударманың синтаксистік құрылымы орыс тіліндегі түпнұсқасынан калькаланып келеді, осыған байланысты сөйлемдердің сөзбе-сөз аударылғаны байқалып тұрады. Жоғарыда көрсетілгендей қазіргі ағылшын тілінің нормаларына жатпайтын жайттар да аз емес.

Біздің байқауымызша, С.Гейган мен С.Холлингсворт аудармасында керісінше нақтылау (конкретизация) жиі қолданылады. Аудармашылар компенсацияны қолданып сөйлемдерді мәнмәтінге байланысты жағымды не

жағымсыз эмоционалды реңктерге бояйды. Оның үстіне аудармашылар сөзбе-сөз аудармадан аулақ болып, сөздердің семантикасына қарап аударуына тырысты. Көрсетілгендей секілді басқа да айырмашылықтар көп, бірақ мақала шегінде барлық үлгілерді көрсету мүмкін емес.

Жалпы алғанда, өзінің кемшіліктеріне, 20-30 жыл бұрын тәржімаланғанына қарамастан С.О.Чоракаев аудармасы XX ғасырдың соңының әдеби, мәдени нормаларына жатып, мақсатты аудиториясына үйлеседі. Ал С.Гейган, С.Холлингсворт аудармасы қазіргі ағылшын тілдің нормалары мен ережелеріне сай болуы, өздері ағылшын тілінің иелері ретінде болуына байланысты өткен ғасырдың аудармасына қарағанда жеңіл, түсінікті оқылады. Алайда екі аударма нұсқасы дәнекер тіл - орыс тілі арқылы жасалғанына байланысты, семантикалық жоғалтуларды байқауға болады, сол себепті олардың екеуін де толыққанды аудармалар деп есептеуге дәтіміз жоқ. Сондықтан М.Әуезов сияқты қазақ елінің мұрасының, мәдениетінің өкілдерін бүкіл әлемге жариялап, таныстыру мақсатында осындай мәселелені шешудің бір жолы орыс тіліндегі аудармалардың сапасын көтеру немесе қазақ тілінен тура ағылшын тіліне көркем аударма жасайтын аудармашыларды дайындау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру -Астана, 2017. [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz>
2. Auezov M. Beauty in mourning. Translation by S. Geoghegan, S. Hollingsworth – London:Russell Press, 2017. - 412
3. Олеся Корнеева. «Мы – казахи...» выходим в англоязычный мир [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://dknews.kz/in-the-newspaper/46124-my-kazakhi-vykhodim-v-angloyazychnyj-mir.html>
4. Ауезов М. «Көксерек» (на казахском, русском, английском языках). - Алматы: “Жеті жарғы”, 1997.- 112
5. Левин Ю. Д. Проблема переводной множественности // Литература и перевод: проблемы теории. - М.: Прогресс, 1992.
6. Попович А. Проблемы художественного перевода / пер. со словац. - М.: Высшая школа, 1980. 199
7. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты).- М.: Высш. шк., 1990. - 253
8. Жұмабекова А.Қ. Аударма теориясы. - А.:Абай ат. ҚазҰПУ, 2010. - 264
9. Oxford Dictionary of English, edited by Angus Stevenson.- Oxford University Press, 2010. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://en.oxforddictionaries.com>
10. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. - М.: Международные отношения, 1980. - 352

3-секция. Аударманың қолданбалы аспектілері

3-секция. Прикладные аспекты перевода

3-section. Applied aspects of translation

ПЕРЕВОД И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

Мукашева Айша Сериковна
(Казахстан, Алматы)

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы и проблемы перевода в рамках межкультурной коммуникации и высказывается утверждение о том, что перевод является не только лингвистическим процессом и актом межкультурной коммуникации, но и представляет собой феномен коммуникации между культурами.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, переводчик, адекватный перевод,

Summary

The article focuses on the questions and problems of translation within cross-cultural communication. The main idea of the article is that translation is not only a linguistic process and an act of cross-lingual communication, but also represents a phenomenon of communication between cultures

Keywords: cross-cultural communication, translator, appropriate translation

Сегодня в условиях стремительно растущей глобализации мировой экономики, неизбежного взаимопроникновения культур и активного взаимодействия международного сообщества в самых различных сферах деятельности человека остро встает вопрос о качестве межкультурной и межкультурной коммуникации. Поэтому современные реалии, не говоря уже о будущем развитии мира, требуют от нас знания иностранных языков, каждый из которых выполняет свое назначение в живом организме мирового сообщества. В связи с этим в последние десятилетия по всему миру, включая Республику Казахстан, наблюдается настоящий бум изучения иностранных языков и, конечно, отмечается небывалый спрос на высокопрофессиональных, компетентных

переводчиков – именно этим объясняется значительное увеличение в казахстанских вузах специальностей, направленных на подготовку переводчиков, специалистов по межкультурной коммуникации и лингвистов.

Основной целью данной статьи является рассмотрение процесса перевода как средства межкультурной коммуникации, поскольку язык и культура прочно взаимосвязаны. Язык не только отражает культурную реальность, но и придает ей форму. Поэтому мы можем сделать перевод более ясным, если будем согласовывать смысл лингвистического элемента с культурным контекстом. [1; 99].

Деятельность переводчика неотрывно связана с восприятием текста письменной или устной речи на одном языке, трансформацией этого текста из одной языковой системы в другую и воспроизведением полученного текста в письменной или устной форме на другом языке. При этом большое значение придается тому, чтобы результат трансформации (перевода и перекодирования) был максимально приближен к языку оригинала с учетом всех критериев адекватного перевода, среди которых следует выделить максимальную степень смысловой близости перевода оригиналу (эквивалентность), способность текста производить коммуникативный эффект при учете социального статуса коммуникантов, речевой ситуации и различных сопутствующих явлений, а также жанрово-стилистическое соответствие текстов оригинала и перевода.

Перечисленные критерии характерны для лингвистической и коммуникативной концепций перевода, рассматривающих перевод, прежде всего, как акт межкультурной коммуникации. Но, если взглянуть на перевод с точки зрения теории межкультурной коммуникации, то при переводе сопоставляются не только два языка, но и две культуры в широком понимании этого слова, а ситуативный контекст коммуникации воспринимается как часть культурного мира.

Люди, вступая в коммуникацию и в обмен информацией на своем языке, подсознательно ориентируются на свои нормы поведения, на свою систему культурных ценностей. В процессе контактов между представителями различных культур сталкиваются культурно-специфические взгляды на мир, при которых каждый из партнеров первоначально не осознает различия в этих взглядах, каждый считает свои представления нормальными, а представления другого иными. [2] Таким образом, в межкультурной коммуникации собеседники, принадлежащие различным лингвокультурам, по-разному воспринимают высказывания, а это значит, что коммуникативная функция языка, заключающаяся в передаче значения, не всегда или не в полном объеме достигает своей цели.

Именно поэтому адекватный перевод – это не только применение знаний родного и иностранного языков, но и обязательный учет системы культурных ценностей участников межкультурной коммуникации. Переводчик постоянно сталкивается с «культурно-окрашенными» контекстами даже в самых тривиальных ситуациях». [3;92] Существует множество языков и в каждом из них своя картина мира, потому перевод является не только актом лингвистическим, но и культурным, иными словами, акт коммуникации на границе культур. Согласно модели коммуникативного процесса, разработанной авторами научной работы «Human Communication: Principles, Contexts, and Skills» [4, с. 35], в сравнении с психологическим и социальным контекстами коммуникации культурный контекст является наиболее масштабным и включающим в себя все остальные характеристики, влияющие на коммуникацию.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что задача перевода – это не только процесс замещения текста на одном языке текстом на другом языке и подбор эквивалентных соответствий, но и предоставление необходимых для понимания иноязычного текста пояснений, способствующих полноценному восприятию национально-культурных особенностей переводимой информации.

Следует отметить, что процесс перевода всегда имеет два аспекта – язык и культуру, так как они взаимосвязаны и неразделимы (вопросы взаимосвязи языка и культуры освещены в работах В.В. Верещагина, Ю.С. Степанова, В.А. Масловой, С.Г. Тер-Минасовой, В.В. Красных, С.Г. Воркачева и многих других).

Смысл переводимой информации понятен только в том случае, когда смысл согласуется с культурным контекстом, в котором употребляется. Так, С.Г. Тер-Минасова утверждает, что понятия же об одних и тех же, то есть эквивалентных, предметах и явлениях действительности в разных языках различны, потому что строятся на разных представлениях в национально-отличных сознаниях [5,63]. Именно различия в культурах собеседников по коммуникации накладывают отпечаток на различия в толковании языковой информации и коммуникативного поведения.

Смысловые и содержательные барьеры, возникающие в межкультурной коммуникации, являются прямым результатом того, что каждый участник коммуникации привносит в нее собственную систему смыслов, присущих ему как представителю соответствующей культуры. Таким образом, чем меньше сходства между системами и культурами двух языков, тем сложнее работать переводчику и тем менее продуктивным будет перевод при межкультурной коммуникации.

Еще одним важным условием адекватности перевода является правильность определения исходной единицы перевода, то есть выявление текстовой функции языковой единицы, заключающейся в ситуативной зависимости от условий текста, в том числе, зависимости от широкого национально-культурного контекста. Во всех языках есть слова, денотаты которых являются чисто национальными и не имеют эквивалента в лексической системе другого языка. Слова, план содержания которых невозможно сопоставить с какими-либо иноязычными понятиями, так называемая «безэквивалентная лексика», например, названия блюд, слэнг. Но наличие в тексте безэквивалентной лексики не означает невозможности его перевода – отсутствие в словарном составе языка специального обозначения для какого-либо понятия в виде слова или устойчивого словосочетания не означает

невозможности выразить это понятие средствами данного языка при наличии достаточных знаний культурного контекста переводимой языковой единицы [6,96].

Понимание иноязычных коммуникативных категорий, национально-специфических, этнопсихологических и социальных языковых норм межкультурной коммуникации, способствует адекватной адаптации языковой личности будущего переводчика к восприятию культурно-языковой или окружающей среды, обусловленной способностью «видеть» данную действительность со стороны мироощущения своего партнера по коммуникации. культурно маркированные единицы требуют особого подхода от будущего переводчика в применении знаний лингвострановедческого характера при передаче и на иностранные языки и наоборот. [2].

Итак, в качестве выводов к настоящей статье хотелось бы привести следующие утверждения:

- перевод можно рассматривать как эффективный и действенный способ коммуникации между представителями различных культур и языков;
- перевод – это, прежде всего, процесс межкультурного взаимодействия участников коммуникации;
- одна из важнейших миссий переводчика как посредника языкового контакта – преодоление дистанции между культурами коммуникантов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. **Бреус Е.В.** Теория и практика перевода с английского языка на русский: Учебное пособие. Часть 1. – М.: Изд-во УРАО, 2007. – 104 с.
2. **Сулейманова Н. К.** Специфика профессиональной деятельности переводчика в межкультурной коммуникации // Молодой ученый. — 2016. — №21. — С. 1022-1027. — URL <https://moluch.ru/archive/125/34427/> (дата обращения: 02.05.2019).
3. **Цурикова Л.В.** Когнитивные аспекты межкультурной деятельности переводчика // Социокультурные проблемы перевода: сб. науч. трудов, вып.4. – Воронеж: ВГУ, 2001. – с 93-100.
Жазушы қаншама мың сан өсімдіктің барын, олардың біразын атап суреттеп келіп, кейіпкердің аңсарынан хабар береді. Ол тау жалбызы болатын. Ол тек қана өсімдік емес еді. Ол бала қиялындағы әжесінің аялы алақаны еді. Немересін сол тау жалбызына теңейтін. Сол жалбыз арқылы суреткер кейіпкердің әжесіне деген сағынышын жеткізген. Сол шыңға бет алған топтың негізгі ниеті бүркіттің балапанын алу болатын. Оқиға шарықтау шегіне жетіп, олар мақсаттаған жеріне жетеді. Осы сәтті жазушы былай суреттейді: «Алдымен көргенім ірі шөмшекпен салған бүркіттің жайсыз ұясы еді. Аядай жерге әп-сәтте көз қыдыртып үлгерген мені ұядан да гөрі бырдай болып шашылған ақ сөңке сүйектер таң қалдырды. Арқардың жамбас сүйегі, киіктің ортан жілігі, түлкі мен қоянның тұтас қаңқалары арбыып көзге түседі. Ұп-ұсақ болып саудырап жатқан құс сүйегінде де жік жоқ. Тіптен мына ұяның шөмшегінен гөрі құраған қаңқа сүйектерінің көп екенін енді байқағандаймын. Осынау қалың қаңқаның ішінде төңкерілген табадай болып тасбақаның сауыты да жатыр. Мен өз көзіме өзім сенбей, сауытты аударып көрдім. Кәдуелгі тасбақаның сауыты, сырты бұж-бұж болып қабыршақтана құрай бастапты. Бұл өңірде тасбақаның болмайтыны анық. Ең жақын дегенде ту-у сонау үш жүз, төрт жүз шақырым жердегі Шу бойының құмынан ғана кездессе керек еді, мына сары үрпек балапанның жұдырықтай бөтегесін толтыру үшін енесі осынша керемет еңбек сіңіреді екен-ау. О, шіркін, ақылға сымас, асқарға құлаш ұрғызған тәтті тіршілік-ай десейші. Менің көз алдыма таңын созып, топшысын талдырып, ұрпағы үшін жанын азапқа салған ұя басар бүркіт елестеді» [3,218].

Баланың шың басындағы бүркіт ұясынын алғаш көргендегі алғашқы әсерін суреткер осылай берген. Тіршілік үшін, ұрпақ үшін мәңгілік қуатпен қазақ даласының аспанын шарлаған бүркіттерді суреттей отырып, қазақ мінезінен хабар береді. Және оны жай ғана суреттемейді, ертегіге, аңызға сүйеп суреттейді: «Жай елестеген жоқ, ертегілерде айтылатын Шыңырау атты самырық құс сияқтанып, дәл қазір қанатынан дауыл есіп, көзінің жасы нөсер болып, айшылық алыс жерлерден ұрпағым деп емешесі үзіліп келе жатқандай көрінді. Бір түрлі бойым шымырлап кетті». Жазушы осылайша бала қиялының байлығынан хабар беріп кетеді. Академик Зәки Ахметов: «Ұлттық характер – шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі» дейді.[4,360].

Жазушы осыншама ақпараттан көркемдік тәсілмен хабар беріп, табиғаттың сұлулығын ерекше суреттейді. Бірақ, көркем шығарманың терең түбінде ана жүрегінің жылылығы жатыр. Әңгіменің сюжетіне негізгі арқау болған бүркіт балапанын алу мотивін екінші позицияға аударған баланың әжесіне деген сағынышы болатын. Әңгіменің шешуін жазушы соншалықты динамикалық тартыста береді: «Бұл екі арада саумалай тартылған қыл арқан дыңылдай керіліп, жоғары көтере бастады. Мен тас жықпылына біткен бір түп жалбызды жұлып үлгергенше шың кемерінен табаным да көтеріліп үлгерді. Қыркүйек айында буыны қатып, толысқан жалбыздың иісі ерекше екен. Менің қазіргі сәттегі әрі-сәрі көңілімді орнықтырғандай, осы бір шүйкедей ғана жапырақтың саумал иісі сарайымды ашып жіберді. Есіме тағы да әжей марқұмның: «Тауға біткен жалбызым-ау!» – деп отыратын сөзі түсті. Есіме түсуі мұң екен қолымдағы жалбыз елбіреп, саусағын созған әжемді елестетіп, ұсақ түк басқан қара көк жапырақтар көзіме оттай басылды. Жалбыздың да буын-буыны босағандай, алпыс екі тамыры иігендей, жұпар иісімен ағыл-тегіл шомылдырып жатыр. Әжей марқұмның: «Тауға біткен жалбызым-ау!» – деп отыратын сөзінің қадір-қасиетін тек қазір ғана, мына қиын қиямен жоғары тартылып бара жатқан сәтте түсінген сияқтымын. Жүрегім бір түрлі елжіреп кетті. Менің ендігі мейрімді әжем, мәңгі өлмейтін әжем мынау мүлгіген тылсым табиғат сияқты. қолымдағы жалбыз әжемнің ақ төсін аймалаған мұңсыз-қамсыз кездерімізді еске түсірді» [3,218].

Осы әңгіменің атауы шығармаға алтын желі болған. Жалбыз символдық роль атқарған. Ұлттық мінездің, дархан көңілдің белгісіндей болған. Жалбыз қазақ танымында қасиетті шөп. Сол арқылы қазақтың ұлттық болмысын суреткер өте сәтті көрсете білген. Әңгіменің сентенция түйіні де ерекше сөзбен түйінделген: «Мен балапанды алып қайтпағаным тіпті де өкінгенім жоқ». Бұл ұлттық характерді берудің үздік көркемдік үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

5. Сейдімбек А. Әңгіме алдындағы сөз. 214-215 беттер.\\ Кітапта: Сейдімбек А. Аққыз. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. -288 бет.
6. Лаушкина А. Национальные черты в характере Онегина// В журн. : Русская литература, №4., Ленинград., Издательство «Наука». 1966.
7. Сейдімбек А. Тауға біткен жалбыз. 216-219 беттер.\\ Кітапта: Сейдімбек А. Аққыз. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. -288 бет.
8. Ахметов З. Ұлттық характер. //Кітапта: Әдебиеттану терминдер сөздігі. (Құрастыр. З.Ахметов., Т.Шанбай), - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006,-398 бет.

АУДАРМА СӨЗДІКТЕРДЕГІ ЛЕКСЕМАЛАР АРАСЫНДАҒЫ СЕМАФРАЗЕОЛОГИЗМ

Оразова Р. К.
(Казахстан, Алматы)

Аннотация

Араб және қазақ тілдерінің құрамында туыстық атаулары бар фразеологизмдерді салғастыра зерттеу – отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние. Араб тіл білімі саласында да бұл тақырыпты лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған арнайы ғылыми еңбектер санаулы деуге болады. Осы тұрғыдан бұл сөздерді мағынасы мен құрылымы жағынан салғастыра зерттеу – қазақ тіл біліміндегі, сонымен қатар араб тіл біліміндегі де өзекті мәселе. Өзара туыстас емес құрылымы әр түрлі араб және қазақ тілдеріндегі туыстық атаулар алғаш рет салғастыра зерттеледі.

Жұмысымызда туыстық атауларының тұрақты тіркестермен келгендегі атқаратын функциялары, беретін мағыналары сөз болды, сондай-ақ екі халықтың да өмірінде маңызды орын алатын, лексикалық байлығының негізгі саласы мақал-мәтелдерде туыстық қатынастардың қаншалықты суреттелетініне көзіміз жетті.

Тірек сөздер: *фразеологиялық тіркестер, туыстық лексемалары, сыртқы және ішкі факторлар, араб тілі, мақал-мәтелдер, аударма және түсіндірме сөздіктер.*

Фразеологизмдер – тіл атаулының бәріне тән құбылыс. Тілдердің, әсіресе құрылымы әр түрлі туыстас емес тілдердің фразеологизмдерін кешенді түрде салғастыра зерттеу – салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің қызықты, әрі келешегі мол саласы.

Фразеология саласын тіл білімінің жеке пәні ретінде қалыптастыруда оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасауда көптеген отандық және

шетелдік лингвист-ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Олардың ішінде Копыленко М.М., Кеңесбаев І., Қайдаров А.Т., Сабитова М.Т., Чернышова И.И., Флейшер В., Добровольский Д., Исабеков С.Е., Сәтенев С.К., Смағұлова Г.Н. т.б. атақты ғалымдардың жалпы және салыстырмалы-салғастырмалы фразеология саласының дамуына қосқан үлестері орасан зор.

Туыстық атауларды талдауға арналған жұмыстарда тек жекелеген бір топ ғана зерттеуге алынады, мысалы: әке, бала [1;31].

Дегенмен, туыстық терминдерімен қатар, туыстық атаулар жүйесін көптеген лексемалар мен фразеологиялық тіркестер құрайды. Мысалы: *сөз атасы - мақал*.

Көріп отырғанымыздай, туыстықты білдіретін жүйені талдау әртүрлі құрылымдық бірліктерді зерттеудің проблемасымен байланысты, яғни туыстықты білдіретін жүйеге универбалды және универбал емес бірліктер кіреді. Әсіресе, туыстық атаулардың универбалды емес бірліктер-туыстық фразеологизмдері қызығушылық тудырады. Туыстықтың фразеологиялық тіркестері туыстықты білдіретін (әке-шеше) және білдірмейтін (күйеу қазық, сөз төркіні, анадан туғандай) лексемалардан тұрады. Туыстық атаулардың фразеологиялық тіркестерін зерттеудің өзектілігі олардың ішінде тілдік байланыс пен қоғамдық факторлардың айқын көрінуімен түсіндіріледі.

Біріншіден, фразеологиялық тіркестердің құрамына олардың пайда болу кезіндегі ең көп қолданылатын және кең тараған лексемалар кіреді. Екіншіден, фразеологиялық тіркес өз құрамына кірген лексемалардың алғашқы семантикалық мағыналарын сақтайды. Үшіншіден, туыстықты білдірмейтін семантикалардың туыстықты білдіретін семаларға айналу заңдылығы байқалады.

Туыстық лексемалары мен фразеологиялық тіркестерінің құрылымдық-семантикалық талдауы туыстықтың әртүрлі типтерінің аталуындағы лексемалардың орны мен олардың фразеологиялық тіркестердегі түрлену заңдылығын көрсететін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың айқындалуына септігін тигізеді.

Аударма сөздіктерде лексемалар арасындағы семантикалық байланысты көрсетудің зор мәні бар, себебі шет тілді үйренуші әр сөзді тек қана жеке сөздер жиынтығы деп емес, белгілі бір өзара байланыстағы лексикалық бірліктердің құрылымдық жиынтығы деп қарау керек. Зерттеушілердің байқағанындай, тіл туралы ғылымда берілген материал жік-жікке бөлініп қаралады, яғни өзінің тілдік бірліктерінің, олардың топтарының, түрлі грамматикалық, семантикалық құбылыстарының дифференциалды белгілері бойынша көптеген түрлі детальдарға бөлінеді. Бұл, әсіресе лексикология саласында анық байқалады. Салыстырмалы аспектіде зерттеу нысаны болып отырған араб және қазақ тілдеріндегі туыстық атауды білдіретін жекелеген лексикалық бірліктер мен олардың әртүрлі белгілеріне байланысты бөлінген топтары, олармен келген тұрақты тіркестер т.б. қазіргі типологиялық және салыстырмалы зерттеудің дамуында лингвистикалық талдаудың терминологиясы дәлдік пен толықтыруды талап етеді. Тілді жүйелей қарастырудың және терминологиялық айырмашылықтарының түрлі аспектілері З.Д.Попова мен И.А.Стерниннің еңбектерінде талданады...

Қазақ тілі лексикасының жүйелілігін айтқанда, аталған сөздіктегі өзіміздің жеке лингвистикалық факторларды, атап айтқанда лексикалық бірліктердің категориалды лексика-семантикалық қатынастарын талдауға тура келеді. Екітілді лексикография саласындағы белгілі маман В.П.Берковтің айтуы бойынша: «...в основу разработки системы значений и их оттенков в двуязычном словаре должна быть положена филиация в соответствующем толковом словаре» [2;41].

Бүгінде біз тоқталып отырған араб тілінің лексикалық жүйесіне, өзіндік ерекшеліктеріне, қазақ тілімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарына, сөздіктегі аудармалардың мағыналық жағына көңіл аударғымыз келеді. Сөз мағынасының түп-төркінін, мәнін түсіну үшін мағынаны оның ең кіші семаларына ажырату керек. Дәл осы сәтте, араб тілінің сөз құрылымдық жүйесі, сөзжасам жүйесіне ерекше көңіл аудару қажет. Семит тілдер тобының ең бай тармағы саналатын араб тілінің сөз жасаудағы түбірімен өзгеріске ұшырайтын ерекшеліктері, сөздің көп мағыналылығы, дауысты дыбыстардың жазылмай, харажат түрінде берілуі, фонетикалық айырмашылықтар аудармада қиындық келтіретіні даусыз.

Біз бұл бөлімде араб және қазақ тіліндегі туыстық атауларының өзінің тікелей беретін тура мағынасынан басқа тұрақты сөз тіркестерінде кездесетін ауыспалы мағыналарының кейбіреуіне және араб тілі мен қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің бір тобы мақал-мәтелдерде кездесетін туыстық қатынастар туралы сөз қозғамақпыз. Тұрақты тіркестердегі сөз мағыналарының ауысуы белгілі бір тілдік лексемалардың сол елдің әлеуметтік-мәдени жүктемесіндегі алатын орнын білдіреді.

Тұрақты тіркестер туралы айтқанда біз негізінен лексикографиялық еңбектерге, аударма және түсіндерме сөздіктерге жүгінеміз. Мұндай тіркестердің пайда болуында да қоғамдық, әлеуметтік, мәдени т.б. факторлардың әсері өте үлкен. Мұны біз барлық тілге тән ұғымы ортақ әке-шеше, ұл, қыз сөздерінен жасалған тұрақты тіркестерден көруімізге болады. Тағы айта кететін жайт, араб-қазақ сөздіктерінің аздығына және қысқалығына байланысты араб-орыс сөздіктеріне жүгінеміз. Әрине, әр сөздік бұл автордың бірнеше жылдық еңбегінің нәтижесі. Айталық, Барановтың араб-орыс сөздігінде 42 мыңдай жеке сөздерді қамтыса, Дәдебаевтің арабша-қазақша сөздігінде 7 500-дей ғана сөз аударылған, қазақша-арабша тілашарда одан да аз сөздер тікелей өзінің бір мағынасында көрсетілген. Ал, қазақ-араб түсіндірме сөздігінде қазақ тілінде кездесетін арабизмдер ғана теріп алынған. Туысқандықты білдіретін кей сөздерді талдап көрейік:

Абун-әке сөзі Дәдебаевта тек бір ғана мағынасында;

Баранов бұл сөздің қолдану аясындағы өзгерістерін және тұрақты тіркестерін береді:

Иа абати- о, батюшка! Биabi анта- ты мне дороже отца

Абауани- родители, отцы, предки. Абууатун-отцовство; низамул-абууати- патриархат. Тұрақты тіркестерде келуі: Абу-/занби- комета; абу нами- мак; абу-муғазил- аист; абу-һаул- сфинкс; абул-иақзан- петух; абу-ришах- флюгер [3;21].

Араб тілінің түсіндірме сөздігінде сөздің жасалу тұрғысынан және сөйлемдегі қолданылу ерекшеліктеріне байланысты, сөз тіркестерімен келгендегі мағыналарын нақты мысалдар арқылы талдап түсіндіреді: الوليد : الاب : الجد و يطلق علي العم و علي صاحب الشيء و علي من كان سببا في إيجاد شيء أو ظهوره أو إصلاحه [4;5].

Уммун- шеше сөзі Дәдебаевта бір мағынасы ғана берілген.

Баранов сөздігі бойынша бұл сөздің бес мағынасы берілген: 1- мать;

2- основа(түбір, негіз); 3-первоисточник, оригинал (түпнұсқа): а) умму-л-лугатис-самиати- семитский праязык; б)ал-хадаратул-инсаниатул-умм- первоначальная цивилизация; 4- главная часть: уммул-масаил- важнейший вопрос, уммаһатул-мудун- главнейшие города; 5- матрица- из чего исходит начало, дает жизнь (тех.): уммул-арба,аин- сороконожка; уммул-ханун- мягкая мозговая оболочка; уммул-халул- ракушка; уммур-раси- темя; уммул-башар- Ева; уммул-қура- Мекка; уммул-қира- огонь; уммул-ки таб- первая сура Корана; уммун-нужум- млечный путь т.б.

Араб тілінің түсіндірме сөздігіндегі берілген мағынасы:

الأم: اصل الشيء (للحيوان و النبات): الوالدة: الشيء يتبعه فروع له.(ج) امات و أمهات و أم القرآن فاتحته, و أم الكتاب اللوح و المحفوظ . الأمة جماعة [4;7].

Ибнун- ұл, бала; Дәдебаевта ибнул-уатан- отандас,жерлес мағынасы қоса берген. Барановта осы мағыналарына қоса: ибнул-ибни- внук; ибнул-ахи- племянник; ибнул-,амми (хаали)- двоюродный брат; ибну-заужи- пасынок; ибну сулби,и-его родной сын; ибнул-мадина- горожанин, ибнул-жинси- земляк, соотечественник; ибнуд-дин- единовец; ибнур-рухи- самостоятельно пробивший себе дорогу; ибнус-сабили- а) путник, странник;б) бездомный; ибнул-шаума фи...- новичок в...; ибнул-,араб- араб; ибнул-,ишин- 20лет от роду, ибну-насили или ибнуз-зауат- из знатной семьи; абна,у-ша,би- граждане, абна,ул-лугати- соотечественник, говорящие на одном языке; бану умми- мои братья, ибну адам- человек. Сонымен қатар тайпа атымен да тіркеседі: бану умеия- Омеййады; банул-аббас- Аббасиды; бану харб- племя Харб; бану тамим- племя Тамим; қаланың аттарымен.ибну миср- египтянин; ибну димашқ- житель уроженец Дамаска.

Ибнатун, банатун- қызы, бойжеткен қыз. Ибнаул-ахи (ухти)- племянница; ибнаул-,амми (халли)- двоюродная сестра, кузина, жена деген де мағынасы бар. ибнатуз-заужи- падчерица; бинтул-хилал- порядочная девушка; бинтул-балади- горожанка, бинтул-наси- девушка из знатной семьи. Тұрақты тіркестердегі мағынасы: Бинтул-амси- дела недавнего прошлого; Бинтуш-афати- слово; бинтул-,инаб- вино; бинтул-,айни- слеза; бинтул-фикри- пікір; бинтул-,ма,а- русалка; бинтул-иаман- кофе; банаулд-даһар- несчастье; банатус-садри –заботы; банатуз-зунун; банатут-тариқи- ответвление дороги, окольные пути; банатул- һауаь- жрицы любви;

Жаддун- ата; жаддатун- әже сөздері туралы да осыны айтуға болады. Жаддун сөзінің тағы бір мағынасы 1)величие, 2)счастье, удача. Сөз тіркесінде. ;асирул-жадди- несчастливый, неудачник; ал-жаддул-,асир- злая судьба. Екі сөздікте де арғы ата-баба тіркестері үлкен немесе әке/шеше сөздері арқылы берілген, оны кестеден көруге болады.

Ахун және ухтун (брат, сестра) сөздерімен келетін тұрақты тіркестерде біраз сөздерді кездестіруге болады. Мысалы: ахун-науми- смерть; муаннастың (әйел тегі) атун жалғауы жалғануы арқылы сөз мағынасы өзгереді: ахишатун- 1) привязь, 2) петля, ловушка, 3) связь, узы, 4)тех. ворот(Сирия). уаха – етістік түрінде келгенде – «устанавливать братские отношения» мағынасынан басқа «приследовать, стремиться, придерживаться» деген аудармалары бар [3;27].

Осыдан келіп, жоғарыда көрсетілген талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: арабтың өз тіліндегі түсіндірмеге Барановтың аудармасының өте жақын екенін көреміз, ал қазақ тіліне аудару барысында бұл сөздер аясының өте тар, бір мағынада ғана қолданылатынын байқаймыз. Бұл әсіресе, араб тілін зерттеуші мамандар үшін аударма барысында көптеген қиындықтар келтіруі мүмкін. Әрине, қазақ тілінде сөздіктер аз болғандықтан, бұған да шүкіршілік етеміз. Дегенмен, қысқа сөздіктердің өзінде есім сөздердің бір ғана мағынасын бергенмен, түбір етістіктердің түрленуін ескеріп, бірнеше мағынада көрсетілгенін айта кеткен жөн. Сөздердің көп мағыналылығы мен тұрақты тіркестерде келуін алдағы шығарылатын сөздіктерде міндетті түрде қолдану қажет деп есептейміз.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың тұрақты тіркестерде келуіне тоқталсақ:

1. Күйеу лексемасы – күйеу жолдас (күйеудің қасына еріп келген жолдасы); күйеу қазық – аулада ат байлау үшін қағылған ағаш не темір қазық; күшік күйеу - әйелінің туыстарымен бірге тұратын күйеу; күйеу түсті – жігіттің қалыңдыққа ұрын баруы;
2. Жеңгетай – жігіттің қалыңдық жеңгесіне беретін сыйы; жеңгетай болу – қыз бен жігіт арасына дәнекер болу,
3. Төркін – «келіннің өз жұрты» тура мағынасымен қатар, бір нәрсенің түбірі, негізі, басы мағынасын береді: «сөздің төркіні».
4. «Өгейсіту» - бөтенсу, жат көру, «күндеу, күндестік жасау» - қызғану, көре алмау мағынасында;
5. «Бәйбішесіну» - маңғаздану;
6. «Тоқалдан туғандай» - кемсіту, төмендету т.б. мағыналары кездеседі. «тоқал ешкі» - мүйізі жоқ не сынған мал; «тоқал там»- төбесі жоқ, көтерілмеген шым үйі.

7. «Қыздан туғандай» - ибалы, әдепті; «Қыздың жиған жүгіндей» - өте ұқыпты жиналған зат. «Қыздың баласындай» - ұқыпты, жинақы; «Қыз мінезді жігіт» - сабырлы, ұстамды, кішіпейіл адам;
8. «Әкесін танытады»; «Көкесін көзіне көрсету» - қорқыту, күш көрсету мағынасында; «Атаңның басы» -? «Ененді ұрайын» - жаман мағынадағы боқтық сөз;
9. «Жаңа түскен келіндей» -сызылу, ұялу;
10. «Анадан туғандай» - тыржалаңаш, лыпасыз; таза, пәк мағынасында өте аз кездеседі.
11. «Сәби күлкі» - аңғал, пәк күлкі; «Жаңа тудың ба?»- ештеңеден хабарсыз, түк білмеу;
12. «Байлықтың атасы - еңбек» ауыспалы мағынада;
13. «Әкесі өлгенді де естіртеді» - мәтел. «Су анасы – бұлақ». «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын».

Үлкендердің үйленген жас жұбайларға беретін батасы, айтылатын тілегі ретінде қолданылатын «қосағыңмен қоса ағар» фразеологизміндегі «қосақ» сөзінің алғашқы мағынасы «мойындарына бұғау салынған қой, ешкілер қатары, жегулі аттар жұбы» дегенді, ал ағарту, ақ кіру етістігінен *ағар* сөзін білдірсе, бертін келе «қосақ» сөзі ерлі-зайыпты, ал «ағар» сөзі – шашқа ақ түсу мағынасына ие болған. Фразеологизмнің қалыптасуына осы ауыспалы мағынасы себеп болып, ауызекі тілде жиі қолданылып, жақсы мәнде айтылады.

Мыс: тату-тәтті, ұзақ өмір сүріндер. Қосағыңмен қоса ағар! [5]. Тіркесті жартылай уәжілік түрінде қалыптасқан деуімізге болады, себебі бұрынғы беретін мағынасы қазіргі мағынасымен тура сәйкес келмесе де, жартылай мәнде сақталған. «Қос», «қосылу» сөздерінен шыққан «қосақ» сөзі «қосылып ағару» деген мағынаны білдіре отырып, о баста тек мал басына байланысты қолданылса, келе-келе адамға қатысты айтылған. Қос малдың баратін өнімі де мол болып, молшылық пен ырыс-берекені әкелетіні сияқты, адам үшін де қосылып өмір сүру мәнді, мағыналы болатыны сөзсіз. Ерлі-зайыптылардың шаштарына ақ кіргенше бақытты ғұмыр кешіп, бірге өмір сүруі тіркестің қалыптасуына негіз болған.

(Сөз атасы- мақал дейді қазақта). Рүстемовтың сөзімен айтқанда: «Мақал-мәтелдердегі ұлттық ерекшеліктерді ашу үшін осындай фразео-семантикалық топтарға бөліп қарастыру орынды. Өйткені, мақал-мәтелдерді фразео-семантикалық топтарға бөліп-зерттеу - әр халықтың сол тақырып көлеміндегі ұғымы мен ұлттық көрінісін кеңінен ашуға өз септігін тигізеді» [6;159].

Араб тілін зерттеушілердің бірі А. Домбаева өз еңбегінде араб және қазақ мақал-мәтелдерін үш фразео-семантикалық топтарға: жанұя, соматикалық және сан есімді мақал-мәтелдерге бөліп, салғастырмалы зерттеу жұмысын жүргізіп, олардың арасындағы бірнеше ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ашады.

Мысалы, «ер адам мен әйел адам» фразео-семантикалық тобында әртүрлі сипат берілген. Қазақ мақал-мәтелдерінде ер адам мен әйел адамды қатар қойып, салыстыру кездеседі: *Ер елді басқарса, Әйел от басын басқарады. Еркек ер мінезділігімен, әйел биязы мінезділігімен сүйкімді. Еркек үйдің иманы, әйел үйдің жинағы. Еркекке жүрек, әйелге тірек керек. Ердің асылы күшінен білінеді, әйелдің асылы ісінен білінеді.*

Яғни, қазақтарда ер адам – ел басшысы, үйдің қорғаны, ержүрек, батыр және бір сөзді: «Ер екі сөйлемейді», «Ер жігіттің екі сөйлегені -өлгені», деген сипаттар берілсе, әйел адам оған көмекші, қамқоршы, үйдің көркі, қиындыққа төзетін кейіпте беріледі.

Зерттеу барысында байқағанымыз, араб тілінде де, қазақ тілінде де туыстық қатынасқа байланысты мақал-мәтелдер жиі қолданыста жүреді. Оның ішінде ата-анаға байланыстылары көп. Өйткені, екі халықта да ата-ананы құрметтеп, олардың орнын ерекше бағалаған. Мысалы: арабта: *Дүниені мың айналсаң да ананың құшағынан артық жер таппайсың; Жұмақ анаңның табанының астында; т.б.*

Қазақта: *Әкең-асқар тау, анаң- мөлдір бұлақ, бала- жағасындағы құрақ; Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер; т.б.*

Қыз бен ана, әке мен бала арасындағы қатынас, тәлім-тәрбиеге байланысты араб және қазақ мақал-мәтелдерінің мағыналас келетіндері де бар: арабта: *шешесінің тілінің құдіретін қысқарту керек, қызы шешесіне еліктейді.*

Қазақта: *Аяғын көр де, асын иш; шешесін көр де, қызын ал.*

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың орнын екі тілдегі мақал-мәтелдер былайша көрсетеді: арабта: *Сенің жақсы істерің- балаңнан; Негізгі(нағыз) бала- балаңның баласы.*

Қазақта: *Баланың жақсысы- қызық, жаманы- күйік. Балалы үй- базар, баласыз үй – қу мазар; т.б.*

Ағайын, туыс арасындағы жақындық екі халық мақал-мәтелдерінде ерекше сипатталған. Өйткені, араб халқы да қазақтар секілді ежелден бауырмал, ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты жоғары бағалаған. Мысалы: Арабта: *ағамның баласымен жақын туыспын, ағамның баласының баласымен алыс туыспын.*

Қазақта: *Туысы бірдің –уысы бір; ағайын тату болса, ат көп; абысын тату болса, ас көп. т.б.*

Сондай-ақ, туыстық қарым-қатынасты білдіретін қазақ мақал-мәтелдерінен ағайын арасындағы араздық, бақталастық секілді күрделі қатынастарды білдіретін орамдарды кездестіруге болады: *Ағайын бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды. Ағайын ащы, мал тұщы.*

Туыстық қатынасты білдіретін екі тілдегі мақал-мәтелдердің ішінде, мағына жағынан ұқсастық табатыны- қыз балаға қатысты мақалдар. Екі халықта да қыз баланы қадірлеп, төрден орын берген.

Ислам дініндегі тәрбие бойынша қыз баланың сыпайылығы, имандылығы, инабаттылығы басты назарда болған. Сондықтан да, діні бір, тәрбиесі ұқсас, араб және қазақ тіліндегі қыз балаға қатысты мақал-мәтелдер де мағына жағынан бір-бірімен сәйкестік табады. Соның ішінде, «қыз бала жат жұрттық» деген ұғым екі тілдегі мақал-мәтелдерде кеңінен кездеседі: арабта: *ұлыңнан бұрын қызыңды айттыр; қазақта: Қыз-жат жұрттық. Арабта: қызын айттырса, ашуланып, өкінген сыңай танытады. Қазақта: қызы бардың- назы бар. Арабта:*

баяудың өмірі суда қалмайды. **Қазақта:** отырған қыз орнын табар. **Арабта:** қыз өссе, уақыт ұзақ болмайды. Қазақта: қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі. Қыз бала өз үйіне қонақ.

Қыз бала тәрбиесіне де қаншалықты көңіл бөлінетінін мынадай мысалдардан аңғарамыз: **арабта:** Үйден шыққан қыздың кеңістік өлшемі өзгереді. Егер сен арыңды сақтағың келсе, басқаға көзі түскен қызыңды тұрмысқа бер.

Қазақта: Қызға қырық үйден тыю. Қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол[7].

Жоғарғыдағы мақалдың мағынасына жүгінсек, арабтарда қызына, не ұлына өмірлік жарды ата-аналары табады. Ал, іей аайқада болған баланың әке-шешесі өз абыройын сақтау үшін, қыз баласын тезірек өздері қалаған адамға тұрмысқа береді, ұлын үйлендіреді. Бұндай құбылысты қазақ халқының өмірінде ертеректе, Ислам дінін қабылдағаннан кейін пайда болғанын көркем шығармалардан кездестіруге болады. Қазақ халқындағы «Ананың тілі алмаған, қасарысқан қыз жаман» деген мақал осының негізінде де айтылуы әбден мүмкін.

Екінші топты құрайтын- «үйге» қатысты араб және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер семантикалық мағына аясында бірдей қолданылады. Өйткені, қазақ және араб халқы ерте заманда көшпелі тұрмыс кешкен. Екі халық тіршілігінде үйдің атқаратын рөлі өте үлкен болған. Мысалы:

арабта: (Әр ит өз есігінде қатты үреді). (Қоңыздың әкесі өз елінде сұлтан).

қазақта: Өз үйім өлең төсегім. Он үште отау иесі. Өз үйім, кең сарайдай боз үйім.

Саны жағынан қарастырғанда - «үйге» қатысты мақал-мәтелдердің ішінде, қазақ тілінде - 98, ал араб тілінде -50. Сондай-ақ, «үйге» қатысты араб мақал-мәтелдеріне қарағанда, қазақ мақал-мәтелдеріне ұлттық нышан басым: Он үште отау иесі. Абыройды ақ отау жапты.

«Отау» – арабтар үшін түсініктемені қажет ететін, ұлттық нышаны бар, қазақ лексикасына ғана тән сөз. Ұлттық тәрбиеміздің кейбір жақтары ерлер мен әйелдердің мінез-құлқынан, сөйлеу тілінен көрініс табады. «Әкеге қарап, ұл өсер; шешеге қарап, қыз өсер» секілді халқымыздың мақал-мәтелдерінде атадан тарап келе жатқан жастарды тәрбиелеу әдісін байқауға болады. Ата-бабаларымыз ұл мен қыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Халық тәрбиесінде батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, ертегі, дастандардың алатын орны зор, ондағы кейіпкерлерді ұл-қыздарына үлгі ретінде көрсете білген.

Араб және қазақ тілдері тілдік табиғаты тұрғысынан туыс тілдер емес. Бірақ діннің ортақтығы мен тарихының түйісетін жерлері, мәдени-экономикалық байланыстары, көшпелі елдер тұрмысының ұқсастығы – олардың тілдеріндегі мақал-мәтелдер секілді кейбір элементтердің ортақтасуына әсер етті. Тұрмыс-салтқа және жан-жануарға қатысты мақал-мәтелдерде туыстық терминдерінің қолданылуы да, әртүрлі реңктегі мән-мағыналары да үндес болып келеді: арабта: баланың ақылы түйенің бойында. Қазақта: түйедей бойың болғаниша, түймедей ойың болсын.

Арабта: рима, ескі әдетіне қайта оралды.

Қазақта : ондай-ондай ханның қызында да болады.

Қазақта: ырылдарсың, қаппассың; менен жақын таппасың.

Астыңдағы атыңа сенбе, қойыңдағы қатыныңа сенбе.

Қаниша батыр болса да, жауға салма жалғызды.

Қарға баласын аппағым дейді. Атаңа не істесең, алдыңа сол келер.

Келінді бастан, әйелді жастан. Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмас.

Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан.

Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық.

Қымызды кім ішпейді, қызға кім бармайды.

Әкенің жақсылығы жездедей-ақ. Әкесі жоқ -жарты жетім, шешесі жоқ – бүтін жетім. Қасқырдың баласын қаниша асырасың да, далаға қарап ұлиды.

Жиен ел болмас, желке ас болмас. Жаман күйеу – қайынсақ.

Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да, қарызынан құтылмайсың.

Жұмысымызда туыстық атауларының тұрақты тіркестермен келгендегі атқаратын функциялары, беретін мағыналары сөз болды, сондай-ақ екі халықтың да өмірінде маңызды орын алатын, лексикалық байлығының негізгі саласы мақал-мәтелдерде туыстық қатынастардың қаншалықты суреттелетініне көзіміз жетті.

Қорыта айтсақ, салғастырмалы әдіс арқылы жасалған талдау негізінде құрылымы әртүрлі тілдер тобына жататын қазақ және араб тілдеріндегі туыстық атаулары әлеуметтік, тарихи ұқсастықтарынан туған ортақ желілер мен ерекшеліктері, этнолингвомәдени формулалары бар, алайда семантикалық мазмұны бірдей, коммуникативтік қызметі тұрғысынан ортақ тілдік, этномәдени бірлік ретінде танымыз.

Әдебиеттер:

1. Сарыбаева М.Ш. Система обозначений родства в английском, русском и казахском языках. А.1991. 31б.
2. Берков В.П. Двухязычная лексикография: учебник. С-Пб.1996. 41стр.
3. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. М.2001.
4. المعجم الوجيز. ج.م.ع. 1994.
5. Тоқмағамбетов А. Шығармалар жинағы.
6. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. А. 1982. 159б.
7. Домбаева А. Қазақ және араб тіліндегі мақал-мәтелдер.

Аннотация

В данной статье речь идет об интеркаляции в речи билингвов. Статья знакомит с взглядами ученых на использование и переключение языковых систем. По мнению ученых самые различные сочетания элементов используемых языковых систем при билингвизме мало зависят от степени знания языка, определяясь главным образом целью общения, речевой ситуацией. Переключение происходит в основном, когда происходит смена языка вследствие переключения речевых типов с одного языка на другой, при переносе целых предложений с одного языка на другой язык, при переключении внутри одного предложения.

Кілттік сөздер: Интеркаляция, диалект, билингвизм.

Abstract

In the article the intercalations in the speech of bilinguals are considered. The article introduces the visions of scholars on the use and switch from one language system to another. In the opinion of scientists different combinations of elements from the used language systems in the bilingual process have minor dependence on the rate of language knowledge, being principally defined by the aim of communication, language situation. Switching off will mainly happen when we deal with language change in the result of switching speech types from one language to another, if we transfer the whole sentences from one language to another, in switching inside one and the same sentence.

Key words: Intercalation, dialect, bilingualism

Тілдік қатынас теориясындағы негізгі ұғымдардың бірі – билингвизм ұғымы болып саналады. Билингвизм дегеннің сөзбе-сөз мағынасы – бір қоғам шегіндегі (әдетте мемлекет) екі немесе одан да көп тілдердің өмір сүруі мен қызмет етуі. Басқа жақтан мысал іздей-ақ, өз елімізді қарастыратын болсақ, Қазақстанның әлеуметтік-коммуникативтік жүйесін 128 тіл құрайды. Яғни, Қазақстанда тұратын адам тең құбылалы ел азаматы болу үшін кем дегенде екі (орыс және қазақ) немесе үш (орыс, қазақ және өз ана тілі) тілді меңгеруі тиіс. Егер индивид бірнеше тілдерді меңгерсе, ондай адамды билингв деп атайды, ал бұл құбылыстың өзін билингвизм дейді. Билингвизмнің қазақша баламасы – қостілділік. Қостілділік қазақтың «қос» («екі» сөзімен мәндес) және «тіл» (адамдардың өзара қарым-қатынас құралы) деген сөздерден тұрады. Кей ғалымдар билингвизм немесе қостілділікті қандай да бір үдеріс ретінде түсінеді. Мысалы, Е.М. Верещагин қостілділікті адамға екі түрлі тілдік жүйеге тән сөйлеу түрін қайта шығару, тудыруға мүмкіндік беретін психикалық механизм ретінде анықтаса, В.Ю. Розенцвейг қостілділікті екі тілді меңгеру ретінде, қарым-қатынас жағдаятына байланысты бір тілден екіншісіне ұдайы ауысу ретінде анықтайды. Ал У. Вайнрайх болса билингвизм құбылысын екі тілді кезек-кезек қолдану практикасы ретінде, ал оны жүзеге асыратындарды билингв ретінде анықтайды. Алайда біз билингвизмді «Қостілділік», ал билингвті «Қостілді» ретінде қарастыруды жөн санадық.

Қостілдінің бір тілден екінші тілге ауысуы оның коммуникативтік ниетіне, қарым-қатынас мақсатына және тілдік жағдаятқа байланысты жүзеге асырылады. А.П. Дульзонның айтуына қарағанда, қостілділік кезінде қолданылатын тілдік жүйелер элементтерінің әр түрлі тіркесуінің тілді меңгеру деңгейіне қатысы аз және ол тек тілдік жағдаятқа байланысты ғана болады.

С. Поплактың мәлімдеуінше тілдік ауысу келесі жағдайларда жүзеге асырылады: 1) тілдің ауысуы тілдік типтердің бір тілден екінші тілге ауысуының салдарынан; 2) толық сөйлемдер бір тілден екінші тілге ауысқанда; 3) бір сөйлемнің ішінде ауысулар болған кезде. [1].

П. Ауэрдың пайымдауына келсек, ауысу мынадай жағдайларда байқалады: а) сөйлеушінің сөзіне қарай; б) сөйлеу актісінің қатысушыларына қарай [2].

Тілден тілге ауысуды А.Е. Карлинский қостілдінің сөйлеу әрекетіндегі тілдердің түйісуі процесінде орын алатын психологиялық құбылыс ретінде қарастыруды дұрыс деп санайды. Және де бұл жағдайларда бір тілдің екінші тілге ықпал етуі кезінде жүзеге асатын интеркаляция және транскляция ажыратады [3]. Бірінші типті ауысу интеркаляция - қостілдінің ана тілінің екінші тілге ықпал етуінің нәтижесінде орын алады. Бұндай жағдайларда қостілді өзге тілде сөз құрастыру кезінде өз ана тіліндегі дағдыларының екінші тілге көшуін бастан өткізеді. Қостілдінің екінші тілдегі құзыреттілігі шектеулі, сондықтан ол екінші тілде жетпей жатқан тілдік бірліктерді өз ана тілінен көшіреді. Бұл жағдайда қостілдінің құзыретінің бірінші тілдегі (1Т) құзыреттіліктің екінші тілде (2Т) сөзжасам кезіндегі ықпалы туралы айту керек [3, 4]. Мысалы қазақ және орыс тілдеріндегі сөз тәртібін алуға болады. Орыс тілінде хабарлы сөйлемде баяндауыш екінші орында тұратын болса, қазақ тілінде ол сөйлемнің соңында тұруы тиіс, сондықтан орыстілді сөйлеуші қазақ тілінде ойын жеткізгісі келсе, ана тілінің ықпалына қарай сөйлемде баяндауышты екінші орынға қояды (Я приехал вечера вечером – Мен келдім кеше кешке.)

Бір тілден екінші тілге ауысу кезінде тілдік интеркаляцияның типтерін зерттеу барысында біз басшылыққа белгілі қазақ-неміс прозаигі, аудармашысы, эссеисті, сыншысы және әдебиеттанушысы Г. Бельгердің «Дом скитальца» атты шығармасын алдық. (Салыстыру орыс және неміс тілінің диалектерінің арасында жүргізіледі)

I. Номенклатуралық тип тілде лауазымды тұлғаның қызметін және оның әлеуметтік мәртебесі мен позициясын айқындайтын терминдерді қолданғанда орын алады, мысалы: Genosse Erlich, lieber Mensch, sage jemandem, damit die dringend **приемищика** schicken, ich muss die Schaffen laut акту abgeben! Ich werde von der Staffel bleiben. (Г. Бельгер. Дом скитальца, 85 б.).

II. Номинативтік интеркаляция сөз арасында зат, құбылыс атауларын қыстырумен ерекшеленеді. В. К. Гейнц егер қостілді бұрын мүлде кездестірмеген немесе жаңа жағдаятта түрлендірілген зат атулары мен аралас сөздерді кездестірген кезде аралас сөз тек мүмкін ғана емес, ол қажеттілік болып табылатынын атап өткен («плита» plit, «кружка» kruške, «банка» range) т.б. [5]. Диалект иелерінің сөздерінде тұрмыстық заттар, жан-жануарлар атауы жиі кездеседі, мысалы: «Кто же умер? Unser Tade, Hatti ist **duot**» Как?! Unser Friedrich? Gewissenhaft, goudmutig Wolodja, Musiker, Lehrer, stolz der Familie. Grens Onkel Christian ist auch in **трудоармия**, aber ich weiß nicht. (Г.Бельгер. Дом скитальца, 108 б.).

Бұл мысалда орыс тілінің номинативтік лексикасымен (Володя, трудармия, т.б.) қатар қолданылатын диалект сөздер көп кездеседі. Диалект сөздердің өздеріне тән ерекшеліктері бар, оларға : 1) hatti – „Vater“, негізді қайта құрудың швабтік әдісі, бұл жерде дауыстыға басталатын сөзге алдыңғы сөздің соңындағы дауыссыз дыбыс, көбінесе артикль жалғанады, мысалы шваб. hatti „Vater“ < min+att. 2) duot – „tot“.

III. Редунанттық. Интеркаляцияның бұл түрінің негізі өзге тілдің диалектісіне енген сөздер екі тілде де әртүрлі синонимдер ретінде қолданылады, мысалы: «Ja, ja ... ist nichts zu machen. Ich sderwə in der Fremde. Ja, ja, bruədər, nichts zu machen. Ich sderwə nicht dergleichen, на чужбине» (Г.Бельгер. Дом скитальца, 152 б.). Бұл жердегі sderwə, bruədər сөздері диалект сөздер.

IV. Редупликативтік интеркаляция. Бұл тип біртүбірлі сөздердің қайталануы және өз ана тіліндегі синоним сөздердің бірігіп бір күрделі сөз жасауы кезінде байқалады, мысалы: «Du schäst, diese böse, Zähne, Raube. Fisch! Die Kasachen nennen diese Fische schortan. Ich nenne diese Fische Hecht – шука» (Г.Бельгер. Дом скитальца, 232 б.).

V. Фразалық интеркаляция. Интеркаляцияның бұндай түрі диалектіге фразалардың синтагмаларын көшіруде жүзеге асырылады. Мысалы: интеркаляция келесі жағдайларда пайда болады: 1) неміс-қостілдінің орыс тілінде қарым-қатынасқа түсі кезінде төлеу сөзді беруінде: un-do so:xt-er: «Ты извини», un-do so:y-iç: «Нет! С человеком надо считаться»; 2) біртүлдімен диалог жүргізу кезінде: khoumd-en manskhäl қаңә ä:r seiçt «Сен неге жылап отырсың?» un-do so:y-iç «Олар мені қайыр сұрауға мәжбүрлеп жатыр, ал мен оны қаламаймын». un-do se:çt-er: «Мен саған қазір көмектесемін». – Ер адам өтіп бара жатып: «Сен неге жылап отырсың?»- деп сұрады. Мен: «Олар мені қайыр сұрауға мәжбүрлеп жатыр, ал мен оны қаламаймын»-дедім. Ол: «Мен саған қазір көмектесемін» деді, т.б.

VI. Вокативтік интеркаляция өзге тілдің қаратпа және диалект сөздерін екінші тілге қыстырумен ерекшеленеді, мысалы: Richtig fêdē Franz. Все **мы здесь** ēzl. – Ja, mein Sohn, **мой сын**. Narren sagen das, was die Klauker denken (Г. Бельгер. Дом скитальца, с.132); „ – Na, mein Kinr ... **Кренишься?** Держусь пока, но муторно как-то (Г.Бельгер. Дом скитальца, с.132

VII. Аксиологиялық. Өзге тілден қыстырмаларда тұлғаға немесе жағдаятқа баға беру болады, мысалы: «Умница, Olkje. Entgegenkommene Seele. **Молодчина!**» (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 208); Sēnə guəd, Klöügr nnd wonderbar dōxdr, meine hārdə, **мое сердечко!** Klöügr Khopf, **умная головка!** (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 210).

Осылайша, бір тілден екінші тілге ауысу номинативтік, номенклатуралық, редунанттық, редулитивтік, фразалық, вокативтік және аксиологиялық интеркаляциялар арқылы жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Poplacks: Kontrasting patterns of Codes – witching in two communities // M. Heller (ed): Codeswitching, 1988.
2. Auer P. Zweisprache Konversationen. Codeswitching und Transfer bei italienischen Migrantenkindern in Konstanz – 1983. – P.51.
3. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Ғылым, 1990. – 181с.
4. Орусбаев А. О. Языковая жизнь Киргизии (функциональная дистрибуция языков). – Фрунзе: Илим – 1990.
5. Гейнц В.К. Иноязычные заимствования в верхнегессенских говорах Омской обл. «Вопросы диалектологии и языкознания», Омск, 1969. – 52с.

FEATURES OF TRANSLATION OF MILITARY ENGLISH AND RUSSIAN TERMS

Morugova Yelena
(Kazakhstan, Almaty)

Abstract

The article gives a brief description of a number of problems of military sublanguage associated with the semantic interpretation of English military terms that denote the realities of foreign reality and do not have common terminological equivalents in the Russian language.

Key words: military terminology, terminological phrases, transcription, transliteration.

The basis of the military sub-language as a subsystem of language that supports the field of professional communication, is military language, which includes terms, abbreviations, words, precision and situational cliché [1].

Under the military term a stable unit of synthetic or analytical category assigned to the corresponding concept in conceptual and functional system of a particular sector of the military profession is understood, as well as the value correlated with the values of other terms in lexical system of the language [2]. A military term can be any lexical unit of a language if it acquires a terminological function. That is why, the English word *"plate"* means *"saucer"* in generally accepted language, *"horseshoe"* – in equine, *"scale"* – in the zoological terminology, and it is set to *"armor plate"* in the military terminology. In the military sublanguage terms function in close relationship with each other and form a terminological system.

Military terminology has a certain set of general properties that do not depend on any language, which characterize the military sublanguage as a whole [3].

The main characteristics of military terminology are such as consistency, the presence of a definition, the tendency to monosemicity within its terminological field, the lack of expression, stylistic neutrality. G. M. Strelkovsky allocates among them the unambiguous functional correlation (within a specific application), nominativeness (independence from context), the system of conditionality and stylistic neutrality [4]. The main difficulties in the translation of terms lie in the strict requirements of unambiguity and the need to establish the content of the concept.

According to its content, the English¹ military terminology is quite differentiated. It includes both one-component terms with clear semantic boundaries and multi-component terms. The ambiguity of even one-component terms complicates their adequate understanding, and makes the translation completely dependent on the context and situation.

Following the linguistic ideas of L. L. Nelyubin [5], we believe that the English military terms in terms of their interpretation can be divided into three groups:

1. Terms denoting the realities of foreign reality, identical to the realities of our reality, the interpretation of which does not present any particular difficulty. As an equivalent, either Russian or international term is used, for example: **"warship"** – «военный корабль», **"army aviation"** – «армейская авиация», **"military police"** – «военная полиция», **"field uniform"** – «полевая форма одежды».

2. Terms denoting the realities of foreign reality, which are absent in our reality, but have generally accepted Russian terminological equivalents.

For an adequate interpretation of such terms, the most appropriate method is lexical and semantic replacement, in particular modulation (semantic development), i.e. replacement of a word or phrase of a foreign language by a unit of a translated language, the meaning of which is logically derived from the value of the original unit [6]. Several examples of this type of military terms can be given: **"classified information"** – «секретные сведения», **"noncommissioned officers"** – «младший командный состав», **"designed marksman"** – «пехотный снайпер», **"effective rate of fire"** – «боевая скорострельность», **"continuous wave"** – «телеграфный режим работы», **"equilibrator"** – «уравновешивающий механизм орудия».

3. Terms that denote the realities of foreign reality and do not have common terminological equivalents in the Russian language, for example: **"ensign"** – «энсин (младший офицер флота)», **"stealth"** – «низкий уровень обнаружения», **"fire-and-forget missile"** – «самонаводящаяся ракета».

The terms of this group are the most interesting and the most difficult to interpret. Usually such terms are translated into Russian in the following ways:

- by transcribing or literal calculation: **"captain"** – «кэптен», **"warrant officer"** – «уорент-офицер», **"commodore"** – «коммодор», **"drone"** – «дрон»;
- by partial or full transliteration: **"chief master sergeant"** – «главный мастер-сержант», **"second lieutenant"** – «второй лейтенант», **"nuclear no-first-use policy"** – «политика неприменения первыми ядерного оружия», **"photo interpreter"** – «дешифровщик аэрофотоснимков»;
- by the description of the meaning of the English term: **"payload"** – «боевое снаряжение (ракеты)», **"attack problem"** – «тактическая задача по ведению наступательного боя», **"to scramble fighters"** – «поднимать истребители-перехватчики по тревоге», **"foxhole"** – «заблаговременно оборудованный стрелковый окоп», **"arresting"** – «торможение самолета при посадке на палубу авианосца с помощью аэрофинишера».

Such realities and concepts become especially important when it is impossible to determine their terminological correspondences in different languages.

Summarizing the above, we can state that the military sublanguage, being an integral part of the general literary language, develops and functions according to its laws. In some cases, it is very difficult and almost impossible to determine the terminology matches in two languages. The non-equivalent nature of the terms is due to the linguistic and cultural differences of languages, and the correct interpretation of such terms requires a thorough etymological analysis of their components.

LIST OF REFERENCES:

1. Миньяр-Белоручев Р. К. Учебник военного перевода: французский язык: спец. курс / Р. К. Миньяр-Белоручев, В. П. Остапенко, А. Ф. Ширяев ; под ред. Р. К. Миньяр-Белоручева. – М.: Воениздат, 1984. – 444 с.
2. Шевченко М. А. Роль профессионального подязыка в обучении военному переводу / М. А. Шевченко, А. А. Игнатов, С. К. Гураль // Язык и культура. – 2015. – № 4 (32). – С. 164–172.

3. Кислякова А. А. Военный подъязык в системе литературного языка / А. А. Кислякова // Вестник Московского государственного лингвистического университета. – 2009. – № 566. – С. 128–139.
4. Стрелковский Г. М. Теория и практика военного перевода: немецкий язык / Г. М. Стрелковский. – М.: Воениздат, 1979. – 272 с.
5. Нелюбин Л. Л. Учебник военного перевода: английский язык: общий курс / Л. Л. Нелюбин, А. А. Дормидонтов, А. А. Васильченко; под ред. Л. Л. Нелюбина. – М.: Воениздат, 1981. – 380 с.
6. Brasse's multilingual military dictionary. – Lnd: Brasse's defence publ., 1987 – 815p.
7. Англо-русский военный словарь: в 2-х томах. – М., Воениздат, 1987.

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ЭКОНОМИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ

Ардак Бақытқызы Нұрдаулетова
(*Казахстан, Алматы*)

Resume

In this article, the research was conducted on the lexical and semantic features of the translation of economic texts. The goal in translating economic texts is to convey the most correct translation taking into account the differences existing in the economic realities of the countries. As practice shows, the greatest difficulty in translating are phrasal terms which denote a single concept or phenomenon. The most accurate translation of economic texts can only be achieved if the translator selects equivalent terms.

Резюме

Бұл мақалада зерттеу жұмысы экономикалық мәтіндерді аударудың лексико-семантикалық ерекшеліктерін қарастырды. Экономикалық мәтіндерді аударудың мақсаты мемлекеттің экономикалық қарым-қатынасын есепке ала отырып, мейлінше аударма мәтінінің дұрыс аудармасын ұсыну. Практика нәтижелері көрсеткендей, аударма мәселесі тіркесті терминдерді аударған кезде олардың бір мағынаны немесе құбылысты анықтауы. Экономикалық мәтіндердің дәйекті аудармасының берілуі аудармашының балама терминдерді дұрыс тауып қолдануына байланысты.

Глобализация мировой экономики — это факт, с которым невозможно спорить. Абсолютное большинство стран мира интегрировано в мировую экономику, и события на рынках немедленно отражаются на состоянии экономики в стране. Среди многочисленных проблем, которые изучает современное языкознание, важное место занимает изучение лингвистических аспектов межкультурной речевой деятельности, называемой переводом или переводческой деятельностью.

Хотя английский язык претендует на роль универсального языка международного общения и основного языка глобальной экономики, на практике перевод с английского остается весьма востребованной услугой в большинстве неанглоязычных стран мира.

Цель данной статьи является выделение лексико-стилистических особенностей экономических текстов как средство коммуникации в сфере экономики. Изучение влияния данных особенностей на практику перевода текстов экономической тематики показывает актуальность нашего исследования.

